

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Кәсіпқор» Холдингі» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

**БАТАНАСОВА Б.Е., НАВИЙ. Л
САБИТОВА Т.Б., УТЕЛЬБЕКОВА Ш.С.**

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТІ ЖОБАЛАУ

*0105000 «Бастауыш білім беру» мамандығы бойынша
техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесіне
арналған өзектендірілген үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары
бойынша оқу құралы ретінде әзірленді*

Астана, 2018 ж.

ӘОЖ 37.0
КБЖ 74.00
П 23

Педагогикалық іс-әрекетті жобалау: Оқу құралы / Б.Е.Батанасова, Л.Навий, Т.Б. Сабитова, Ш.С.Утельбекова. – Астана: «Кәсіпқор» Холдингі» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 2018 ж.

ISBN 978-601-333-503-2

Оқу құралы 0100000 «Білім» бейінінің 0105000 «Бастауыш білім беру» мамандығы бойынша өзектендірілген үлгілік оқу жоспарының «Білім беру процесін әдістемелік қамтамасыздандыру» 08 КМ сәйкес әзірленді. Оқу құралын әзірлеу барысында 08 КМ құрастыратын бағдарламалары зерттеліп, талдау жасалды.

Оқу құралында педагогикалық іс-әрекетті жобалаудың теориясы тұжырымдалып, жаңартылған білім мазмұнының элементтері көрсетілген. Бұл оқу құралы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының студенттеріне арналған.

ӘОЖ 37.0
КБЖ 74.00

Рецензенттер:

Мурзина С.А. – Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің педагогика, психология және әлеуметтік жұмыс кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты;

Мұқышева Р.Н. – Көкшетау қаласындағы, С.Жүнісов атындағы № 18 мектеп-лицейінің бастауыш сыныптарының жоғары санатты мұғалімі;

Төлеген Ө.Ш. – Ж.Мусин атындағы Көкшетау жоғары қазақ педагогикалық колледжінің педагогика пәнінің оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі.

«Кәсіпқор» Холдингі коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ғылыми-әдістемелік кеңесімен мақұлданған 26.09.2018 ж. № 2 хаттама.

©«Холдинг «Кәсіпқор» КЕАҚ, 2018 ж.

Мазмұны

| | |
|--|-----------|
| АЛҒЫ СӨЗ..... | 4 |
| I модуль. Бастауыш мектепте білім беру контексі және жаңа формация педагогі..... | 7 |
| 1.1. Бастауыш мектептегі қазіргі әлеуметтік-мәдени білім беру парадигмасы..... | 7 |
| 1.2. Бастауыш сынып оқушысының тұлғасын қалыптастыру мәселесі..... | 16 |
| 1.3. Педагогикалық кәсіп және жаңа формация педагогі | 31 |
| 1.4. Бастауыш мектеп мұғалімінің кәсіби құзыреттілігі..... | 37 |
| 1.5. Педагогикалық қарым-қатынас – педагогикалық процесс субъектілерінің өзара әрекеттесуінің негізі ретінде | 42 |
| II модуль. Жаңартылған білім бағдарламаларын жүзеге асырудағы мұғалімнің жобалау іс-әрекеті | 55 |
| 1.1. Бастауыш мектептегі жаңартылған білім мазмұнының ерекшеліктері..... | 55 |
| 1.2. Бастауыш мектепте жобалау-зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыру | 76 |
| 1.3. Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының тиімділігі мен нәтижесін диагностикалау | 79 |
| 1.4. Бастауыш мектепте инклюзивті білім беруді енгізудің маңыздылығы | 82 |
| 2. Студенттерге ұсынылатын әдістемелік нұсқаулар..... | 98 |
| 3. Қорытынды | 109 |
| 4. Глоссарий | 110 |
| 5. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі..... | 116 |

АЛҒЫ СӨЗ

«Педагогикалық іс-әрекетті жобалау» атты оқу құралы 0100000 «Білім» бейінінің 0105000 «Бастауыш білім беру» мамандығының 010508 3 «Ағылшынша білімі бар бастауыш білім беру мұғалімі» біліктілігіне сәйкес модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізінде «Білім беру процесін әдістемелік қамтамасыздандыруды жүзеге асыру» кәсіптік құзыреттілігінің «Білім беру процесін әдістемелік қамтамасыздандыру» кәсіптік модуліне негізделі отырып әзірленді. Бұл оқу құралы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесіне арналған.

Оқу құралының мақсаты – жеке тұлғаның педагогикалық іс-әрекетін жобалау қызметін және іскерлігін дамыту.

Міндеттері:

1. Оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыра алу іскерліктерін қалыптастыру

2. Жеке тұлғаның кәсіби педагогикалық бағыттағы теориялық және тәжірибелік ойлауын дамыту

Оқу құралы білім алушының таңдау модулі бөліміне енгізілген. Берілген бақылау сұрақтары мен жоба тақырыптары теориялық білімді тәжірибеде қолдана білу дағдысын жетілдіреді.

Педагогикалық іс-әрекетті жобалау модулін оқып-үйрену барысында білім алушылармен қарым-қатынас орнату, аудиторияны басқара алу іскерліктерін меңгереді, өздерінің болашақ мамандықтарының әлеуметтік мәнін және мазмұнын терең түсінуге мүмкіндік алады.

Педагогикалық іс-әрекетті жобалау негізінен екі модульден тұрады:

I модуль Бастауыш мектепте білім беру контексті және жаңа формация педагогі;

II модуль Жаңартылған білім бағдарламаларын жүзеге асырудағы мұғалімнің жобалау іс-әрекеті.

I модульде білім беру ұғымына жан-жақты сипаттама беріліп, бастауыш мектептің жаңа формация мұғалімінің қызметі сипатталады.

II модульде жаңартылған білім бағдарламалары бойынша бастауыш мектептегі оқу-тәрбие үдерісін жаңа бағытта ұйымдастыру қажеттілігі тұжырымдалады.

Оқу құралы 0105000 «Бастауыш білім беру» мамандығы бойынша өзектендірілген 010508 3 «Ағылшынша білімі бар бастауыш білім беру мұғалімі» біліктілігі бойынша модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізінде «Білім беру процесін әдістемелік қамтамасыздандыру» 08 кәсіптік модулінің «1) Педагогикалық іс-әрекеттерін жобалау, жоспарлау жолдарын меңгеру. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың әдістерін, формаларын қолдану» оқыту нәтижесіне бағытталған.

Періште тілегі

Періште өзінің сәбиіне қарап отырып «менің періштеме де мектепке баратын уақыт болып қалыпты» деп ойға қалады. Ойға қалады да баласын қолынан ұстап ұшып барып «мектеп» деген жазуы бар үлкен ғимараттың ашық тұрған терезесіне кіріп келеді. Мектептің іші кең, бөлмелері көп екен. Енді балама мұғалім таңдауым керек деп ойлайды, менің балама жүректі мұғалім керек, және ол періштедей шыдамды болуы қажет, өйткені менің балам періште болғанымен әлі еркелігі басым. Сөйтіп ол баласын жетектеп бір сыныптың есігін ашып қарап еді шошып кетті. Мұғалім бір балаға «қандай адамсың, сенің ақылың жоқ, шық сыныптан көзіме көрінбей...» деп айқайлап жатыр екен. «Қандай қатал...Жүректен емес» деді баласына. Келесі сынып бөлмесінде мұғалім оқушылардың алдында маникюр салонында отырғандай бір аяғын екінші аяғының үстіне қойып, өзінің тырнағына қарап отыр екен. Әдемі тырнағына жүректің суретін салып қойыпты. Бір қызығы сенімсіздікпен бақылау жұмысын жазып жатқан балаларға қарап, ұрысып қояды, сенбейді. «жүректен емес» деді ол.

Келесі сыныпта оқушы мұғалімнің айтқан сөздерін тақтаға жазып жатыр екен. Кішкентай қолымен: «Ең маңыздысын көзбен көре алмайсың, жүрекпен сезу керек» деген сөйлемдегі жүрек деген сөзді «жүйек» деп қате жазып қояды. Мұғалім атылған жанартаудай ашуланып «Саған қанша рет айтуға болады, күнделігіңді бер, екі» дейді. «Сабырсыз...Жүректен емес» деді.

Періште келесі сыныпқа кірсе, мұғалім математика сабағын жүргізіп жатыр екен. Ол оқушыларға: «Балалар, егер біздің жүрегіміз минутына 56 рет қағатын болса, тәулігіне неше рет қағатынын санап беріндер» дейді. Бір оқушы санамай орнында отырып: 80650 рет.. ал аптасына – 564480 рет, ал айына, жылына дей бергенде балалар таң қалады. Ал мұғалім болса, оқушының ойын бөліп жіберіп: «Сен өз орнында отырып алып, менің рұқсатымсыз неге айқайлайсың» дейді ақырып. «Өктем...Жүректен емес» деді періште.

Келесі сынып бал арасындай гуілдеп жатыр екен. Мұғалім оқушылармен бірге күлімдеп сабақ жүргізуде. Ұстаздың мерейі мен дауысы сыбызғының үніндей бір арнаға құйылып, балалардың жүрегіне жол тартып жатты. «Міне, табиғатынан мұғалім, періштедей шыдамды екен» деді де, өзінің баласына «Осы мұғалімнен білім алатын боласың, оның әрбір сөзін тыңда, ұқ» дейді.

Періште мектептен ұшып бара жатып ойға батады: «Барлығы жүректі түсінеді, бірақ жүрекпен өмір сүргісі келмейді, осы жерден барлық жүрексіздерді қуып жіберу керек, өйткені олар өсіп келе жатқан балалардың нәзік жүректеріне жара салады» деп ойлайды. Бірақ періште оны қалай істеу керек екенін білмей қапаланады...

Болашақ ұстаз!

Жүректілік, ізгілік те тамыры терең ұлттық тәрбие негізінен бастау алады. Тәрбие арқауы – атадан балаға берілген ұлттық тарихи сана, жеке-дара ерекшелік, ұжымдық нышан. Ал осы аталғандардың барлығы ересек пен баланың ішкі жан дүниесі, көзге көрінбейтін, өзге жанға беймәлім ішкі болмыс-бейнесі. Ересек адамның өзіне ғана тән жеке тұлғалық бітімі болса, мектеп табалдырығын алғаш аттағалы отырған «періште» баланың ішкі жан дүниесі өзгеше бір «әлем». Осы екі түрлі «әлемнің» арасындағы үйлесімділікті сақтауда ұстаздың алар орны ерекше. Сондықтан да таңдаған жауапкершілігі мазмұнды, мерейлі мұғалімдік мамандықтың «жүректі шебері» атануға тілектеспіз.

I модуль. Бастауыш мектепте білім беру контексті және жаңа формация педагогі

1.1. Бастауыш мектептегі қазіргі әлеуметтік-мәдени білім беру парадигмасы

Жоспар:

1. Бастауыш білім берудің жалпы сипаттамасы. Білім беру – құндылық, процес, нәтиже, жүйе ретінде.
2. ҚР білім беру жүйесінің құрылымы
3. Қазіргі кездегі бастауышта білім беруді дамытудың негізгі тенденциялары.

Мақсаты: болашақ бастауыш сынып мұғалімдеріне білім берудің түпкі мақсатын түсіндіру, оның философиялық мәнін, әлеуметтік-гуманитарлық сипатын, көпәспектiлiгiн ашып көрсету.

Негізгі ұғымдар: білім беру жүйесі, бастауыш білім, білім беру жүйесінің құрылымы, жалпы орта білім беру, функционалдық сауаттылық, білім берудің негізгі тенденциялары.

Ғасырлар тоғысында білім беру ұғымына деген көзқарас әлемдік деңгейде өзгере бастады, себебі ол дамыған мемлекеттердің өркендеуінің негізгі қозғаушы күшіне айналып отыр. Сондықтан күні бүгінге дейін педагогикалық категория ретінде саналған «білім беру» ұғымы кең мағынада маңызды әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырылуда.

Білім беру – жеке тұлға мен қоғам мүддесі бойынша жүзеге асырылатын педагогикалық ұйымдасқан әлеуметтену процесі» (Б.М.Бим-Бад, А.В.Петровский).



«Білім беру – қоғамда арнайы ұйымдастырылған адамның дамуына қажетті жағдай жасау жүйесі» (В.С.Безрукова).

«Білім беру – білімнің, іскерліктің, дағдының, ойлау тәсілдерінің оқыту процесіндегі жетістігі жүйесі» (И.П.Подласый).

«Білім беру – адамзаттың әлеуметтік маңызды тәжірибесін меңгерумен байланысты білім, іскерлік, шығармашылық әрекеттерде жүзеге асырылатын жеке тұлғаның дамуы мен өзін-өзі дамыту процесі» (Үлкен энциклопедиялық сөздік).

Бастауыш білім – білім беру жүйесінің алғашқы сатысында меңгертілетін дағдылар мен ұғымдардың жиынтық атауы. Бастауыш білім

беру сатысында оқушы әріп танып, жаза білуге, дұрыс, жатық оқуға, өз ойын ауызша, жазбаша жеткізе білуге, мазмұндауға үйренеді.

Сурет №1 Бастауыш білім берудің негізгі міндеттері:

адам, табиғат пен қоғам туралы пропедевтикалық білім қалыптастыру;

рухани-адамгершілік құндылықтарды дамыту;

оқытудың функционалдық дағдыларын қалыптастыру: санау, оқу, жазу, өз ойын логикалық жағынан білдіру, себеп-салдар байланыстарын анықтау;

дербес және ұжымдық жұмысты нәтижелі ұйымдастырудың негізі ретінде ақпаратты іздеу, талдау және түсіндіру дағдыларын жас мүмкіншіліктеріне қарай дамыту.

Бастауыш білім берудің білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары (әрі қарай – білім беру ұйымдары) меншік түріне және ведомстволық бағыныштылығына, сонымен қатар оқыту тіліне қарамастан білім беру іс-әрекетін:

1) осы бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;

2) оқу бағдарламалары мен үлгілік (типтік) оқу жоспарларына;

3) Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы өкілетті органы белгіленген тәртіп бойынша бекіткен басқа да нормативтік және құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады.

Стандарт бастауыш білім берудегі тұлға, қоғам мен мемлекеттің келісілген мүдделерін көрсетеді.

Стандартты қолдану:

1. күтілетін оқыту нәтижелері түрінде ұсынылған бастауыш білім берудің мақсаттар жүйесін айқындау есебінен оқыту сапасын жоғарылатуға;

2. білім беру үрдісін қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ұйымдастыру үшін қажетті жағдайды жасау арқылы үштілді білім беру саясатын жүзеге асыруға;

3. ғылыми зерттеу әдістерін оқушылардың меңгеруін меңзейтін бастауыш білім берудің академиялық және практикалық бағыттылығын үйлестіруге;

4. оқушылардың жас мүмкіншіліктерін есепке ала отырып, оқу пәндері мазмұнының тереңдігі мен күрделілігін қамтамасыз ететін пәндік білім мен дағдыларды сатылап арттыруға;

5. орта білім берудің құндылықтары мен мақсатына, білім салалары бойынша күтілетін оқу нәтижелері жүйесіне сүйеніп күнделікті білім беру процесінің мазмұндық негізін айқындаушы оқыту мен тәрбие бірлігі принципін жүзеге асыруға;

6. орта білім берудің құндылықтары мен мақсаттарына және күнделікті білім беру процесінің мазмұндық негізін айқындайтын білім беру салалары бойынша күтілетін оқыту нәтижелерінің жүйесіне негізделген оқыту мен тәрбие бірлігі принципін жүзеге асыруға;

7. балалар денсаулығын сақтауды қамтамасыз ету және тұлғаны толықтай дамыту, балалардың айрықша білім алу қажеттіліктерін қанағаттандыру, сонымен қатар оқушылардың қосымша білім алу қажеттілігін қанағаттандыру үшін қолайлы жағдай туғызуға;

8. орта білім беру ұйымдарының типі мен түрінің әртүрлілігі жағдайында бастауыш білім берудің баламалылығын қамтамасыз етуге;

9. білім беру ұйымдарында инновациялық тәжірибені қолдауға және дамытуға;

10. білім беру ұйымдарының іс-әрекетін білім беру сапасына қарай объективті бағалауды ұйымдастыруға бағытталған.

Стандарт:

1. типі мен түрінің әртүрлі жалпы білім беру ұйымдарына, оның ішінде ақыл-ес кемістігі бар балаларға арналған арнайы мектептерден өзге арнайы білім беру ұйымдарына арналған үлгілік (типтік) оқу жоспарын;

2. бастауыш білім берудің оқу пәндері бойынша оқу бағдарламаларын;

3. оқу пәндері бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін;

4. оқу пәндері бойынша оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауға арналған критерийлерін;

5. білім беру ұйымдарында күтілетін оқыту нәтижелеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететін басқару жүйелерін;

6. білім беру мекемелерінің білім беру үрдісіне мониторинг жасау жүйесін;

7. білім беру мекемелерінің білім беру үрдісін материалдық-техникалық, ақпараттық қамсыздандыруға қойылатын ортақ талаптарын;


8. білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін білім беру ұйымдарының іс-әрекетін бағалау параметрлерін әзірлеуге негіз болып табылады.

Білім беру мәселесімен тек педагогика ғылымы айналыспайды. Білім беруді



философия, әлеуметтану, психология, экономика, мәдениеттану тағы басқа әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар өз тұрғысынан қарастырып зерттейді. Сондықтан бұл ұғымның ауқымы кеңею үстінде.

Ата-бабаларымыздан асыл мұра болып қалған әлеуметтік тәжірибені, көп



жылдық мәдениетті сақтап, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізе отырып меңгерту білім беру ұғымымен тығыз байланысты.

Педагогикалық әдебиеттерде «білім беру» ұғымы XVIII-XIX ғасырларда қалыптасып (Д.Локк, И.Г.Песталоцци), бүгінде педагогиканың жетекші категорияларының бірі болып табылады.

Заман талабына сай білім беру процесі үздіксіз сипатқа ие болып келеді. Әрине, білім беру үздіксіз болуы тиіс, себебі қазіргі таңда ақпараттық технологиялардың жедел дамуына байланысты алған білімдер тез ескіруде, сондықтан адамзат баласы алған білімін үнемі толықтырып, жаңартып отыруы қажет. Білім беру ұғымының мазмұны да өзгерістерге ұшырап, жан-жақты кеңейе түсті. Педагогика ғылымында оның бірнеше анықтамалары бар.

- Кең мағынадағы *білім беру* – жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға және өмірлік жолын кұзырлы таңдауға мүмкіншіліктерін кеңейтуге бағытталған процесс (А.Г. Асмолов).

- *Білім беру* дегеніміз – жеке тұлғаның әлеуметтік жетілуі мен жеке өсуі қамтылатын оның қабілеттіліктері мен мінез-құлқын жетілдіру процесі және нәтижесі (ЮНЕСКО, 1997)

- Педагогикалық энциклопедияда *білім беру* ұғымы – жеке тұлға мен қоғам мүддесі үшін жүргізілетін педагогикалық тұрғыдан ұйымдастырылған әлеуметтендіру процесі (1999 ж.) ретінде анықталған.

- *Білім беру* – адам, қоғам, мемлекет мүддесіне, мақсатына бағытталған тәрбие және оқыту процесі (Сластенин В.А.).



Осындай және тағы басқа білім беру ұғымына берілген анықтамалардың көптігі оның кең мағыналылығының, көпқырлылығының, маңыздылығының айқын дәлелі.



Қазіргі білім берудің негізгі мақсаты – тек білім, білік дағдыларды қалыптастыру емес, сонымен қатар жеке тұлғаның әлеуметтік құнды іс-әрекетке қатысуы үшін оның өзіне және қоғамға қажетті қабілеттерін дамыту. Осы тұрғыдан ойды өрбітетін болсақ, білім беруде тек білімді меңгерту, білік пен дағдыларды қалыптастыру жеткіліксіз. Керісінше білім, білік, дағдылар арқылы жеке тұлғаның үйлесімді түрде эмоционалды, ақыл-ой, адамгершілік,

рухани-құндылық, еріктік, дене жағынан толыққанды дамуы маңызды. Білім беру барысында адам мәдени құндылықтарды, ғылыми білімдерді меңгереді. Соның нәтижесінде экономиканың, саясаттың, ғылымның, мәдениеттің, өнердің дамуына зор үлесін қоса алады.

Білім беру саласының әрбір даму кезеңдеріне тән заманауи үлгі, модель ретінде қабылданатын өзіндік теориялық, әдіснамалық ерекшеліктері болады. Бұл жалпы педагогикалық қауымдастықтың қабылдаған даму бағыттарының жиынтығы ғылыми тілде *парадигма* деп аталады. Парадигма ұғымын ең бірінші болып енгізген адам, ғылыми пәндердің дамуының түрлі кезеңдерін зерттеген американдық тарихшы Т.Кун болған. Оның пайымдауынша, әр ғылымның дамуында мынадай кезеңдер байқалады:

- парадигманың орнығуына дейінгі кезең;
- парадигманың қалыптасуы, орнығуы;
- ғылым сапасындағы дағдарыс, парадигмалардың ауысуы.

Білім беру философиясы көптеген сұрақтарға жауаптар іздестіреді. Қазіргі қоғамдағы жеке тұлғаның алатын орны қандай? Адамзаттың маңызды мәселерін шешудегі білім берудің әлеуметтік рөлінің мәні неде? Қазіргі кездегі білім беру саласы, оның даму бағыттары қандай? Ол болашақта қандай болуы керек? Білім берудің қазіргі жағдайы қанағаттанарлық па?

Ал философия ертеден дамыған ғылымдардың бірі екені белгілі. Философия – грек тілінен аударғанда («фило» - «жақсы көру», «софия» - «ақылдылық») – адамзат қоғамы мен ойлау табиғаты дамуының ең негізгі заңдылықтары туралы ғылым ретінде қарастырылады. Философия ғылымының заңдары көптеген құбылыстарды зерттеуде, танып білуде, түсіндіруде қолданылады. Осыған байланысты білім беру саласындағы көптеген мәселелерді философиялық тұрғыдан түсіндіру көзқарастары қалыптасқан.

Білім беру философиясын жан-жақты зерттеген ғалымдар В.В.Краевский, Б.Л.Вульфсон, В.В.Кумарин, Б.С. Гершунский т.б.

Бұл ғалымдардың зерттеуінше білім беру философиясы үш тұрғыдан қарастырылады:

1) *Білім беру философиясы* – қолданбалы философия ретінде қарастырылады. Бұл тұрғыдан білім беру саласының даму заңдылықтарын негіздеу үшін жалпы философиялық қағидаларды қолдану жеткілікті деп есептелінеді.


2) *Білім беру философиясының* мазмұны педагогика ғылымының теориялық-әдіснамалық мәселелерімен сәйкестендіріледі.

3) *Білім беру философиясы* дербес ғылыми білімдер саласы, оның негізін тек білім беруге қатысты жалпы философиялық ілімдер ғана емес, білім берудің барлық аспектілерінің қызметтерін қамтитын жеке шынайы даму заңдылықтары құрайды.

Қазіргі қоғам дамуындағы саяси, әлеуметтік, мәдени өзгерістер білім беру саласына тікелей әсерін тигізіп, оның маңыздылығын арттыра түсті. Білім беру ұғымының күрделілігі, көпжақтылығы оны жан-жақты қарастыруды қажет етеді. Білім беру философиясының белгілі теоретигі Б.С.

Гершунский *білім беру* ұғымын 4 аспектіде қарастыруға болатынын атап көрсетеді:

Сурет №2 Білім беру ұғымының мазмұны



Білім берудің құндылықтық сипаты үш тұрғыдан қарастырылады.

- 1) Білім беру – мемлекеттік құндылық;
- 2) Білім беру – қоғамдық құндылық;
- 3) Білім беру – жеке тұлғалық құндылық.

Дәстүрлі түсінігіміз бойынша білім беру дегеніміз – деңгейлерімен, кәсіптік бағыттарымен ерекшеленетін білім беру мекемелерінің (мемлекеттік және мемлекеттік емес) жүйесі.

Бірақ білім беру мекемелерінің алуан түрлілігі оны әлі жүйе деп тануға негіз бола алмайды. Себебі жүйе дегеніміз кез келген объектілердің жиынтығы емес, олардың элементтерінің өзара сәйкестендіріліп байланысқан жиынтығы. Қандай белгілер білім беруді жүйе ретінде сипаттайды? Ең алдымен деңгейлеріне, профильдеріне қарамастан, жүйені және оған кіретін құрамды бөліктерді сипаттайтын жалпы, инвариантты сапалардың болуы қажет. Мұндай сапаларға икемділік, тұрақтылық, болжамдылық, тұтастылық, сабақтастық, вариативтілік, динамикалық сапалар жатады. Білім беру жүйесі икемді және динамикалық түрде әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге бейімделе алуы керек және өзіндік психологиялық-педагогикалық негізін берік ұстануы маңызды. Жоғарыда аталған сапалардың өзі білім беру жүйесінің күрделілігін көрсетеді.

Жаңа қабылданған ҚР-ның «Білім туралы» Заңы мынадай міндеттерді шешуге:

Сурет №3 «Білім туралы» Заңының міндеттері

- 1) әлемдік білім беру кеңістігіне кіріруге (интеграцияға);
- 2) сапалы білім берудің қол жетімділік кепілдігін көтеруге;
- 3) басқару және қаржыландыру жүйесін жетілдіруге мүмкіндік береді.

ҚР-ның «Білім туралы» Заңына сәйкес Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне кіру міндеті: - білім берудің құрылымы мен мазмұнын жаңарту; - оқыту технологиясын жетілдіру; - білім беру сапасының ұлттық бағалау жүйесін дамыту жолдары арқылы шешіледі. Заңның жана редакциясының тағы бір үлкен ерекшелігі – білім беру құрылымының халықаралық білім сыныптамасы стандарттарына сәйкестендірілуі. Яғни, нақтырақ айтқанда, сөз болып отырған заңда Білім беру құрылымы ЮНЕСКО ұсынған 1997 жылғы Халықаралық білім сыныптамасы стандарттарының (ХБСС–1997) білім беру бағдарламалары сыныптамасының өлшемдеріне сәйкестендірілді.

Білім берудің парадигмасы «өмір бойына алған білімнен» қажеттілік пен мүмкіндікті сезінуге «бүкіл өмір бойы білім алуға» дейін өзгеріп отыр. Осы парадигмаға сәйкес білім берудің жана технологиялары мен әдістемелері, білімді өзгелерге жеткізу мен білім алушылардың уәжін дамытудың жаңа тәсілдері енгізіледі.


Сурет №4 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында білім беру жүйесі ретінде өзара бірлесе іс-әрекет ететін:

1) білім берудің деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ететін мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар мен оқу бағдарламаларының жиынтығы;

2) білім беру бағдарламаларын типтеріне, түрлеріне, меншіктік формаларына қарамастан іске асыратын білім беру ұйымдарының жиынтығы;

3) білім беру сапасының мониторингін жүргізетін ғылыми ұйымдар мен оқу-әдістемелік қамтамасыздандыратын білім беруді басқару органдарының және оған сәйкес инфраструктурасының жиынтығы қарастырылады.

Сурет №5 Білім беру мекемелері төмендегідей деңгейлер бойынша сарапталады:



Білім беру – процесс және іс-әрекет ретінде. Білім берудің мәні – мақсаттан нәтижеге қарай жылжу процесі. Процесс деген сөздің өзі латын тілінен аударғанда (*processus* – қозғалу, жылжу) – бір нәрсенің дамуындағы құбылыстардың, жағдайлардың біртіндеп ауысуы; қандай болмасын нәтижеге қол жеткізудегі іс-қимылдар жиынтығы деген мағынаны білдіреді.

Білім беру – педагог пен оқушы, студент арасындағы қарым-қатынас процесі. Бұл процесс барысында оқушы немесе студент оқу, тәбие, даму процестеріне жан-жақты белсенді қатысып педагогикалық қарым-қатынастың субъектісіне айналады. Білім беру барысында педагог пен оқушы арасында ғана емес, оқушылардың, студенттердің өзара біріккен әрекеттері де нығая түседі. Аталып отырған педагогикалық процесс көптеген білім беру құралдары (оқу, әдістемелік мәтіндер, көрнекілік құралдар, компьютерлер, аудио-видео құралдар, қашықтықтан оқыту аппараттары т.б.) арқылы арнайы ұйымдастырылған (жеке, топтық, ұжымдық) түрде жүргізіледі.

Білім беру процесі үнемі мақсатқа бағытталған және күтілетін нәтижелерге байланысты. Осы тұрғыдан білім беру процесін технологияландырылған процесс деп те сипаттауға болады, себебі педагогикалық технологияларда өзара сабақтасқан шағын және жалпы мақсаттарға жетудің нақты кезеңдері, сатылары анықталады.

Білім беру процесі – мұғалімнен, оқытушыдан балаға, студентке ақпаратты жеткізу арнасы. Сондықтан қазіргі кезде білім беру саласында ақпараттық технологиялар кең таралуда.

Білім берудің сапалық жағынан қарайтын болсақ ол тек құндылық, тек жүйе, тек процесс емес. Білім беруді нәтиже ретінде де қарастыруға болады. Оқу-танымдық процесс барысында әр адам білімнің бір сапалық деңгейіне жетеді, ол оның нақты бір көлемдегі білімді игеруінің нәтижесі. Бастауыш білім алу барысында адам сауаттылыққа ие болады.

Сауатты адам – өзінің білімдік әлеуетін ары қарай дамытуға, байытуға дайын адам. Сауатты болу адамды білім беру саласында көп бастапқы мүмкіншіліктермен қамтамасыз етеді. Сауаттылықтың негізгі педагогикалық сипаты – оған барлық адамдардың қол жеткізе алуларында. Бірақ қазіргі заманда тек сауатты адам ғана болып қалу жеткіліксіз.

*Сауаттылық және білімділік ұқсас ұғымдар болғанымен екеуі тең мағыналы ұғымдар емес. Бұл екі сапа адамның алған білім, білік, дағдыларының көлемі, кендігі, тереңдігі жағынан, шығармашылық іс-әрекет тәсілдерімен ажыратылады. Адамдардың белгілі білім беру мекемелерінде алған, меңгерген білімдерінің деңгейіне қарай *бастауыш білімі бар адам, орта білімді адам, жоғары білімді адам* деп атайтынын көп естиміз. *Білімділік* – қоғам үшін және тұлға үшін қажетті максимумға дейін жеткізілген сауаттылық. *Білімділік* ұғымы қоғам мен адам өмірінің түрлі сұрақтары бойынша дүниетанымның кендігі. Ол тұлғаның білім алу саласындағы жетістіктерімен сипатталады.*

Қазіргі заманғы білім берудің негізгі тенденциялары (А.А.Вербицкий бойынша):



Бірінші тенденция – білім берудің әрбір кезеңін үздіксіз халықтық білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде ұғыну (мектеп пен жоғары оқу орны; колледж бен студенттердің болашақ өндірістік қызметі);

Екінші тенденция – «оқытуды индустрияландыру», яғни қазіргі заманғы қоғамның интеллектуалдық әрекетін іс жүзінде күшейтуге мүмкіндік беретін оқытуды компьютерлендіру және оны технологияландыру.

Үшінші тенденция – дәстүрлі мектептік формалардан проблемалық элементтер, ғылыми ізденістер, оқушылардың өз бетімен жұмыс істеу қорын кеңінен қолданулары қамтылған оқытудың белсенді әдістері мен формаларына көшу.

Төртінші тенденция – оқу-тәрбие процесін қатаң тәртіппен ұйымдастыру мен алгоритмделген әдістерден осы процесті дамытушы, белсендіруші, жылдамдатушы, ойын және т.б. әдістеріне ауысудың психологиялық-дидактикалық шарттарын қарастыру.

Бесінші және алтыншы тенденция – оқушы мен ұстаздың өзара әрекеттесуін ұйымдастыруға қатысты және оқытуды ұжымды, оқушылардың бірлескен әрекеті ретінде ұйымдастыру қажеттілігін атап өтеді, бұл жерде басты назар «ұстаздың оқыту әрекетінен оқушының танымдық әрекетіне ауысады».

Өзін өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Қазіргі кездегі білім берудің мәні қандай?
2. Білім беру философиясы жайлы түсінік беріңіз?
3. Білім беру парадигмасы дегеніміз не?
4. Білім беру құндылық екендігін қалай негіздеуге болады?
5. ҚР білім беру жүйесі бойынша сипаттама беріңіз?
6. Білім беру нәтижелілігінен процесс, іс-әрекет ретінде қарастырылады?
7. Білім берудің нәтижелілігін қалай түсінесіз?

1.2. Бастауыш сынып оқушысының тұлғасын қалыптастыру мәселесі

Жоспар:

1. Бастауыш мектеп оқушысының психологиялық-педагогикалық сипаттамасы

2. Жеке тұлғаның дүниетанымы мен көпмәдениеттілігі

Мақсаты: студентердің қазіргі білім беру кеңістігіндегі жеке тұлға мәселесі және жалпыадамзаттық құндылықтар мен көпмәдениеттілік туралы көзқарастарын қалыптастыру.

Негізгі ұғымдар: жеке тұлға, индивид, даралық, дүниетаным, толеранттылық.

Тұлға дамуының педагогикалық мәнін анықтау үшін бірінші кезекте «тұлға» түсінігінің мәнін, оның «адам», «индивид» және «даралық» түсініктерімен ара-қатынасын, байланысын ашуымыз керек. Адам дамуында әрқашан бір-бірімен байланысты екі бағыт бар: биологиялық және әлеуметтік.

«Адам» түсінігі биологиялық мәнді білдіреді. Оған берілген анықтамалар өте көп.

1. Адам (биологиялық түсінік ретінде) – тіршілік иесі, өкілі, фило және онтогенетикалық даму өнімі.

2. Адам – адамзат қауымдастығының бір өкілі, құралдар мен белгілер пайдаланатын және солар арқылы өзінің жүріс-тұрысын, мінез-құлқын және психикалық процестерін меңгеретін, табиғи шектеушілік шекарасынан шыққан әлеуметтік тіршілік иесі.

Жеке тұлға – әлеуметтік жағы, адамның бойындағы әлеуметтік сапалар; белгілі бір әлеуметтік қоғамның өкілі болатын, (ұлты, топ, ұжым т.б.) белгілі бір іс-әрекет түрімен айналысатын, қоршаған ортаға деген өзінің қатынасын мойындайтын және өзінің дара ерекшеліктері бар нақты адам.

Л.И.Божович тұлға деп психикалық дамуында белгілі бір деңгейге



жеткен адамды айтады. Бұл деңгей адам өзін-өзі тану процесінде өзін басқалардан бөлек деп қараумен және «Мен» деген түсінікпен сипатталады. Сонымен қатар, психикалық дамудың бұл деңгейі адамның өзінің көзқарастарына сәйкес келмейтін қоршаған ортаның ықпалдарынан тәуелсіздігімен және салыстырмалы



түрде оны тұрақты ететін өзіндік көзқарастары, моральдік талаптары және бағалары болуымен сипатталады. Л.С.Выготскийдің анықтамасы бойынша тұлға – белгілі бір функцияларды атқару үшін пайда болатын психикалық жүйе. Тұлғаның негізгі функциясы – қоғамдық тәжірибені шығармашылықпен игеру және адамды қоғамдық қарым-қатынастар жүйесіне енгізу. Тұлға тек іс-әрекетте, қарым-қатынаста қалыптасады, өмір

сүреді және өзін-өзі көрсетеді. Адамзат баласы адам болып туса, тұлға болып қалыптасады.

Сурет №6 Тұлғаның мәнді сипаттамалары:

- 1) дүниетанымының мазмұны, психологиялық мәні;
- 2) дүниетанымының, сенімдерінің тұтастығы;
- 3) қоғамдағы өз орнын сезіну деңгейі;
- 4) қажеттіліктер мен қызығушылықтар сипаты және мазмұны;
- 5) әртүрлі тұлғалық қасиеттерінің көрінуімен қатынасының ерекшеліктері.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі бойынша жеке тұлға – ҚР немесе басқа мемлекеттің азаматы, сондай-ақ азаматтығы жоқ адам. Яғни, «жеке тұлға» ұғымы «азамат» деген ұғымға тең мағынада қолданылады. Азамат (Жеке тұлға) – құқықтың жеке субъектісі, оның құқықтық қабілеті (құқыққа қабілеттілігі), яғни азаматтық міндет атқару қабілеті бар.

Индивид деген ұғым адамды адамзат тұқымының жеке бір өкілі ретінде, биологиялық тіршілік иесі ретінде қарастырғанда қолданылады. Индивид – жекелік, яғни көп адамдардың бірі. Индивид деген терминді қолданғанда адамның жеке қасиеттері ескерілмейді. Индивид деп жаңа туған баланы да, қарт адамды да атауға болады. Себебі олардың барлығы адамзат тұқымының өкілдері.



Адам дамуында жалпы және ерекше белгілер анықталады. Жалпы белгілер белгілі бір жастағы адамдарға тән, ерекше белгілер жеке адамдарға тән болып келеді. Адамдағы ерекшелікті дара ерекшелік (индивидуальды), дара ерекшеліктері анық көрінетін тұлғаны – даралық (индивидуальность) деп атайды. Даралық тұлға оны басқа адамдардан ерекшелендіретін интеллектуалдық, ерік-жігерлік, моральдық, әлеуметтік қасиеттерімен сипатталады. Әр адам – өз даралығы тұрғысынан алғанда қайталанбас, жалғыз.

Даралық – адамды басқа адамдардан ерекшелендіріп тұратын айрықша қасиеттері, ешкімге ұқсастығы, оның қайталанбастығы. Адамның даралығы оның темпераментінен, мінез-құлықтарынан бөлек, әдеттерінен, қызығушылықтарынан, танымдық процестерінің сапаларынан



(қабылдау, есте сақтау, ойлау, сөйлеу, қиял), қабілеттіліктерінен, өзіндік іс-әрекет стильдерінен байқалады. Дүниеде психологиялық ерекшеліктері бірдей екі адамды табу мүмкін емес. Адамдардың тіпті физиологиялық жағынан да бірі-бірін қайталамайтындығы анық. Мысалы XIX ғасырдың соңында ашылған ғылыми жаңалық жер бетіндегі адамдардың бас бармақтарының үлкейтілген суреттерінің бірдей болмайтындығының өзі әр адамның физиология тұрғысынан да қайталанбас жан екендігінің дәлелі. Барлық адамдардың саусақтарының құрылымы бірдей болса да, барлығынікі капиллярлардан, теріден, клеткалардан, бұлшық еттерден, нерв талшықтарынан құралса да, сыртқы терісіндегі суреттері әр адамдыкі әр түрлі болып келетіні ғажап.


Адамның қайталанбастығы – оның даралығында. Даралық пен жеке тұлға тең мағыналы ұғымдар емес. Даралық ұғымда көбінесе индивидтің табиғи, туа біткен қасиеттері ескеріледі (темперамент т.б), ал тұлға – адамның әлеуметтік сипаты. Жеке тұлғаның өзін-өзі іске асыра алуына, жетістіктерге қол жеткізуіне, іс-әрекетіне қарап оған баға беріледі. Даралық адамның жеке тұлғасының бір ғана көрінісі, көп қырының бір жағы. Мысалы адамның жүйріктігі, шапшаңдығы, оның даралық қасиеттеріне жатады, бірақ оның жеке тұлғалық сипаттамасына кірмейді, себебі ол қасиет индивидтің араласатын адамдарының іс-әрекет және қарым-қатынас түрлерінде маңызды роль атқармайды.

Тәрбиенің негізгі мақсаты – жан-жақты үйлесімді дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Психологиялық-педагогиялық әдебиеттерде К.К.Платонов, Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев т.б ғалымдар еңбектерінде жеке тұлға ұғымына түрлі зерттеулер жүргізіліп, анықтамалары берілген.



Жеке тұлға – қоғамдық өмірдегі күрделі, көп жақты құбылыс, қоғамдық қатынастар жүйесінің бір бөлігі. Психология ғылымында жеке тұлға деп белгілі бір іс-әрекет түрімен айналысатын, қоршаған ортамен өзіндік қатынасын түсінетін, психологиялық ерекшеліктері бар нақты бір қоғамның, ұлттың, ұжымның өкілін атайды. Жеке тұлға – қоғамдық мәні бар адам. Кез келген адам өмірге индивид болып келіп, тек қоғамдық және еңбек іс-әрекеттері арқылы ғана жеке тұлғаға айналады.

Сурет №7 Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде жеке тұлға туралы тұрақты пікірлер қалыптасқан:



Жеке тұлға – индивидтің әлеуметтік маңызды сапалар жүйесі, оның әлеуметтік құндылықтарды меңгеруі және сол құндылықтарды іске асыра алу қабілеттері. Жеке тұлға ретінде адам өзінің санасының даму деңгейімен, өз санасын қоғамдық санамен сәйкестендіруімен сипатталады. Жеке тұлғалық қасиеттері арқылы адам қоғамдық қатынастарға қатысады.

Жеке тұлғаның өзіндік сипаттамалары бар:

- белсенділік (өзінің іс-әрекет саласын кеңейтуге құлшынысы);
- бағыттылық (ынта, қызығушылықтар, қажеттіліктер, сенімдер жүйесі);
- әлеуметтік топтардың, ұжымдардың өзара әрекеттестігі.



Педагогикалық сөздіктерде жеке тұлға ұғымы әлеуметтік қатынастардың және саналы іс-әрекеттің субъектісі ретінде қарастырылады. Жеке тұлға өзін мынадай үш бағытта көрсете алады:

- іс-әрекетте;
- басқалармен қарым-қатынаста;
- өзіне деген қатынаста.



Белгілі психолог К.К.Платонов жеке тұлғаның сапаларын жүйелеп, оның иерархиялық құрылымын қарастырған. Оның пайымдауынша жеке тұлғаның кез келген сапасында туа біткен (биологиялық, тұқым қуалаушылық) және жүре біткен (әлеуметтік) құрамды бөліктері болады. Солардың қатынастары бойынша жеке тұлғаның құрылымында сапалар 4 топқа немесе иерархиялық деңгейге бөлініп қарастырылады.

4-ші, төменгі биологиялық құрлымы, оған темперамент, адамның жас және жыныстық ерекшеліктері жатады, бұнда ешқандай әлеуметтік қасиеттері жоқ;

3-ші, құрымдық деңгейде биологиялық нышандар негізінде жаттығулар арқылы қалыптасқан психологиялық процестер (сезімдер, қабылдау, қиял, зейін, есте сақтау, ойлау, ерік) ерекшеліктері жатады;

2-ші, тәжірибелік деңгейге тұлғаны оқыту арқылы қалыптасқан білім, білік, дағдылары, әдеттері жатады;

1-ші, жоғарғы деңгей, тәрбие арқылы қалыптасқан (сенімдері, дүниетанымы, көз қарастары, қызығушылықтары, тілектері, мақсаттары, әлеуметтік ұстанымдары, құндылық бағыттары, моральдық принциптері) әлеуметтік бағыттылықтары жатады. Бұл бағыттылықтар адамның қоршаған әлемге қатынасын көрсетеді.

Жеке тұлғаның өзегі – оның «Мен» - жүйесі. Әрбір тұлға өзін-өзі тәрбиелеу арқылы «Мен» - жүйесін дамытып, жетілдіріп отыруы қажет. Сондықтан болашақ мұғалімдер балалар тұлғасын дұрыс қалыптастыру үшін ең алдымен олардың жеке «Мен»-дерімен жұмыс істеп, бағыттылықтарын, қабілеттіліктерін дамытып, мінездерін тәрбиелеулері және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде мәдениеттерін жетілдіріп отыруы маңызды.



Қазіргі заманғы тәрбие жүйесінде бастауыш мектеп шағы бала өмірінің 6-7 жастан 11-12 жасқа дейінгі кезеңін қамтиды (мектептің 1-4 сыныптары). Балалар мектепке 6 жастан баратын, ал бастауыш оқу ұзақтығы біздің елдегіден бөлек елдерде бастауыш мектеп шағының, әрине, басқаша хронологиялық шектері болады. Баланың өмірінің ерекше кезеңі салыстырмалы түрде жуырда ғана анықталды.

Мәселен, бұл кезеңді мектепте мүлдем оқымаған бала бастан өткізбейді. Ол бастауыш мектеп білім алуының алғашқы және соңғы сатысындағы балаларда да болған жоқ. Бастауыш мектеп жасының пайда болуы экономикалық жағынан дамыған елдерде жалпыға бірдей міндетті толық емес және толық орта білім беру жүйесінің шығуымен байланысты.

Орта білім берудің әлеуметтік міндеттері мен мазмұны әлі түпкілікті қалыптасқан жоқ. Сондықтан мектептегі бүкіл балалық шақтың бір бөлігі ретіндегі бастауыш мектеп шағының хронологиялық шектерін және психологиялық ерекшеліктерің де түпкілікті және өзгермейтін деп есептеуге болмайды. Ғылыми көзқараспен қарағанда, әзірше салыстырмалы түрде тұрақты, осы жасқа неғұрлым тән белгілер туралы сөз болуы мүмкін. Баланың психологиялық дамуындағы оның ролі балабақшадан бастап орта білім беру аяқталғанға дейінгі балаларға қоғамдық тәрбие берудің тарихи қалыптасқан жүйесіндегі бастауыш оқытудың мақсаттары мен мазмұнының өзгеруіне байланысты.

Жаңа мінез-құлық нормалары мен ережелерін игеру кіші мектеп оқушылары эмоцияларының ерекшеліктерін елеулі түрде өзгертеді. Әдетте,

бұл балалардың көпшілігінде теріс тебіреністерсіз өтеді және балалардың өздері оны жақсы қабылдайды.



6 жасар бала мектеп табалдырығын аттасымен-ақ оқушы болады. Оның өмірінде ойын әлі маңызды орын алғанымен осы уақыттан бастап ол біртіндеп басымдылық ролін жоғалта бастайды. Бастауыш класс оқушысының жетекші іс-әрекеті оның мінез-құлық мотивтерін елеулі түрде өзгертетін, оның танымдық және адамгершілік күштерін дамытудың жаңа көздерін ашатын оқу болады. Мұндай қайта өзгеріс процесінің бірнеше кезеңдері бар.

Әсіресе баланың мектеп өмірінің жаңа жағдайларына алғаш енуі айқын аңғарылады. Балалардың көпшілігі бұған психологиялық жағынан дараланған. Олар бұл жерден үймен немесе балабақшамен салыстырғанда, әдеттен тыс қызықты жағдай кездестіруді күте отырып, мектепке қуана барады. Баланың бұл позициясы 2 жағдайда маңызды. Алдымен мектеп өмірінің жаңалығын алдын ала сезіну және қалау баланың кластағы мінез-құлық ережелеріне, жолдастарымен ерекше қарым-қатынас нормаларына, күн тәртібіне қатысты мұғалімнің талаптарын жылдам қабылдауға көмектеседі. Бұл талаптарды бала қоғамдық маңызды және орындамауға болмайтын талаптар деп қабылдайды. Тәжірибелі ұстаздарға белгілі, психологиялық жағынан расталған мынадай қағида бар: баланың классқа келген алғышқы күнінен ақ оған оқушының сабақтағы, үйдегі және қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелерін айқын да нақты мағынада түсіндіру керек. Балаға оның жаңа көзқарасының, міндеттерінің және құқығының бұрынғы ол әдеттенген жағдайлардан айырмашылығын дереу түсіндіру маңызды. Жаңа ережелер мен нормаларды сөзсіз орындауды талап ету – 1-сынып оқушысына орынсыз қаталдық жасау емес, мектепке баруға даярланған балалардың өз түсініктеріне сәйкес олардың тіршілігін ұйымдастыруға қажетті шарт. Бұл талаптар орнықсыз болса, балалар өз өмірінің жаңа кезеңінің өзіндік ерекшеліктерін сезбейді, бұл олардың мектепке деген ықыласын жоюы мүмкін.

Баланың ішкі позициясының 2-і жағы оның білім мен іскерлікті игеру процестерінде ортақ дұрыс қарым-қатынасына байланысты. Бір кездерде шын мәнінде ойын кезінде өзі қалаған адам (ұшқыш, аспаз, шофер) болуы үшін, оқудың қажет екендігі туралы пікірге, оның мектепке дейін-ақ бойы үйрене бастайды. Ол кезде бала келешекте қажет болатын білімдердің нақтылы құрамын, әрине сезбейді. Оның білімге деген пайдақорлық-прагматикалық көзқарасы әлі болмайды. Ол жалпы білімге, қоғамдық мәнді және құнды деп ойлайтын білімдерге ұмтылады. Баланың айналасындағыларды білуге құмарлығы, теориялық ықыласы осыдан көрінеді. Оқудың негізгі алғышарты ретіндегі бұл ықылас баланың бойында оның кең өріс алған ойын әрекетін қамтитын мектепке дейінгі өмірінің барлық сәттерінде қалыптасады.



Баланың білім қазыналарын интуициялық қабылдауын мектептегі оқудың алғашқы күнінен бастап, ендігі жерде математика, грамматика және басқа пәндердің өздерінің күтпеген, таңқаларлық, қызықты жайттарын паш ету жолымен қолдап, дамытып отыру керек. Бұл оқу іс-әрекетінің негізі балалардың шын мәніндегі танымдық ықпалдарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Осылайша, мектеп өмірінің алғашқы кезеңіне баланың класстағы және үйдегі мінез-құлқын реттеп отыратын мұғалімнің жаңа талаптарына баланың бағынуы, сондай-ақ оқу пәндерінің мазмұнына қызыға бастауы тән. Баланың бұл кезеңнен қиналмай өтуі – оның мектепке жақсы даярлықпен келгендігінің белгісі. Бірақ 7 жасар баланың барлығы мұндай емес. Олардың көпшілігі бастапқыда қандай да бір қиыншылықтарғы кездеседі және бірден мектеп өміріне етене арласып кете алмайды.

Басқа да психикалық процестер сияқты оқу іс-әрекеті жағдайында балалардың эмоциясының жалпы сипаты өзгереді. Оқу іс-әрекеті біріккен іс-әрекеттерге қатаң талаптар жүйесімен, ырықты зейінмен және ерікті есте сақтаумен байланысты. Мұның бәрі баланың эмоциялық дүниесіне әсер етеді. Бастауыш мектеп шағында әсерленген кездерде ұстамдылық пен түсініспеушілік, қуаныш пен реніш жағдайларындағы табандылықтың артуы байқалады. Бастауыш мектеп оқушылары мектепке дейінгі балаларға, сондай-ақ жеткіншектерге қарағанда неғұрлым байсалды. 8-10 жасар балаларға ұзақ, әрқашан қуанышты және сергек көңіл-күй тән. Сонымен қатар кейбір балаларда жаман ашуланғыштық, долданғыштық жағдайлар да кездеседі. Олардың негізгі себебі – талап қою деңгейі мен олардың қанағаттандыру мүмкіндіктері арасындағы алшақтық. Егер бұл алшақтық ұзаққа созылса және бала оларды жеңу немесе жеңілдету құралдарын таба алмаса, онда теріс толғаныстар мейірімсіз де ашу-ызалы сөздер мен іс-әрекеттерге алып келеді. Мұндай эмоциялық бұзуларды болдырмау үшін, мұғалім тәрбиеленушілердің дара ерекшеліктерін жақсы білуі тиіс. Оқу қызметінің өзін іске асыру кезінде қанағаттану білуге құмарлық және мақсаттану сияқты сезімдер қалыптасады.

Қорытындылай келе, 7 жастан 10 жасқа дейінгі кезеңге неғұрлым тән негізгі белгі мынада: бұл жаста *мектеп жасына дейінгі бала мектеп оқушысына айналады*. Бұл бала өз бойында мектеп жасына дейінгі балалық

шақтың белгілерін оқушының ерекшеліктерімен ұштастыратын өтпелі кезең. Бұл белгілер оның мінез-құлқында, санасында күрделі, ал кейде қайшылықты үйлесім түрінде қатар жүреді. Кез келген өтпелі күй сияқты бұл шақ көзі ашылмаған даму мүмкіндіктеріне бай, оларды дер кезінде байқап, қолдап отыру маңызды. Адамның көптеген психикалық қасиеттерінің негіздері тап осы бастауыш мектеп жасында қалыптасады және әдетке айналады. Сондықтан ғалымдардың ерекше назары қазір бастауыш класс оқушыларын дамытудың резервтерін анықтауға бағытталған. Бұл резервтерді пайдалану балаларды одан арғы оқу және еңбек қызметіне неғұрлым табысты дайындауға мүмкіндік береді.

2. Жеке тұлға дүниедегі бар нәрсені сол дайын түрінде қабылдап қана қоймай, өзіндік саналығы, ақылдылығы, белсенді іс-әрекеті негізінде қоршаған ортаның өзгеруіне, қоғамның дамуына әсер ете алады.

Қазіргі ақпараттық технологиялардың жедел дамуына байланысты адамдар жер шарының әр бұрышындағы кез келген ғылыми, экономикалық, әлеуметтік, психологиялық, медициналық жаңалықтарды біліп отыруларына мүмкіншіліктері бар. Соның нәтижесінде адамның дүние танымы да кеңейе түсуде.

Әр жеке тұлғаның дүниетанымы дегеніміз – адамның дүниеге, қоғамдық қатынастарға, табиғатқа, өзіне деген көзқарастар жүйесі, оның бағыттылықтарының формасы. Ал адамның дүниетанымы арқылы оның құндылықтары, өмірлік идеалдары мен ұстанымдары байқалады.

Баланың ғылыми дүниетанымына табиғат және қоғам елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайлар, қоғамдық саяси қатынастар әсер етеді. Ғылыми сенімдер ғылыми-философиялық білімдерді, қазіргі ғылым жетістіктерін оқып-үйрену, дүниені танудың ғылыми әдістерін қолдану арқылы қалыптасады.



Ғылыми дүниетаным – қоғамдық сананың ең жоғарғы түрі. Ол арқылы баланың өмірдегі жақсы мен жаманға көзқарасы қалыптасып, бағыт-бағдары айқындалады.

Ғылыми дүниетаным тек қана білімдер арқылы ғана емес, сонымен қатар, дәйекті дәлелдері аз жалған көзқарастарды жеңу нәтижесінде қалыптасады. Қоғамның өзгеруі, қоғамдық және жаратылыс ғылымдарында ашылған жаңалықтар ғылыми дүниетанымды жетілдіреді, толықтырады, нақтыландырады, кейбір көзқарастарды өзгертеді.

Дүниетаным көптеген маңызды қызмет атқарады. Ол өзінің ағарту қызметі арқылы балаға табиғат және қоғам туралы ғылыми білімдер беріп, оны жалған көзқарастардан арылтады, болмысты тану әдістерімен қаруландырады.

Оқушылардың ғылыми дүниетанымының негіздерін оқу-тәрбие процесінде қалыптастыру жолдары. Оқушының дүниетанымын

қалыптастыру үшін оған өмірдің жақсы да, көлеңкелі тұстарын да айтқан дұрыс.

Дүниетанымдық сана баланың сезіміне, ерік-жігеріне әсер етеді, сезім-сананы бекітуші, ерік-жігерді ынталандырушы. Баланың дүниетанымы оның сөзі мен ісінен, дүниемен қарым-қатынасынан көрінеді. Сананы, ой мәдениетін, сезімді, қарым-қатынасты бір мезгілде тәрбиелеу және дамыту дүниетанымды қалыптастырады. Баланың санасы, көзқарастары, сенімдерін ең алдымен ғылым негіздері қалыптастырады.

Табиғи – жаратылыстық бағыттағы пәндер табиғат құбылыстарының шын себептерін ашады. Оқушылар түрлі фактілер жинайды, өмірді бақылайды. Заттың бір күйден екіншіге өтуі, молекула түрлерінде, атап айтсақ, антипол, айна, микро, макро және мегамер дүниесінде өтіп жатқан өзгерістер ғылыми дүниетанымды қалыптастырады.



Оқушылар өмірдің дамуындағы сабақтастықты, жаңа өсімдіктер мен ағзалардың пайда болуын оқиды.

Жоғары жүйке қызметінің заңдылықтарын оқып үйренудің, ғылым мен техниканық адам өміріндегі рөлін түсінудің зор маңызы бар.



Ұлы адамдардың, ірі ғалымдардың өмірі мен қызметі туралы әңгімелер баланың білімі мен тәрбиесіне ықпал етеді. Қоғамдық-гуманитарлық циклдағы пәндер оқушыны қоғамда болып жатқан түрлі оқиғаларды дұрыс талдауға үйретеді, жақсылық пен жамандықты көрсетеді, елімізде, шетелдерде болып жатқан оқиғаларға дұрыс баға беруге баулиды. Өнер пәндері – әдебиет, бейнелеу

өнері, саз, театр, кино оқушының адамгершілік-эстетикалық сезімін тәрбиелейді.

Өнер шығармалары баланың сезімін оятады. Шығармаларды талдау, салыстыру, қорытындылау баланың дүниетанымын қалыптастырады. Өнердің түрлі салаларында оқушылардың іс-әрекет жасауы дүниетанымның қалыптасуына орасан зор әсер етеді.

Оқушылар өнердің тілімен танысып, тәжірибеде жұмыс істеуге үйренеді, дағдыланады. Баланың дүниені қабылдау кезіндегі әсерленуі балалық шақта жақсы жүреді, сондықтан көркемөнерпаздар үйірмесін құру, өнер шығармаларын жасату, шығармалар жаздыру, сахналық қойылымдардағы рөлдерде ойнату баланың дүние туралы ой-өрісін кеңейтіп, көзқарастары мен сенімін тексеруге көмектеседі.

Оқушының дүниетанымының қалыптасқандығын оның ғылыми білімдерінің тереңдігінен, жүйелілігінен, диалектикалық ойлауынан байқауға болады.

Оқушылардың ғылыми дүниетанымы тұтас педагогикалық процесте қалыптасады. Дәл осы жерде ғылыми білімдерді меңгеру жүйесі мен оларды тәжірибеде пайдалану, бұрынғы кездегі мәдени мұралармен, қазіргі ғылым

негіздерімен оқушыларды қаруландыру құралы болса, дүниетанымдық білімдерді терең сенімге айналдыру оқушылардың іс-әрекет және мінез-құлық принциптеріне айналады, қоғамдық бағыттарын анықтайды, іс-әрекетке дайындығын және өмірлік ұстанымын қалыптастырады.

Маңызды педагогикалық мәселелердің бірі болып оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруға байланысты оқушылардың сенімдері мен өзіндік көзқарасының заңдылықтарын ашу.

Ғалымдардың көзқарасы бойынша табиғат және қоғам туралы ғылыми білімдерді меңгеру – ғылыми дүниетанымды қалыптастыру негізінің маңызды шарты болып табылады. Табиғат пен қоғам дамуының заңдылығын білу жеткіліксіз.

Саналы көзқарас, сенім ойдың болмауы адамда формальды түрде деректерді меңгеруге және дүниетанымдық сипатты жалпылауға әкеп соғады. Тек қана білімді «аудару» және өзіндік сезінген тәжірибесін, әртүрлі іс-әрекеттерден қамтылған тұрақты көзқарастарын, негізіне тұлғаның идеялық мақсаты жататын сендіру және идеалынан тұрады. Олардан адам мінез-құлқына бағыттайтын дүниетаным пайда болады.

Білімді аудару тұрақты сендіру, мінез-құлық мотивтері, принциптері болатын, тұлғаның дүниетанымын қалыптастырудың шарты болып табылады.

Білімді сенімге айналдыру және дүниетанымды қалыптастыру тұлғаның жалпы бағытта қалыптасуымен, яғни іс-әрекет қарым-қатынасының жүйесімен тікелей байланысты.

Психологиялық-педагогикалық зерттеулер көрсеткендей баланың жеке тұлғасы оның жүйеде алатын орнымен, жеткілікті адами қарым-қатынаспен, соның ішінде өмірде қойылатын талаптардың дәл сол кездегі психологиялық ерекшеліктерімен байланысты болады.

Осы сәйкестіктен баланың қажеттілігі мен тілегі, мақсаты, ұмтылысы туындайды және сол арқылы жаңа психологиялық сапаларының қозғалыс күші дамиды. Өмірдің шарты оқушы жеке тұлғасының қалыптасуын тікелей анықтамайды, ал оның тәуелділігі сонда, өзара қатынасымыз бен әрекеттерімізде осы шарттармен оқушының өзі болады.



Оқушының дүниетанымын қалыптастыру мінез-құлқының ең маңызды қозғаушысы болып табылады, оның іс-әрекетінің себеп-салдарын анықтайды.

Оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру іс-әрекеті жетістігінің маңызды шарты тәжірибелік іс-әрекеттер мен сенімдер, білім бірлігімен қамтамасыз етілген педагогикалық процесс болып табылады. Бұған тек қана педагогикалық процесте «логикалық тізбені» ойластырғанда және іске асырғанда ғана жетуге болады.

Сурет №8 Педагогикалық процестегі логикалық жүйелер:

- танымдық көзқарасы бар білім жүйесі;

- зерттеліп жатқан фактілер;

- құбылыстарға тұлғалық қарым-қатынас;

- тәжірибеде ойластырылған және алынған жеке іс-әрекеттік жоспардағы білім.

Г.Н.Филонов бойынша тұлғалық іс-әрекеттік тұрғыдан оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруды төмендегідей қарастырады:

Шынайы дүниені жеке тұлғаның рухани-тәжірибелік тұрғыдан меңгеру негізіндегі іс-әрекетін мойындауы және оның адам санасындағы адекватты бейнеленуі;

Тұтастықтың жеке тұлғаның интеллектуальдық эмоционалды-еріктік және іс-әрекет тәжірибе саласына әсерін іске асыру;

Жеке тұлғаның дүниетанымын қалыптастыру жүйесінде тәрбие процесін дараландыру, еңбек және оқытуда жеке тұлға мен ұжымның өзара әсерінің органикалық біртұтастығы;

Оқытудың өмірмен, еңбекпен, тәжірибемен тығыз байланысына негізделген іс-әрекет тәжірибе факторының белсенді қызметі оқушылардың дүниетанымын қалыптастырудың міндетті шарты.

Оқушылардың дүниетанымын қалыптастыру процесінде мысалы, оқушының ішкі позициясындағы бұрын қалыптасқан және қалыптасып отырған әрекеттің арасында, оған деген мұғалімнің қойып отырған талабымен және оны орындаудағы дайындық деңгейі арасында қарама-қайшылықтар туындауы мүмкін. Өз уақытында пайда болған қарама-қайшылықтың көзін және сипатын ашу керек, тәрбие процесінде оны жеңу жолдарын анықтау – мұғалімнің басты міндеті.

Барлық адамдарға ортақ бейбітшілік, адам құқықтары, экология, ашаршылықтың болмауына кепілдік, денсаулық т.б. құндылықтардың қажет екендігі сөзсіз. Ал мұндай жалпыадамзаттық құндылықтар өз бетінше кездейсоқ қалыптаса алмайды, оны жүйелі тәрбие түрінде ұйымдастыру қажет.

Сурет №9 Жас ұрпақ тәрбиесінде жүзеге асырылатын міндеттер:



Ұлттың болашағы – оның ұрпағы. Олай болса жас ұрпақтың тәрбиесіне, олардың дүние танымдарының дұрыс қалыптасуына әсер ететін ұлттық бағыттағы іс шаралар жүйелі жүргізілуі қажет. Жас ұрпақа ұлттық тәрбие беруде ұлы адамдардың құнды ой пікірлерінің, қанатты сөздерінің ұлттық рухтың күшейе түсуіне ықпалы зор.

Әлемдік білім беру кеңістігінде қажетті көпмәдени жеке тұлғаны қалыптастыру мәселелері. Әлемдік білім беру кеңістігін не құрайды? Оның құрамына мақсаттары, міндеттері, мәдени салт-дәстүрлері, философиялық негіздері бойынша ерекшелінетін ұлттық білім беру жүйелері кіреді. Осындай әртүрлі білім беру жүйелерінің өзара байланыстары, әркеттестіктері әр адамның дүние танымының кеңеюіне, рухани тұрғыдан баюына, мәдениетінің қалыптасуына септігін тигізіп, өздерін әлемдік білім беру кеңістігінің бір бөлігі ретінде сезіне алуларына мүмкіндік тудырады.

Бірақ осы жаһандану процесінде әр ұлттың өзіндік ерекшелігі, салт дәстүрлері, тілі мен дінінің сақталып қалуы басқа мәдениеттер тоғысында өз орнын жоғалтып алмауы өзекті. Қазақстанның да осы бағытта дамуындағы, өзіндік бет-бейнесін сақтап қалудағы басты жолдардың бірі – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылықтарымызды сақтап және білімді де саналы жас ұрпақ тәрбиелеу.




Осыған орай, ұлы жазушы Мұхтар Әуезов айтқандай: «Қытайлықтар ұлы қытай қорғанымен, египеттіктер пирамидаларымен, итальяндықтар сазды әуенімен таң қалдырса, қазақ халқы ұлттық құндылықтары мен бай тілін мақтан етеді».

Жеке тұлғаның іс-әрекетінің табысты және жемісті болуы олардың мәдениетіне тікелей байланысты, себебі мәдени білім оның құндылық бағдарының негізі. Адам

тұлғасының қалыптасуы, оның мәдениеті бала кезінде, білім алу, тәрбие алу мекемелерінен басталады. Ұлттық тәрбие дегеніміз әр адамның тек өзінің ұлттық ерекшеліктерімен, ұлттық мәдениетімен ғана шектелуі емес. Әрине, алдымен әр адам өз ұлтының салт дәстүрлерін, тілін, тарихын білуге міндетті. Бірақ басқа тілді үйреніп, басқа мәдениеттермен танысуына шектеу жоқ. Себебі қазіргі таңда адамдардың көп мәдени тұлға ретінде қалыптасуы өте маңызды.

Сурет №10



Білім беру мазмұны әртүрлі халықтардың мәдени мұралары арқылы, үнемі даму үстіндегі ғылым салалары мен адамның өмірлік тәжірибесі негізінде байып, өзгеріп, толықтырылып отырады. Қазіргі кезде әрбір тұлға тек бір ұлттың азаматы емес, ол әлем азаматы болуына бет бұрыс алу қажет. Сондықтанда «дүниежүзілік білім беру кеңістігі» дегенге көп көңіл бөлінуде. Адами қасиеттерін сақтап, мәдениетті болуы оның ұлттық ерекшеліктеріне байланысты емес. Қандай ұлт өкілі болсада адам жалпы адамзаттық мәдениетке сай болуы керек.

Көпмәдени тұлғаның қалыптасуына барлық білім беру мекемелері, тәрбие жүйелері, әлеуметтік институттар әсер етеді. Бұл үздіксіз жүретін процес. Ол тек бір мекеме көлемінде емес, адамның өзіндік білім алу барысында, оның өмірлік тәжірибесі негізінде қалыптасады. Көп мәдени тұлғаның қалыптасуына бұқаралық ақпараттық құралдардың, өнердің, саясаттың әсері зор. Қазіргі таңда адамдардың рухани байлығы, олардың әлеуметтенуі көкейкесті мәселелерге айналып отыр, себебі олардың өмірлік бағыт-бағдарларын анықтайтын қоғамдық қатынастарға икемделуі тұлға аралық қарым-қатынастары, ұлтаралық қарым-қатынастары гуманизм қағидаларына негізделуі тиіс. Адам баласының тұлға ретінде дамып қалыптасуына оның өскен отбасылық ортасы, ұлттық салт-дәстүрлер, әлеуметтік ортасы көп әсер етеді. Кез келген жеке тұлғаның дербес психологиялық ерекшеліктерімен қатар ұлттық сана сезімдері, ұлтжандылығы, ана тіліне деген сүйіспеншілігі сияқты ұлттық ерекшеліктері болады.

Ұлттық тәлім-тәрбие ұлттық тіл арқылы іске асатыны анық. Тіл – адамдардың байланыс, қарым-қатынас құралы. Ал басқа ұлт мәдениетімен танысу сол ұлттың тілін білу арқылы іске асырылады. Қазіргі жалпы білім беру мектептерінде ана тілімен қатар шет тілдерінің де оқытылуы осы себептен. Шет тілдерді оқыту ол тек білім алу үшін емес, ол практикалық қажеттілік, ол заман талабы. Бірақ ұлттық сана сезім дамуының іргетасы – ана тіліне деген сый-құрмет. Халық тағдырындағы тілдің маңыздылығын бағалауға, құндылығын арттыруға байланысты айтылған мынандай ұлағатты ойлар күн бүгінге дейін өзекті болып отырғаны баршамызға анық:

Қазіргі дүниежүзілік білім беру кеңістігіне ену үрдісі барлық мәдениеттердің ықпалдасуына, ынтымақтастығына негізделеді. Осыған байланысты ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті мәселесі туындайды. Қазақстан жерінде 130-дан астам ұлт өкілдері бірігіп өмір сүруде. Өзіндік ұлттық ерекшеліктері бола тұра, олар бірі-бірімен қоғамдық, әлеуметтік, мәдени, тілілік қатынасқа түсіп араласады. Осы қатынастар барысында ұлттық мәдениет, ұлттық діл айқын байқалады. Сол өзгешеліктерін сақтай отырып, әр ұлт өкілдері басқа ұлт өкілдерімен толеранттық қарым-қатынасты сақтаулары – олардың білім беру мәселелеріндегі ортақ мақсатқа табысты жетулерінің кепілі деуге болады.



Толеранттық ұғымы латын тілінің «tolerantio» - деген сөзінен аударғанда «шыдамдылық» деген мағына білдіреді. Толеранттылық деген ұғым педагогикалық лекцияда жаңадан қолданылған ұғымдардың бірі. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде толеранттылық ұғымы:

1. қандайда бір қолайсыз, жағымсыз факторлардың ықпалына сезімталдықтың төмендеуі нәтижесінде аландаушылықтың жоқтығы немесе әлсіреуі;

2. психологиялық бейімділігін жоғалтпай адамның түрлі өмірлік қиындықтарға қарсы тұра алу қабілеті ретінде қарастырылады.

Яғни, толеранттылық – шыдамдылық, сабырлық таныту, қызбалыққа салынбау, кез келген қиындыққа төзімділікпен қарау, барлық мәселелерді бейбітшілік жолымен шешуге тырысу деген мағынаны білдіреді.

Өзін өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Индивид, жеке тұлға, даралық ұғымдарының айырмашылығы неде?
2. Жеке тұлға ұғымының өзегі не?
3. Жалпы адамзаттық құндылықтар дегеніміз не?
4. Ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттық құндылықтардың айырмашылығы неде?
5. Көпмәдени тұлға дегеніміз кім?
6. Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті дегенді қалай түсінесіз?
7. Толеранттылық дегеніміз не?

Өздігінен орындайтын жұмысқа арналған тапсырмалар

1. Ұсынылған тақырыптардың біреуі бойынша педагогикалық ресурстардан үзінділер таңдап алу және тезис-конспект құру (студенттерге ұсынылған әдістемелік нұсқаулар бөліміндегі үлгі бойынша)

2. Жеке зерттеу жұмысын жүргізу. Тақырыбы: «Мен және менің тұлғалық формулам». Есептік формасы: коллаж

1. 3. Педагогикалық кәсіп және жаңа формация педагогі

Жоспар:

1. Педагогикалық кәсіптің жалпы сипаттамасы.
2. Педагогикалық мамандықтың пайда болуы және қалыптасуы.
3. Мұғалім қызметінің профессиограммасы және педагогикалық праксис

Мақсаты: Педагогикалық мамандықтың ерекшеліктерін көрсету, пайда болуы және қалыптасуы туралы мағлұмат беру, мұғалім қызметінің профессиограммасы туралы түсінік беру және жаңа формация мұғаліміне қойылатын талаптарды анықтау.

Негізгі ұғымдар: Педагогикалық кәсіп, мамандық, кәсіпкерлік, мұғалім қызметі, профессиограмма, педагогикалық праксис.



1. Педагогикалық кәсіптің жалпы сипаттамасы.

Кәсіп – кәсіптік оқу және тәжірибе жинақтау арқылы игерілетін, белгілі бір білім мен іскерлікті талап ететін еңбек қызметінің түрі. Кәсіп деген ұғым тар мағынада өндіріске байланысты қолданылады, ал жалпы айтқанда, кәсіп – қызмет түрі. Кәсіптік білім – мамандыққа байланысты білім жүйесі. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде «кәсіп» терминіне келесі түсініктеме беріледі: 1. Тіршілік әрекеті, мамандық. 2. Ауыспалы мағынада: жұмыс, еңбек. Кәсіп иелері – мамандар. Қазақша-орысша аудармалы сөздігінде «кәсіп» сөзі «профессия» деп аударылады. Іс-әрекеттің әр саласында өзіне тән кәсіптер бар. Білім саласында педагогтың еңбегі - педагогикалық кәсіп.

Педагогикалық кәсіп – педагогтың қызметі, педагог мамандығы. Кәсіпкерлік – іскерлік белсенділік, қабілет.

Еңбек психологиясын зерттеуші-ғалым Евгений Александрович Климов «профессия» ұғымын келесі аспектілерден қарастырады: бірдей өмір салтын ұстанған және ұқсас мәселелермен айналысатын адамдар қауымы ретінде; жеке тұлғаның іс-әрекеті мен айқындалу аумағы ретінде; тарихи дамушы жүйе ретінде; еңбек субъекті тарапынан шығармашылықпен қалыптасқан нақтылық (ақиқат) ретінде. Е.А.Климовтың айтуынша, «көптеген кәсіптер мамандықтарға бөлінеді. Мамандық – еңбектің түрлі салаларға бөлінуінен келіп шыққан, адамның физикалық және рухани күш-жігерін жұмсайтын шектелген бір сала».

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының «Педагог қызметкердің мәртебесі» атты 50-бабында «педагог қызметкерге» келесі анықтама беріледі: «Білім беру ұйымдарында, сондай-ақ білім беру бағдарламаларын іске асыратын басқа да ұйымдарда білім алушылар мен




тәрбиеленушілерді оқытуға және тәрбиелеуге байланысты білім беру қызметімен айналысатын адамдар педагог қызметкерлерге жатады».

Педагогтың кәсіби стандартында «кәсіп» ұғымына мынадай анықтама берілген: «Кәсіп/мамандық – арнайы дайындық нәтижесінде игерілетін және білім туралы тиісті құжаттармен расталатын белгілі бір білімді және практикалық дағдыларды талап ететін адамның еңбек қызметінің негізгі түрі».


2. Педагогикалық мамандықтың пайда болуы және қалыптасуы.

«Педагог» термині грек тілінен шыққан. «Педагогика курсының лекциялары» атты оқу құралында: «Педагогика деген сөз, яғни термин, көне грек тілінен шыққан: «пайс» - балалар, «эгейн» - баланы басқару, жетектеу, тәрбиелеу, бағу ұғымдарынан шыққан. Мағжан Жұмабаев өзінің «Педагогика» кітабында: «Педагогика» - грек елінің сөзі: пайс – бала, агогі – жетектеу деген екі сөзден құралған. Уақыт өте келе бұл сөздің мағынасы өзгеріп, бала тәрбиесімен айналысатын, ол үшін арнайы білімі бар адамды «педагог» деп атайды.



Педагог деп жалпы бала тәрбиесімен айналысатын маманды атаймыз. Балабақшадағы тәрбиеші, спорт мектебіндегі жаттықтырушы, өнер мектептеріндегі, үйірмелердегі мамандар – бәрі педагог. Ал мектептегі педагог маманды мұғалім деп атаймыз. Қазақтың ұлы педагогы Ыбырай Алтынсарин: «...Мұғалім – мектептің жүрегі», -деп көрсеткен.

Мұғалімнің кәсіптік дайындығы кәсіптік және техникалық білім беру жүйесінде, яғни педагогикалық колледждерде, жоғары оқу орындарында жүзеге асырылады. Бірақ педагогтың кәсіби дайындығы арнайы педагогикалық оқу орнын бітіруімен шектелмейді, ол педагог ретінде қызмет ететін барлық кезеңін қамтиды.



Білім беру ұйымындағы оқу-тәрбие процесінің сапасы тікелей сонда қызмет ететін педагогтарға байланысты: олардың білім деңгейлеріне, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру қабілеттеріне, инновациялық технологияларды меңгеріп, қолдануларына, жалпы педагогикалық шеберліктеріне. Ғылым мен техника дамығанда алуан түрлі кәсіптерге де қойылатын заман талаптары да өзгереді, солардың ішіндегі білімнің негізін қалайтын бастауыш мектептің мұғалімінің біліктілік деңгейі үнемі жетілдіріліп, көтеріліп отыру қажет. Педагогтың білім деңгейін жетілдіру, педагогикалық қабілетін қалыптастыру, дамытудың бірнеше жолы бар. Біріншісі, - өздігінен білім алу. Өздігінен білімін жетілдіру өз ісіне шығармашылықпен және жауапкершілікпен қарайтын әрбір маман үшін қажеттілік болып есептеледі. Бұл алдымен моральдік және әлеуметтік тұрғыдан ұстаздық, мұғалімдік

кәсіпке тән жағдай. Өзгені оқытып-үйрету, мектептің табалдырығын жана аттаған бүлдіршіндердің білімін негізін қалыптастыру үшін мұғалімге басқалардан көп білуге тура келеді. Өздігінен білімін жетілдіру ұғымына педагогикалық сөздік келесі түсінік береді: «Өздігінен білімін жетілдіру – тұлғаның өзі шұғылданатын мақсатты танымдық қызмет; қандай да бір ғылым, техника, мәдениет, саяси өмір және басқа да салалар бойынша жүйелі білім алу. Өздігінен білімін жетілдіру негізінде шұғылданушының материалды өздігінен зерттеп, зерделеп, оқып-үйренуге деген ынта-ықыласы жатыр». Мұғалім әр сабағына, мектептің оқу-тәрбие процесіндегі әрбір іс-шарасына дайындалу қажет, ғылыми-әдістемелік әдебиетті оқу, түсіну, талдау, зерделеу – педагогтың үнемі айналысуға қажет ететін әрекет. Қазақстандағы салыстырмалы педагогика ғылымының негізін қалаушы Құсайынов Асқарбек Қабыкеноұлы «жапондықтардың мектепке, Мұғалімге деген дәстүрлі көзқарасы құрметтеуге лайық. Педагог, Мұғалім оқушылар үшін өнегелілігі жоғары жеке тұлғаның үлгісі, еліктеудің мысалы болып табылады» деп тұжырымдап, мұғалім еңбегінің қоғамдағы маңызын, дәрежесін көтеру және қолдау қажеттілігін көрсетеді.

Педагогтың білім деңгейін жетілдірудің келесі жолы – арнайы курстарға қатысу. Педагог кадрлар біліктілігін жүйелі түрде арттыруды «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы акционерлік қоғамы іске асырады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының «Педагог қызметкердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі» атты 51-бабында: «Педагог қызметкер өзінің кәсіптік шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін ұдайы жетілдіріп отыруға; бес жылда бір реттен сиретпей аттестаттаудан өтуге міндетті», - деп айтылған. Бес жылда бір рет педагог қызметкер кәсіби деңгейін дәлелдейді, аттестаттау нәтижесінде санаттылыққа ие болады. Аттестаттау – білім мен іскерлікті дәлелдеу, арнайы сынақтан өту. 2018 жылдан бастап мұғалімдер Ұлттық біліктілік тесттен өтіп, арнайы категорияларға ие бола алады: педагог-модератор, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шебер.

Жаңа форматтағы Ұлттық біліктілік тестілеудің өткізу тәртібі

Ұлттық біліктілік тестілеу екі блокқа бөлінеді және барлығы **100 тест тапсырмасынан тұрады: бірінші блок «Оқыту пәнінің мазмұны» бойынша 70 тапсырма, екінші блок «Педагогика, оқыту әдістемесі» бойынша 30 тапсырма.**

«Оқыту пәнінің мазмұны» бойынша тест тапсырмалары педагог қызметкерлердің терең академиялық білімін, практикалық икемділігі мен дағдыларын тексеруге бағытталған. Ол үшін 3 түрлі формадағы тапсырмалар қолданады:

- 1) бір дұрыс жауапты таңдау,
- 2) бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдау,
- 3) бір ғана мәтін аясында адамның академиялық және әдістемелік әлеуетін білуге мүмкіндік беретін бір дұрыс жауабы таңдалатын мәнмәтіндік тапсырмалар.

Тапсырмалар мазмұны мен формаларының әртүрлілігі оқу материалдарын жаттап алу және болжап белгілеу жағдайларын болдырмай, педагог қызметкерлердің нақты білімі мен қабілетін анықтауға мүмкіндік береді.

Тестілеудің жалпы уақыты – 3 сағат 20 минут (200 минут), ал математика, физика, химия, информатика пәндері үшін – 3 сағат 50 минут (230 минут).

Тест құрылымы

| Блок | Тапсырмалар саны | | Тапсырманың формасы | Бағалаудың нысаны | Уақыт (минут) |
|------------------------------|------------------|---|---|--|---------------|
| Оқыту пәнінің мазмұны | 70 | 50 | Бір дұрыс жауапты таңдау | Терең академиялық білімі | 100 |
| | | 10 | Бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдау | Академиялық білім тұрақтылығы және барынша толық бағалау | 20 |
| | | 10 (2 мәнмәтіндік тапсырманың әрқайсысына 5 тапсырмадан) | Бір дұрыс жауабы таңдалатын мәнмәтіндік тапсырмалар | Пәнді академиялық білімге, икемділік пен дағдыларға негізделген практикалық түсінігі жағынан бағалау | 20 |
| Педагогика, оқыту әдістемесі | 30 | 30 | Бір дұрыс жауапты таңдау | Базалық пәндер бойынша жалпы академиялық білімі | 60 |

Балдардың шектік деңгейін анықтау

| Категориялар | Блок | Пәндер бойынша балдар | Біліктілік сынағынан өту (пайызы) | Біліктілік сынағынан өту (балы) |
|--------------------------|------------------------------|-----------------------|-----------------------------------|---------------------------------|
| <i>Педагог-модератор</i> | Оқыту пәнінің мазмұны | 80 | 50% | 40 |
| | Педагогика, оқыту әдістемесі | 30 | 50% | 15 |
| <i>Педагог-сарапшы</i> | Оқыту пәнінің мазмұны | 80 | 60% | 48 |
| | Педагогика, оқыту әдістемесі | 30 | 60% | 18 |
| <i>Педагог-зерттеуші</i> | Оқыту пәнінің мазмұны | 80 | 70% | 56 |
| | Педагогика, оқыту әдістемесі | 30 | 70% | 21 |
| <i>Педагог-шебер</i> | Оқыту пәнінің мазмұны | 80 | 80% | 64 |
| | Педагогика, оқыту әдістемесі | 30 | 80% | 24 |

Бағалау:

Бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл беріледі.

Бір немесе бірнеше дұрыс жауап нұсқасынан:

- барлық дұрыс жауаптар үшін – 2 балл,
- бір қате жіберілген жағдайда – 1 балл,
- екі және одан көп қате жауаптар үшін – 0 балл беріледі.

Максималды балл – 110 балл.

3. Мұғалім қызметінің профессиограммасы және педагогикалық практика

Профессиограмма ұғымы педагогикалық әдебиеттерде XX ғасырдың 70-жылдарының аяғында енгізіліп, қазіргі кезде оның мұғалімдік қызметтің сипаты мен оған қойылатын талаптарды жинақтаған құжатқа айналып отыр. Профессиограммада міндеттемелік-тұлғалық тұрғыдан талаптар көрсетіледі. Осының негізінде профессиограмманың құрылымы мен мазмұнында келесі көрсеткіштер болады:

1. еңбектің пәні мен негізгі нәтижелері беріледі;
2. еңбектің нақты адамның игілігіне бағытталғандығы («гуманистік адами орталықты»);
3. мамандықтың нақты бір құрамдас бөліктерін ажыратпай, оның сипаттамалық жүйесінің тұтастығын сақтай отырып, басымды құрамдас бөлшектерін көрсету;
4. мамандықтың практикалық бағыттылығы;
5. мамандықтың құралдары арқылы адамның мүмкін болатын даму бағыты, мамандықтың перспективалық өзгерістерін көрсету;
6. тұлғаның мамандықпен толықтырылмайтын сипатын.

Тұлға сипаты дегеніміз – тұлғаның жалпыланған қасиеті және әлеуметтік, психологиялық, физиологиялық қырлары арқылы айқындалады. Олар өз кезегінде мынадай мазмұнға ие болуы тиіс:

1. әлеуметтік – ол саналылық, кәсіби қызығушылық пен мүдделер, өзінің кәсіби қызметіне деген қанағаттанушылықтың болуы;
2. психологиялық – мінез-құлық қырлары, есте сақтауы мен зейінінің ерекшеліктері, ақыл-ой үрдісінің жылдамдығы, эмоционалдық ерекшеліктері, еріктік сипаттарының жоғары болуы;
3. физиологиялық – жоғары жүйке жүйесінің типі, мидың реттеушілік жүйесінің ерекшеліктері.

Профессиограмма маманның кәсіби қалыптасуын жетілдіру жолдарын көрсетеді. Сондықтан бұл әдіс маман дамуының сызбасы деуге болады.

Мұғалім профессиограммасы оның имиджін қалыптастыруда негіз бола алады. Өйткені еңбекке орналасушы тұлға туралы алғашқы ақпарат иегері болатын профессиограммада мұғалімнің толықтай тұлғалық сипаты

мен оның мүмкіндіктері көрсетіліп, болашақтағы дамуының анық жолдары беріледі.

Егер біз білім бағалаушы пікірлерден ерікті емес және шындығында білім берудің мақсаттары мен үдерісі қатаң түрде дауға түседі деген тоқтамды қабылдайтын болсақ, бұдан шығатыны, педагогикалық қызмет те



бейтарап бола алмайды. Карр және Кэмис педагогикалық қызметті нақтырақ айтқанда, Аристотель философиясынан шығатын *praxis* терминімен анықталатын адамдық тәжірибенің нысаны деп түсіндіреді. Нақтырақ айтатын болсақ, *praxis* «этикалық ақпаратқа негізделген қоғамдық тәжірибелер, осы тәжірибелердің өн бойынан және тәжірибелік іс-әрекеттер арқылы жекелеген тұлға және мінсіз қоғам үшін игілік ұғымы өзінің тәжірибелік бейне-сипатын табады» деп

анықталады (Carr and Kemmis, 2009). Осылайша, білімді адам ретінде әрекет ету – бұл имандылық және қоғамдық рөл нормалары негізіне сай жұмыс бағыттарын орындау немесе мұғалімге қатысты – мінсіз қоғам және табысты оқыту туралы түсіндіруді қажет етпейтін тұжырымға сәйкес әрекет ету. Тәжірибелік даналық ретінде белгілі болған, моральдық аспектілерді жетік меңгерген мұғалімдер іске асыратын осындай қоғамдық тәжірибе *phronesis* (phronesis) терминімен белгіленеді. Бұл тәжірибелік даналықты теорияда жаттап алып, кейіннен тәжірибелік мәнмәтінде қолдану мүмкін емес, себебі бұндай мәнмәтін тарихи қалыптасқан салт-дәстүрлерге, педагогикалық ойға және қызметке толы. Сондықтан тәжірибелік даналық бағалау позициясын қабылдауына қарай біржақты болатыны сөзсіз. Карр «тәжірибелік даналыққа тек тәжірибеде жүрген, өз тәжірибесіне негізделген, асқан шеберлік стандарттарына қол жеткізуге талпына отырып, жекелеген жағдайларда игіліктің тиісті қалпын бере алатын дана және орынды ойлар білдіру қабілетін дамытатын адамдар ғана ие бола алады» деп атап өтті (Carr, 2006). Осылайша, педагогикалық қызмет – бұл *praxis* нысаны, яғни білім беру саласындағы практик-маман үнсіз қабылдайтын, мінсіз қоғамның бейнесін іске асыруға бағытталған саяси әрекет.

Өзін өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Кәсіп, педагогикалық кәсіп деген не?
2. Мамандық ұғымына анықтама беріңіз.
3. Педагог мамандығы қалай пайда болды?
4. Педагог мамандығына қалай ие болуға болады?
5. Педагог мамандығы қалыптасуының жолдарын көрсетіңіз.
6. 2018 жылы енгізілген Ұлттық біліктілік тестілеудің ережесін түсіндіріңіз.
7. Педагогикалық қызметтегі *praxis* ұғымының мазмұнын тұжырымдаңыз.

Жеке зерттеу жұмысын жүргізу. Тақырыбы: «Мен таңдаған мамандықтың мәртебесі» Есептік формасы: эссе (100 сөз)

Тақырыбы: «Жаңа формация мұғалімінің моделі»

Есептік формасы: жоба әзірлеу, қорғау

1.4. Бастауыш мектеп мұғалімінің кәсіби құзыреттілігі

Жоспар:

1. Құзыреттілік ұғымы және оның жіктелуі

2. ҚР нормативтік құжаттарында анықталған қазіргі заман мұғаліміне қойылатын талаптар

Мақсаты: Бастауыш мектеп мұғалімінің кәсіби құзіретіне қойылатын талаптарды анықтау

Негізгі ұғымдар: құзыреттілік, педагог мәртебесі, нормативтік-құқықтық құжат.

1. Құзыреттілік ұғымы және оның жіктелуі

«Нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесі» ұғымының Қазақстан Республикасындағы білім саласына енуіне байланысты «білім», «білік», «дағды», «білімділік», «дайындық» сияқты ұғымдары автоматты түрде «құзырет», «құзыреттілік» ұғымдарымен алмастырылып, қазіргі уақытта практиктердің кеңінен қолданылып жүрген үйреншікті сөзіне айналып кетті.

«Құзыреттілік» ұғымының кең таралымына қарамастан, бұл ұғымның мәні терең ғылыми талдауларды және оны негіздеуді талап етеді. Сондықтан да талдау ең алдымен, қолданыстағы ұғымның не екендігіне жауап іздеуден басталады.

Қазіргі уақытта жеке тұлғаның психологиялық, теориялық және практикалық дайындық сұрақтары, педагог бойындағы кәсіби қасиеттер мен қабілеттердің қалыптасуы, оның беделі мен кәсіби шеберлігі, педагогикалық ойлауы, ғылыми еңбекті ұйымдастыру мен біліктілікті жоғарылату мәселелері бойынша кең түрде әдебиеттер қоры құрылды. Оларға С.И.Архангельский, Ф.Н.Гонобалин, Н.В.Кулюткин, И.Т.Огородников, А.И.Пискунов, В.А.Сластенин, А.И.Щербаков, Н.В.Кузьмина, Н.Ф.Талызина, В.В.Краевский, Н.Д.Хмель, С.Т.Каргин, А.К.Маркова, К.С.Оспанов және тағы басқалардың ғылыми еңбектерін жатқызуға болады.



Бұл зерттеу жұмыстары педагогтардың кәсіби дайындық мәселесін өңдеуге неғұрлым салмақты үлесін қосты, сонымен бірге қоғамдық және педагогикалық тәжірибенің маңызды қажеттіліктері арасындағы қайшылықты шешу мүмкіндігін береді.

Бүгінгі күнде «құзыреттілік» түсінігі тек қана негізгі педагогикалық категориялардың бірі ретінде ғана емес, сонымен бірге пәнаралық зерттеудің, яғни, «педагогтың кәсіби құзыреттілігі» түсінігінің мәнін анықтау мәселесі психологтардың, педагогтардың, маман-практиктердің және т.б. арасындағы дау мен қайшылықтардың объектісі болып табылады.

Егер де құзыреттілікті кәсіпқойлық жүйесіндегі орнын анықтауға тырыссақ, онда ол мамандықты меңгерудің неғұрлым жоғары деңгейін көрсететін орындағыштық пен жетілгендік арасында; көптеген авторлармен белгілі бір іс-әрекетті орындауға дайындық ретінде жеке тұлғаның «тұлғаның ішкі дайындығы», өзгеше «алдын ала дайындық» жағдайы мен шеберлігі арасында болады.

Compete – негізгі латын термині, ол «білу», «істей білу» және «табысқа жету» дегенді білдіреді. Бұл мағыналар жалпы түрдегі құзыреттіліктің мәнін ашады. Кәсіби құзыреттілік категориясын әрі қарай өңдеу үшін, берілген мағыналарды нақтылап, ашып қарастыру қажет және оларды жалпы логикалық бір жүйеге біріктіру керек.

Білу кәсіби функцияларды жүзеге асыру үшін қажетті объективті дұрыс және нақты білімді ғана емес, сонымен бірге білім мен іскерлікті қолдануға бағыттап, объективті маңызды болып саналатын құндылықтарды білдіреді.

Істей білу педагогикалық үрдісті жүзеге асыруда операциялы түріндегі әдістерді орындауды ғана емес, сонымен қатар субъект болатын адамның негізгі іскерлігі, өзінің ішкі, рухани тәжірибесінде қалай болса, тура солай сыртқы кәсіби педагогикалық болмысында да өз бетінше және саналы түрде өз тағдырын өзі анықтай білуі.

Табысқа жету белгілі бір заңдылықтар, өнегелілік пен мәдениет аумағында өзінің алға қойған мақсаттарына жете білу іскерлігін білдіреді.

Арнайы құзыреттілік оқыту жүргізілетін белгілі бір мамандық немесе оқытылатын пән бойынша терең білімдерді, біліктілік пен өндірістік іс-әрекет тәжірибесін; нақты бір өндіріспен байланысты техникалық шығармашылық есептерді шешу әдістерін білуді қарастырады.

Әдістемелік құзыреттілік оқытудың алуан түрлі әдістерін меңгеруі, дидактикалық әдістер мен тәсілдерді білуі және оқыту үрдісінде оларды

қолдана білу іскерлігі, оқыту үрдісінде білім мен іскерлікті меңгерудің психологиялық механизмдерін білуді қарастырады.

Психологиялық – педагогикалық құзыреттілік педагогикалық диагностиканы меңгеруді, оқушылармен педагогикалық мақсатқа сәйкес қатынасты құра білу іскерлігі, педагогикалық диагностика нәтижелерінің негізінде жеке жұмыстарды жүзеге асыруды жобалайды; сонымен қатар жас ерекшелік психологиясын білуі, педагогикалық және жеке тұлғалар арасындағы қатынас; оқытылатын пәнге немесе оқушылардың таңдаған мамандығына тұрақты қызығушылықтарын туғыза білу және оларды әрі қарай дамыту іскерлігі жатады.

Дифференциалды-психологиялық құзыреттілік – оқушыларға нұсқау және бағыт-бағдар беру, олардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін көрсете білу іскерлігі, адамдардың эмоционалды жағдайын анықтай білуі; оқушылармен, ұжыммен және басқарушылармен сауатты қарым-қатынасты құра білу іскерлігі жатады.

Аутопсихологиялық құзыреттілік өз әрекетіндегі өз қабілеттерінің деңгейін саналы түрде меңгеру іскерлігін; кәсіби өздігінен жетілу әдістері туралы білуді; өзінде және өзінің жұмысында жіберген кемшіліктердің себептерін көре білу іскерлігін; өздігінен жетілуге ұмтылуды жобалайды.

Жоғарыда аталған құзыреттіліктердің барлығы, біздің пікірімізше, болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың негізі бола алады. Себебі арнайы құзыреттілік бойынша студенттердің пән бойынша білімі, білігі қалыптасады; әдістемелік құзыреттілік процесінде дидактикалық әдіс-тәсілдерді меңгереді; психологиялық-педагогикалық құзыреттілік негізінде қарым-қатынас мәдениетін игеріп, мамандыққа деген қызығушылықтары артады; дифференциалды-психологиялық құзыреттілік – білім алушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін көрсетіп, оларға бағыт-бағдар беруіне ықпал етеді; ал аутопсихологиялық құзыреттілік өздігінен білім алу нәтижесінде студенттердің кәсіби өзіндік жетілуіне, дамуына мүмкіндік береді.

Болашақ шет тілдер мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу ерекшелігін С.А.Панина қарастырады. Бүгінгі таңда бастауыш сынып мұғаліміне ағылшын тілін меңгеру қажеттілігі туындап отыр. Автор оны кәсіби құзыреттіліктің жеке түрі, білім, іскерлік пен дағды жүйесі ретінде қарастырып, мұғалімнің кәсіби әрекеті үшін қажетті педагогикалық объектерді пайдаланудағы әдістердің сәйкес келуі деп түсіндіреді.



Бастауыш сынып мұғалімінің құзыреттілік бағыттары:

1. арнайы құзыреттілік – өзінің кәсіби қызметін жеткілікті дәрежеде меңгеру, өзінің кәсіби дамуын жобалай білу;
2. әлеуметтік құзыреттілік – бірлесе қызмет атқару, ынтымақтасу мен кәсіпке қатысты қарым-

қатынасты меңгеру, кәсіби еңбегінің нәтижелері үшін әлеуметтік жауапкершілік;

3. жеке тұлға құзыреттілігі – өзін көрсете білу мен дамытудың амалдарын, құралдарын игеру және кәсіби еңбектегі даралық;

4. дара құзыреттілік – өзінің қабілетін жүзеге асыру, кәсіп аясында өз даралығын дамыту қабілеттігі, кәсіби тұрғыдан өсуге деген дайындық, өзінің даралығын сақтау қабілеті, еңбегін ұтымды ұйымдастыруға икемділігі, еңбекті қиындықсыз, шаршаусыз, тіпті сергіту арқылы нәтижеге жеткізу.

Жоғарыда аталған құзыреттіліктің түрлері тұлғаның кәсіби іс-әрекетінде, кәсіби қарым-қатынас жасауда, кәсіби жеке тұлға ретінде қалыптасуында байқалады және оның даралығының кемелденуін белгілейді.

Жалпы кәсіби құзыреттілік анықтамаларын жалпылай отырып, келесідей қорытынды жасауға болады: *мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі* дегеніміз – бұл педагогикалық және тәрбие міндеттерін дұрыс шешу үшін ғылыми және практикалық білімдерін құра білу іскерлігінің жиынтығы.

2. ҚР нормативтік құжаттарында анықталған қазіргі заман мұғаліміне қойылатын талаптар.

Мұғалім білім берумен, тәрбиелеумен, яғни, баланы тұлға ретінде қалыптастыруымен айналысуына байланысты, оған ата-ана, қоғам зор талап қояды. Қазақстан Республикасында мұғалімге қойылатын талаптар нормативтік-құқықтық құжаттарда нықталады. Ең негізгі білім саласындағы нормативтік-құқықтық құжат – Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы мемлекеттің білім саласындағы саясаттын, оның принциптерін, білім жүйесін, Қазақстан Республикасының азаматтарының, шетел азаматтарының білім жүйесіндегі құқықтарын анықтайды. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007 жылы 27 шілдеде бекітілген, сонымен қатар, 2014, 2015, 2017, 2018 жылдары өзгертулер және толықтырулар енгізілді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 12 тарау, 68 баптан құрылған. Педагогтың мәртебесі, құқықтары, міндеттері, жауапкершілігі 7-тарауда айқындалған. 50-бапта педагог қызметкердің мәртебесі туралы, 51-бапта педагог қызметкердің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі туралы жазылған. Педагогке қойылатын талаптарды атап айтсақ, «Білім туралы» ҚР Заңында педагог жұмыскерге келесі міндеттер жүктеледі:

1) өзінің кәсіптік құзыреті саласында тиісті теориялық және практикалық білімді және оқыту дағдыларын меңгеруге;

2) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз етуге;

3) білім алушыларды жоғары имандылық, ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсету, қоршаған дүниеге ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

4) білім алушылардың өмірлік дағдыларын, құзыретін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға;

5) өзінің кәсіптік шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін ұдайы жетілдіріп отыруға;

6) бес жылда бір реттен сиретпей аттестаттаудан өтуге;

7) педагогтік әдеп қағидаларын сақтауға;

8) білім алушылардың, тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;


9) білім алушылар жасаған, оның ішінде білім алушыларға қатысты қылмыстық құқық бұзушылықтар фактілері туралы не өздеріне белгілі болған, білім беру ұйымдарынан тыс жерде болған осындай құқық бұзушылықтар жасау фактілері туралы құқық қорғау органдарына дереу хабарлауға;

10) өмірде қиын жағдайға тап болған баланы анықтағаннан бастап бір жұмыс күні ішінде кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы жүйесі органдарына хабарлауға міндетті.».

Сонымен қатар, «Білім туралы» Заңында педагогке оқу-тәрбие процесінде саяси үгіттеуге, діни насихат жүргізуге тыйым салынатыны жөнінде айтылған.

Мұғалімге қойылатын талаптарды анықтау, педагогикалық мамандықтың күрделілігін, ерекшеліктерін айқындауды Педагогтің кәсіби стандарты көздейді. Аталған құжат «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының 2017 жылғы 8 маусымдағы № 133 бұйрығымен бекітілген. Педагогтің кәсіби стандартында педагогтік іс-әрекетке заманауи анықтама берілген: «Педагогтік іс-әрекет – бұл бір адамның басқа адамға тікелей әрекет жасауы емес, олардың өзара әрекеттесуі. Сондықтан педагогтің әрекет объектісі педагогикалық процес болып табылады, ал білім алушы әрекет жасау объектісінен әрекет субъектісіне ауысады». Осы анықтама негізінде мұғалімге қойылатын талаптар нақты көрсетілген. Біріншіден, педагог «білім алушының тұлғасын, оның құқығы мен бостандығын құрметтеу» қажет; екіншіден, «басқа сенімдерге, әлем мен дәстүрлерге деген көзқарастарына толеранттылық білдіруге» тиісті. Сондай-ақ педагогте келесі қабілеттер болуы қажет:

Сурет №11 Педагогикалық қабілеттер



Өзін өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Педагог қызметкердің мәртебесі жөнінде ҚР «Білім туралы» Заңында қалай айтылған?
2. Педагогтің кәсіби стандартында педагогқа қандай талаптар қойылады?

Ұсынылған тақырыптардың біріне реферат жазыңыз

1. Бастауыш сынып мұғаліміне қажетті құзыреттілік бағыттарының ықпалы
 2. Бастауыш мектеп мұғалімінің кәсіби құзыреттілігі
- Есептік формасы: реферат*

1.5. Педагогикалық қарым-қатынас – педагогикалық процес субъектілерінің өзара әрекеттесуінің негізі ретінде.

Жоспар:

1. Педагогикалық қарым-қатынас түсінігі және құрылымы.
2. Педагогикалық қарым-қатынастың қызметтері, түрлері, кезеңдері, стильдері.
3. Педагогтың сөйлеу мәдениеті – кәсіби іс-әрекет жетістігінің шарты ретінде.

Мақсаты: Болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін педагогикалық қарым-қатынас түрлерімен, ерекшеліктерімен, стильдерімен таныстыру, коммуникативтік іскерліктерін дамытуға жағдай жасау.

Негізгі ұғымдар: сөйлеу мәдениеті, сөздік қарым-қатынас, сөйлеу іс-әрекеті, сөйлеу техникасы, мұғалімнің сөйлеуіне қойылатын этикалық талаптар, мұғалімнің коммуникативті құзыреттілігі.

1. Қарым-қатынас немесе коммуникация процесі кең, ауқымды ұғым, ол – саналы және санасыз байланыс, ол – мәліметті тасымалдау және қабылдау, ол – барлық жерде және үнемі байқалатын процесс.

«Қарым-қатынас – біріккен іс-әрекетке деген қажеттіліктен туындайтын адамдар арасындағы байланысты құратын және дамытатын күрделі, көп жоспарлы процесс» (*Қысқа психологиялық сөздік*).

«Қарым-қатынас – адамдар арасындағы байланысты құру мен дамытуда, жеке тұлғалық қарым-қатынасты қалыптастыруда көрінетін және біріккен іс-әрекетке деген қажеттілікті туындататын жеке тұлға белсенділігінің универсалды формасының бірі (таным, еңбек, ойынмен бірге)» (*А. И. Конюхова*).



«Қарым-қатынас – бір адамның екінші адамға әсер ету нәтижесі болып табылатын, адамдар арасындағы байланыс» (*М. В. Гамезо, И. А. Домашенко*).

Әрбір адам әлеуметтік ортада өмір сүргендіктен басқа адамдармен ақпарат алмасады, тәжірибесімен бөліседі, бірігіп ынтымақтастық қарым-қатынастарды сақтауға тырысады. Яғни, қарым-қатынас үнемі әлеуметтік, ұжымдық сипатта болады. Сондықтан *қарым-қатынасты* адамның әлеуметтік ортаға бейімделуінің негізгі факторларының бірі деуге де болады. Олай болса *қарым-қатынас* – айнала қоршаған дүниемен адамдар арасындағы байланысты тұрақтандырушы.

Жалпы ойланып қарасақ қарым-қатынасты орнату өнерін жақсы меңгерген адам өмірде де көп жетістіктерге жете алады, жұмысында да беделі, абыройы жоғары болып қоршаған адамдардың сый-құрметіне бөленеді.

Соңғы жылдары қарым-қатынас мәселесі көп ғылымдардың зерттеу пәніне айналды. Онымен философтар, әлеуметтанушылар, мәдениеттанушылар, экономистер, саясаттанушылар, заңгерлер, психологтер мен педагогтер, менеджерлер тығыз айналысуда. Әр ғылым бұл феноменді өз мақсаттары мен міндеттері тұрғысынан зерттеу үстінде.

Ғылым аралық ұғым ретінде *қарым-қатынас* – өзара іс-әрекеттер қажеттіліктерінен туындайтын және ақпараттармен алмасуды, өзара түсінісуді, қабылдауды қамтитын адамдар арасындағы байланыстарды орнатудың және даытудың күрделі процесі ретінде қарастырылады.

Педагогикалық іс-әрекетте де қарым-қатынастың алатын орны өте жоғары, себебі педагогтың негізгі атқаратын қызметтері болып табылатын *тәрбиелеу, оқыту, білім беру дамыту қалыптастыру* процестерін қарым-қатынассыз көз алдыға елестету мүмкін емес.

Педагог мамандығына байланысты *кәсіби-педагогикалық қарым-қатынас* ұғымы қолданылады. Жай қарапайым күнделікті тұрмыстық қарым-қатынас пен кәсіби-педагогикалық қарым-қатынастың айырмашылығы өте

көп. Мысалы, адам өзінің жақын танысымен кездесіп қалып бір мәселе жайлы сөйлесіп тұрса ол жәй тұрмыстық қарым-қатынас болады. Егер мұғалім балалар алдында сабақ беріп тұрса – бұл мүлде басқа қарым-қатынас. Екінші жағдайда мұғалім қарым-қатынасты оқушылар ұжымымен арнайы күнтізбелік жоспардағы бір тақырыпқа байланысты сабақ жоспары бойынша ойластырып ұйымдастырады.

В.А.Сластенин *педагогикалық қарым-қатынас* деп педагог пен оқушылардың арасындағы өзара әрекеттерінің мақсаты мен мазмұнынан туындайтын қатынастарды орнатып дамытуды, өзара түсінушілік пен әрекеттестікті ұйымдастырудың күрделі процесін атайды. Педагогикалық қарым-қатынаста педагог жетекші роль атқарады, себебі ол баламен болатын қарым-қатынасты ұйымдастыру үшін алдын ала көптеген педагогикалық міндеттерді анықтайды, сол міндеттерді шешудің тиімді жолдарын іздестіреді. Қарым-қатынасқа байланысты қойылатын міндеттер *коммуникативтік міндеттер* деп аталады.

Педагогика ғылымында коммуникативтік міндеттерді шешудің негізгі *кезеңдері* анықталған:

- қарым-қатынас жағдайын бағдарлау кезеңі (мұғалім сыныптың қандай екенін, олармен қандай стильде сөйлесу керек екенін, қандай оқушыларға сөйлеудің қандай әдістерін қолдану керек екенін анықтайды);

- өзіне көңіл аударту кезеңі (пауза, сөз арқылы көңіл аударту, қимыл арқылы - кесте көрсету, көрнекілік құралдар көрсету, тақтаға жазу, т.б.);

1. тыңдаушылардың қарым-қатынасқа даярлығын анықтау кезеңі (тыңдаушылар аудиториясындағы қарым-қатынаста жағымды психологиялық ахуалдың барын не жоғын анықтайды);

2. вербальдық қатынасты орнату кезеңі (ақпаратты ең тиімді жолмен ұғынықты, логикалық жүйелі түрде сөйлеу);

3. мазмұнды және эмоционалды іскері байланысты ұйымдастыру кезеңі (тіл құралын дұрыс қолдану, ақпаратты баяндаудың логикалылығы, монологтің орнына диалогтық қатынас орнату, сұрақтар қою арқылы аудиторияның зейінін тақырып көлемінен алшақтатпау, қызықты проблемалық сұрақтар қою, оқушылардың түсінген не түсінбегенін, қабылдау деңгейлерін анықтау).



В.А.Кан-Каликтың зерттеуінше педагогикалық қарым-қатынастың өзіндік даму динамикасы бар, ол түрлі *сатылар* бойынша іске асырылады.

1. Сабақты не іс-шараны өткізуге дайындалу процесінде болатын қарым-қатынасты *жобалау сатысы* (жоспар құру, қарым-қатынастың *моделін құру*);

2. Қарым-қатынасты тікелей *ұштастыру сатысы* (қарым-қатынастың алғашқы кезеңі, «коммуникативтік шабуыл» жасау).

3. Қарым-қатынасты *басқару сатысы*

(оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін басқару, ойларын жетектеу, іс-әрекет түрлерін ауыстырып отыру қарым-қатынасқа бөгет болып тұрған психологиялық кедергілерді азайту).

4. Педагогикалық қарым-қатынастың барысын және *нәтижелерін талдау сатысы* (қорытынды сатысы, кері байланыс арқылы қарым-қатынас нәтижесін бағалау, қарым-қатынастың тиімділік деңгейін анықтау).

Тәжірибеде бұл қарастырылып отырған педагогикалық қарым-қатынас сатыларының ұйымдастырылу ұзақтығы іс-әрекет мақсаты мен мазмұнына байланысты созылмалы немесе тым қысқа болуы мүмкін.


Педагогикалық қарым-қатынас барысында мұғалімнің жалпы мәдениетінің бір қырын байқауға болады. Қарым-қатынас орнатуда мұғалім тек сөйлеуші емес, сонымен қатар жақсы тыңдаушы да бола алуы керек. Мұғалімдердің өз шәкірттеріне үлкен құрметпен және сеніммен қараулары, оқу процесінде балалар жауабын тыңдауда оларды қолдап, құптап, олардың ойларына, жауаптарына ризашылығын білдіріп отырса, педагогикалық қарым-қатынас әсерлі де тиімді болып, табысты нәтижесін көп күттірмейтін болады.

Сондықтан әр болашақ мұғалім педагогикалық қарым-қатынас түрлерін, оны ұйымдастыру сатыларын, оның кәсіби іс-әрекеттегі маңызды ерекшеліктерін арнайы зерттеп үйренгені абзал.

Адамның күнделікті өмірінде қарым-қатынастың сан-алуан түрлері кездеседі. Психологиялық-педагогикалық іс-тәжірибеде мұғалімдер мен оқушылар арасындағы қарым-қатынастар мынандай негізгі төрт түрге бөлініп қарастырылады:

Вербальды қарым-қатынас – бір адамнан екінші адамға не болмаса бір топ адамдар арасындағы *сөз арқылы* ақпараттармен алмасу процесі. Сөз адамдарға ғана тән, аса маңызды құдіретті күш және вербальды қарым-қатынастың негізгі құралы.

Сурет №12 Қарым-қатынас түрлері



Адамның сөйлеу шеберлігі арқылы оның дүниетанымының кеңдігін, ақылдылығын, мәдениеттілігін, тәрбиелілігін, тіпті мінезін де байқауға болады. Сондықтан көптеген адамдардың сөйлеу шеберліктерінің жетіспеушілігі олардың осал жерлері болып табылады.

Сөздік қарым-қатынас адам миының үлкен жарты шарларының жұмысымен байланысты. Адамның әрбір сөзі бір нәрсені білдіреді, яғни оның мазмұны бар. Қарым-қатынасқа қатысушы адамдар айтылған сөзді жақсы түсініп қабылдаулары үшін олар бір тілде (*қазақ, ағылшын, орыс т.с.с.*) сөйлесулері керек. Сонымен қатар әрбір айтылған сөз ұғынықты, анық, әсерлі болуы маңызды. Сөздің қысқа да нұсқа болғаны дұрыс себебі әр адамның үлкен көлемді ақпаратты қабылдауында, оны меңгеріп санасына сіңіруінде өзіндік ерекшеліктері болады.

Сөздік (вербальдық) қарым-қатынас арқылы ғылыми ақпараттарды бала санасына жеткізуде нақты тәжірибеден алынған мысалдар, қызықты фактілер, орынды мақал-мәтелдер тыңдаушылардың қызығушылықтарын арттырып, олардың назарын такырыпқа шегелей түседі. Вербальды қарым-қатынас екі түрге бөлінеді: аксиалды және ретиалды.

Аксиалды қарым-қатынас – ақпаратты бір адамнан екінші бір адамға жеткізу процесі (мұғалім және жеке бір оқушы арасындағы қарым-қатынас).

Ретиалды қарым-қатынас – ақпаратты бір адамнан бір топ адамға жеткізу процесі (мұғалім және сынып оқушылары арасындағы қарым-қатынас).

Вербальсыз қатынас - мимика, ым-ишара, пантомимика арқылы *сөзсіз* қарым қатынас.

Мимика – адам бетінің бұлшық еттерінің қимыл-қозғалыстары арқылы оның психикалық жағдайының, сезімдерінің, көңіл-күйінің көрінісі.

Ым-ишара (жест) – қарым-қатынас барысында адамның психикалық көңіл-күйіне байланысты қолдарының белсенді қимыл-қозғалыстары.

Пантомимика – қарым-қатынаста адамның қолының, денесінің, аяқтарының қимылдарының қатысуы.

Бір қарағанда сөзсіз қарым-қатынастың болуы мүмкін емес сияқты, бірақ айналаға зейін қойып көңіл бөлсек, ақпараттармен алмасудың тілімізден басқа бірнеше тілдерді үйренуге талпынамыз, компьютер тілін үйренеміз, солармен қатар барлық халықтарға белгілі ым-ишара, іс-қимылдар тілдері белгілі. Бұл тілді меңгеруде өмірдің өзі көптеген сабақтар береді, бірақ көп назар аудармағандықтан біз барлығымыз оларды бірдей толық меңгере бермейміз,

Вербальды қарым-қатынасқа қарағанда вербальсыз қарым-қатынастан көбірек ақпараттар алуға болады. Өмірде естуге қарағанда адам көру арқылы көбірек ақпарат алады екен.

Сөйлеу барысында адамның мимикасы, іс-қимылдары да қатысып тұратыны белгілі. Қарым - қаншама сөзсіз тәсілдері қолданылатынын аңғаруға болады. Біз ана қатынас барысында адамның бет-әлпеті, әсіресе көзі



көп ақпарат береді. Көзі арқылы да адамның қандай көңіл күйде екенін түсінуге болады. Халықта «Көз – адам жанының айнасы», - деп тегін айтылмаған. Қоршаған дүние туралы ақпараттың 80% адам көру арқылы ала алады. Сөйлесу барысында адамның көзін көріп тұрмасақ бізге әңгімемізді жалғастыру қиынырақ. Мысалы сіздің әңгімелесушіңіз көзіне қап-қара көзілдірік киіп отырса сіз оның көзін көрмегендіктен бір ыңғайсыздықты сезінесіз. Немесе мынандай мысалдарды салыстырып көрейік:

1. Мұғалім өзі оқитын дәрісін магнитофонға жазып аудиторияға әкеліп қосып кетсін.

2. Мұғалім өзі аудиторияда тақта алдында лекция оқып тұрсын.

3. Мұғалім тақта алдында емес, артқы парта жақта тұрып лекциясын оқысын.

4. Мұғалім өзі дәріс оқып тұр, бірақ көзінде қап-қара көзілдірік киіп алған болсын.

Қай жағдайда дәріс жақсы қабылданады? Неліктен? Өз жауаптарыңызды түрлі мысалдармен негіздеңіздер.

Көзқарастардың өздері әр түрлі болып ажыратылады. Мысалы: төмендегідей көзқарастарды әр адам күнделікті қарым-қатынаста кездестіреді:

1. Көзді үлкен ашып қарау – таң қалғанда, қуанғанда кездеседі.

2. Тура қарау – адамға деген қызығушылықты, құрметті, онымен сөйлесуге дайындығын көрсетеді.

3. Қабақты түйіп қарау – ашуланғанда, ренжігенде, бір нәрсеге ызасы келгенде.

4. Алысқа қарау – ойлау, бір нәрсеге күмәндағанда байқалады.

5. Қиғаш көзқарас – бақылап қарау, бір нәрсеге риза болмағанда кездеседі.

6. Көзін көрсетпей, темен қарау – кінәлі болғанда, бағынышты болғанда.

- Жоғарыдан төмен қарау – менсінбеу, өзін жоғары санау.

Сонымен қатар адам көзінің бұлшық еттерінің қимылы да басқаларға ол туралы көп ақпарат береді. Қабақты түйю, тесіле қарау, бір көзін қысу, көзді жұму, кірпікті жыпылықтату т.с.с. адам бетіндегі мимикалық өзгерістер қарым-қатынас барысында қосымша мәлімет беріп тұрады. Мінеки, осылардың барлығын мұғалім бала бетінен оқи алатын болса оған қарым-қатынастың кез келген түрін жүргізу қиын емес.

Интербелсенді қарым-қатынас адамдардың өзара тығыз әрекетте болуларын, тығыз байланыста, көпшілік ішінде жұмыс істей алуға бейімделуін қарастырады. Интербелсенділік қарым-қатынас қазіргі педагогикалық технологиялардың негізін құрайды, оның барысында оқушылардың да, педагогтардың да өздерін дамытуға, іске асыруға тиімді, қолайлы жағдай жасалуы көзделеді.

Өзара әрекеттесу барысында тұлға аралық қатынастардың бекуі, өзара түсінісуі, көпшілік арасында адамның жеке қабілеттерін таныта алуы маңызды. Барлық ұжымдарда аса беделді мүшелері болады, бірақ оған

қарамастан оқушылардың барлығының белсенділігін арттыруға мұғалім қолайлы жағдай жасауды көздейді. Өзара қарым-қатынастары бекіген, ауызбіршіліктері бар ұжым өте ұйымшыл болып келеді, және әрқашан да бірі бірімен ынтымақтастықта жұмыс істеуге бейімделеді.


Ұжым ішінде бір адамның екінші адамға оң, жағымды көзқарасының қалыптасуы *симпатия* деген ұғыммен анықталады. Ал *антипатия* – бір адамның басқа адамға теріс көзқараста болуы, жақтырмауы.

Әр адамға топ ішінде, ұжым ішінде жұмыс істегендіктен басқаларға үнемі жақсылық жасау, бір-біріне деген сенімділік, түсінушілік, сыйластық орнатуға үйрену керек.

Осындай қарым-қатынасқа балаларды мектеп жасынан бейімдеу үшін мұғалім сыныптағы оқушылардың бірлескен іс-әрекеттерін ұйымдастырудың ерекшеліктерін жете зерттеп оны ұйымдастыра алуы керек. Әрқашанда балалардың жақсы жақтарына, оң қылықтарына көп көңіл бөлініп, көпшілік алдында оқушының жағымды қасиеттері бағаланып отырса, ондай бала басқаларға үлгі көрсете отырып одан әрі жақсы жетістіктерге жетуге ынталанады.

Интерактивті қарым-қатынастың негізгі ерекшелігінің бірі ретінде оның бір топтағы адамдардың ортақ мақсатқа жетудегі бірлескен іс-әрекеттерін қарастыруға болады. Яғни, бұл жерде адамдардың өзара әрекеттестігі маңызды болып көрінеді.

Сурет №13 Интербелсенді қарым-қатынастың екі түрі болады:



Интербелсенді қарым-қатынасты ұйымдастырудың мақсаты – адамдар арасындағы қарым-қатынас құлықтарын жақсарту. Ал қарым-қатынастар тек жақсылық жасау арқылы жақсарады, сондықтан топ ішінде өзара көмек, өзара сыйластық, өзара қолдау, өзара түсіністік сияқты ізгі әрекеттердің көп орындалуы табысты нәтижеге жетудің кепілі.

Бұл қатынастарды дұрыс басқара алу үшін мұғалім оқушылар ұжымының құрылымын, даму сатылары мен ерекшеліктерін терең зерттеп,

олардың темперамент типтерін (меланхолик, сангвинник, холерик, флегматик) жетік білгені абзал.

Перцептивтік қарым-қатынас – басқа адамның ішкі жан дүниесін сезіне алу (*perceptio* – қабылдау, сезіну, психикалық түйсіну қызметі). Перцепция – сезім органдары арқылы алынған ақпараттарды өңдеу мен танудың, түйсінудің психикалық қызметі. Әрине, даму үстіндегі тұлғаның ішкі жан дүниесін түсіну күрделі процесс. Бұл қабілет көбінесе психологтарда, дәрігерлерде, педагогтерде байқалады. Адамның өзін басқаның орнына қоя алып оны сөзсіз түсіне алуы, сезінуі *эмпатия* деп аталады. Әсіресе мұғалім мен шәкірт арасындағы қарым-қатынаста эмпатия арқылы балалардың тұлғалық қасиеттерін бағалауға болады. Сонымен педагогикалық іс-әрекеттегі эмпатия – мұғалімнің өз шәкіртінің ішкі жан дүниесін сезіне алуынан, өзін оның орнына қоя алуынан байқалады. Педагогтың эмпатиялығы оқушылармен тығыз қарым-қатынастағы кикілжің, шиеленіс жағдайлардан тиімді жол тауып шығуына көп септігін тигізеді. Ал адамның өзін-өзі түсінуі, өзін басқалардың қалай қабылдайтыны жайлы өзін талдап бағалауы *рефлексия* деп аталады. Адамның «Мен қандаймын?», «Мені басқалары қалай қабылдайды екен?» деген сұрақтарға жауап іздеуі рефлексиялық процесс болып табылады.

Перцептивті қарым-қатынасты ұйымдастыру үшін оқушылардың психофизиологиялық, жас және дербес ерекшеліктерін меңгеру қажет. Неғұрлым мұғалім шәкірттерін түсінуге ұмтылған сайын оқушылар да мұғалімге түсінушілікпен қарайтын болады. Бұл жағдайда педагогикалық процестің екіжақтылық сипаты байқалады.

Өкінішке орай, өз әрекеттеріне рефлексиялық талдау жасай алмайтын мұғалімдер де кездеседі.

Ондай адамдар педагогикалық процестегі кез-келген сәтсіздікте тек оқушыларға кінә тағады және үнемі өзінің іс-әрекеттерін дұрыс деп есептейді. Олар бала жанын түсінуге тырыспай, оның пікірлерімен санаспай, керісінше оның айтқандарын елеп-ескермей, сөздерін аяғына дейін тыңдамай, өз еріктері бойынша шешім қабылдай береді. Бұл жағдайда бала педагогикалық іс-әрекеттің субъектісі емес, тек объектісі ретінде қала береді.

Сонымен педагогикалық қарым-қатынастың тұлға дамуындағы маңыздылығын атай отырып оның атқаратын мынандай негізгі *қызметтеріне* (функцияларына) тоқталып өтейік:

1. *Қарым-қатынастың коммуникативтік қызметі* арқылы ақпараттармен алмасу процесі іске асырылады. Оқушыларды тәрбиелеу, оқыту, олардың тұлғаларын дамытып қалыптастыруда маңызы зор.

2. *Қарым-қатынастың интербелсенділік қызметі* арқылы оқушылардың өзара бірлескен ынтымақтастық іс-әрекеттерін ұйымдастыру, реттеу, басқару іске асырылады.

3. *Қарым-қатынастың перцептивтік қызметі* арқылы оқушылардың психикалық жағдайын сезіне алу, олардың көңіл-күйін түсіне білу іске асырылады.

Қарастырылып отырған қарым-қатынас қызметтері нақты педагогикалық іс-әрекетте өзара бір-бірімен тығыз байланысып жатады. Себебі ақпараттармен алмасу барысының өзінде мұғалім оқушылардың ішкі жан дүниесін сезініп және олардың өзара бірлесіп оқу-танымдық жұмыстарға қатысуын іске асыра береді.

Мұғалім тәжірибесінде орын алатын педагогикалық қарым-қатынастың түрлерімен қатар оның негізгі стильдерімен танысып өтейік. Педагогикалық қарым-қатынас стилі – педагогтың өз шәкірттерімен әрекеттесуінің дербес-психологиялық ерекшеліктері. Әр мұғалімнің балалармен қарым-қатынас орнатуында өзіне ғана тән ерекшеліктері болады. Осы ерекшеліктеріне байланысты әр мұғалімнің кабинетке кіруімен бірге оқушылар сыныбында әр түрлі психологиялық ахуал орын алады.


Педагогика, психология, әлеуметтану ғылымдарында қарым-қатынастың мынандай стильдері топтастырылған: авторитарлық, либералдық, демократиялық.

1. *Қарым-қатынастың авторитарлық стилінде* мұғалім оқушылардың қызығушылықтарын ескерусіз өзі ғана шешім қабылдайды, мұнда мұғалім: «Менің айтқаным заң», «Мен бұйырамын, сендер орындайсыңдар» деген позицияны ұстанады.

2. *Қарым-қатынастың либералдық стилінде* мұғалім өз бетінше шешім қабылдаудан бас тартып, жауапкершілікті оқушыларға, әріптестеріне ысырады. Мұғалім «Сен тимесең, мен тимеймін», «Қалай болса, солай болсын» деген позицияны ұстанады.

3. *Қарым-қатынастың демократиялық стилінде* оқушы мен мұғалім педагогикалық қарым-қатынастың тең құқылы субъектілері ретінде қарастырылады. Бұл стиль бойынша жұмыс істейтін мұғалім: «Бәріміз бірге жоспарлаймыз, бірігіп орындаймыз, бірігіп жетістікке жетеміз» деген позицияны ұстанады.

Жеке қарым-қатынас кедергілері біріншіден алғашқы әсердің тиімділігі, екіншіден әсердің бірлігі, үшіншіден әсердің қайталануы, төртіншіден әсердің үздіксізділігі. Қатынасқа түсушілер бірін-бірі тануда қабылдауда маңызды қарым-қатынас механизмдерін меңгеруі тиіс олар идентификация, рефлексия және стереотипизация.



Идентификация – бұл бөгде адамды саналы түрде оның өзін түсініп, оның орнына өзін қойып көру ниетімен оның жан дүниесін, ойын, әрекетін, сезімін ойша құрастырады. Рефлексия – адамды түсіну негізіне жатады. Бөгде адамды түсіну – сол адамның қарым-қатынасын қабылдау тек қана өзіне арналғандығын құптау. Осылайша, адамның адамды қабылдауы оның айналадағы бейнесі секілді. Адам бөгде жеке адамды бейнелей отырып, өзін сол адамның қабылдау айнасында



бейнелейді. Қарым-қатынас жүру барысында идентификация мен рефлексия бірлікте болады.

Стереотипизация – қылықтар түрлерінің формасы және кейде ешқандай негізсіз қылықтарды таныс немесе таныс сияқты көрінетін құбылыстарға жатқызу, яғни әлеуметтік стереотипке жауап беру. Стереотип бұл жерде өз бетінше қалыптастырған адам бейнесін әрдайым белгі ретінде ұстану.

Қарым-қатынас – педагогикалық іс-әрекеттің маңызды кәсіби құралы. Педагогикалық қарым-қатынас – бұл жағымды психологиялық ахуалды тудыруға бағытталған мұғалімнің оқушылармен кәсіби қарым-қатынасы. Педагогикалық қарым-қатынас әлеуметтік-психологиялық процесс ретінде мыналармен сипатталады: тұлғаны тану, ақпаратпен алмасу, іс-әрекетті ұйымдастыру, өзін-өзі бекіту. Педагогтың міндеті – оқушыларға өзіндік «Менін тануға» жағдай жасау, өзінің тұлғалық мәнін терең сезінуі, тұлғаның болашағын және адекватты өзін-өзі бағалауын қалыптастыру. Егерде қарым-қатынас өзінің тәжірибесі мен бейнесімен сәйкес қабылданбаса, онда жеке тұлға қарым-қатынаста адам оқшаулану жағдайын сезінеді. Адам қарым-қатынаста қиыншылықтарға кездеседі. Психолог В.А.Лабунская тұжырымдамасы бойынша қиын қарым-қатынас әлеуметтік психологиялық феномен ретінде, адамдардың өзара түсініспеушілік формасында шынайы жағдайларда байқалады. Қиын қатынастың көрсеткіштері қатынас жасаудағы ұзақ үзіліс, бір сөзі жауап беру, дауыс ырғағын жоғарылату, адамды тыңдай алмау, әңгімені жалғастырмау, байланысқа түсе білмеу, көздер байланысының болмауы, дөрекілік, серіктесін кемсіту, менсінбеу, жасықтық, ұялшақтық, келіспеушілік, өтірік, сенімсіздік, бірбеткейлік, серіктесінің пікіріне құлақ аспаушылық. Қарым-қатынас қиыншылығы ішкі күйзеліс жағымсыз эмоциямен білінеді және қарым-қатынастың бұзылуы да тұлға үшін жеке қиыншылықтар туғызады. Жеке адамдар арасындағы байланыста қарым-қатынастың маңызын сапалы түрде ұсынбау ситуациясы болып табылады. Жеке даралық қатынастың бұзылуы-психологиялық көмекті талап ететін қатынас жүйесін өзгерту және коррекциялау арқылы өтеді.

Сурет №14 Психологтар өзара қарым-қатынас кедергілерінің алты типін көрсетеді:

-ситуациялық кедергілер, жағдайды әр түрлі түсіну, жағдайға әр түрлі түсіну, жағдайда әр түрлі деңгейде ену;

-мағыналық кедергілер, алдыңғы хабарға байланыссыз айтқанды қабылдау;

-мотивациялық кедергілер, бір-бірімен қатынасты не себепті жасайтынын түсінбеу;

-өзге адам туралы түсінігі болмау;

-өзге адамды мәдени деңгейі, қажеттігі, қызығушылығы, бағыттылығына қарай қате бағалау;

-кері байланыстың болмауы.

3. Сонымен қатар, мұғалімнің сөйлеу мәдениетінің негізгі көрсеткіштерінің бірі тілдің байлығы мен тазалығы, оны басқа тілдермен араластырмай, алаламай сөйлеуі құлаққа жағымды естіледі және педагогтың абыройы мен беделін жоғарлатады.

Кейбір адамдарда сөйлеу барысында қисынсыз бір сөздерді қыстырып сөйлеу әдетке айналып кеткен. Мысалы, «яғни», «әрине», «демек», «ана барғой», «жалпы», т.б. сөздердің орынсыз қайталана беруі тыңдаушыларға жақсы әсер береді деп айту қиын. Керісінше бұндай сөздердің көп қайталануы адамның сөз қорының аздығын немесе сөйлеу мәдениетінің төмендігін аңғартады. Сөйлеу мәдениетін қалыптастыру үшін адам арнайы жаттығуы қажет.

Бастауыш мектеп оқушыларына мінез-құлық нормалары мен ережелерінің аса кең жиынтығы үйретіледі, оларды оқушылар мұғаліммен және үлкендермен өзара қарым-қатынас жасаудың әртүрлі жағдайларында, сабақтарда, үзілісте жолдастарымен араласқанда, қоғамдық орындарында және көшеде болғанда басшылыққа алуы тиіс. 7-8 жасар балалар бұл нормалар мен ережелердің мәнін айқын түсінуге және оны күнделікті орындауға психологиялық жағынан даяр, бірақ мұғалім және басқа үлкендер оны дер кезінде пайдаланбайды. Балаға талап қоя отырып, кейде оны ұзақ «миына құя» отырып, тәрбиешілер өздерінің тапсырмаларының шын мәнінде орындалумен барлық уақытта бірдей жүйелі түрде және қатал тексеріп отырмайды. Балаларда моральдық өрісінің дұрыс қалыптасуының ең қауіпті жауы – мінез-құлық нормалары мен ережелері жалған сипатта және ішкі қажеттер үшін емес, қандай да бір сыртқы жағдайлардың әсерімен, соның ішінде жазаланамын деп қорыққандықтан орындалуы керек деген ұғым пайда болады.

Балалардың мінез-құлық нормалары мен ережелерін шын мәнінде және негізінен игеруі алдымен педагогтың олардың орындалуын тексерудің жақсы жетілген әдістер мен тәсілдер жүйесінің бар екендігін білдіреді. Осы

нормалар мен ережелерді айқын тұжырымдау, орындаушылықты міндетті түрде мадақтау және ұқыпсыздық пен тәртіпсіздікке бұдан кем емес міндетті және тиісті шаралар қолдану – бастауыш мектеп оқушыларының тәртіптілігі мен ұйымшылдығын тәрбиелеудің маңызды шарттары. Балада осы жаста қалыптасқан осындай моральдық қасиеттер жеке адамның ішкі және табиғи жетістігі болады.

Бастауыш мектеп оқушыларының өзара қарым-қатынасына тән белгі олардың достығы, әдетте, *өмірдің сыртқы мақсаттары мен кездейсоқ мүдделер ортақтасуына* негізделеді. Бастауыш мектеп оқушысының санасы әзірше құрдастарының пікірі өзін-өзі шын бағалаудың критерийі болатындай деңгейге жетпейді. Әрине 8-9 жасар балалар оларға бірге оқитын балалары ептілігі, зеректілігі, батылдығы үшін берген бағаға өте ынталы және егер бұл баға өзі қалағанына басқаша болса, қатты қынжылады. Бірақ мұндай қынжылыстар ұзаққа бармайды, және бастысы, оларды мұғалімнің немесе басқа үлкендердің тарапынан берілген бағалаумен алмастыру оңай. Бастауыш мектеп оқушылары мұғалімнің беделін сөзсіз мойындайды. Олар мұғаліммен әртүрлі: кездейсоқ та қарапайымнан бастап өте маңызды да дара себептермен сөйлеседі. Балалар өздерінің қам-қарекетін, қынжылыстарын, үйдегі оқиғаларын мұғаліммен ашық бөліседі. Ренжіген жағдайда бастауыш мектеп оқушысы мұғалімге айтады, өйткені мұғалім барлығының адамгершілік төрешісі ретінде көрінеді.

Мұғалім еңбегінде тактика деген ұғым да көп рөл атқарады. Ол ешқандай сөзсіз баланың басынан сипау, қолынан ұстап жазуын түзету, иығынан қағып қолпаштап қою, пиджагының жағасын түзетіп қою, қолын беріп құттықтау, қол алысып сәлемдесу т.б. қол қимылдары арқылы жасалатын жақын тарту белгілері. Үлкендердің мұндай жағымды қимылдары кейбір кіші жастағы балаларға өте жақсы, жылы әсерін тигізеді. Мысалы, оқушы қайта-қайта артқы партаға бұрылып сөйлесіп отырса, сабақ түсіндіріп тұрған мұғалім оған орнынан тұрып айқайлап ескерту жасаудың орнына баланың қасына келіп ақырын ғана оны иығынан ұстап өз партасына бұрып қойып, сабағын одан әрі жалғастыра берсе бұндай тактикалық тәсіл әлдеқайда ұтымды нәтиже береді.

Қарым-қатынас жасауда адамның өз денесін тік ұстауы да маңызды. Басын жоғары ұстап, тік жүретін адамдар үнемі өз күштеріне, біліміне сенімді, жұмысқа деген құштарлығымен ерекшеленеді. Егер адам үнемі басын төмен салбыратып, еңкейіңкіреп жүретін болса ондай адамның ішкі әлсіздігі, жұмысқа зауқының жоқтығы байқалады.

Өзін өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Қарым-қатынас дегеніміз не?
2. Педагогикалық қарым-қатынасты қалай түсінесіз?
3. Педагогикалық қарым-қатынастың қандай кезеңдерін білесіз?
4. Педагогикалық қарым-қатынастағы авторитарлық стиль дегеніміз не?
5. Педагогикалық қарым-қатынастағы либералдық стиль дегеніміз не?

6. Педагогикалық қарым-қатынастағы демократиялық стильдің ерекшелігі неде?

7. Эмпатия, симпатия, антипатия ұғымдарын қалай түсінесіз?

8. Педагогикалық қарым-қатынастың қандай түрлерін білесіз?

Педагогикалық қарым-қатынас тақырыбын тұжырымдап, тезис-конспект жазу

Есептік формасы: тезис-конспект (кестелермен, диаграммалармен бірге)

«SMART педагогтің оқу процесін басқару стилі» тақырыбында баяндама жазу

Есептік формасы: баяндама

II модуль. Жаңартылған білім бағдарламаларын жүзеге асырудағы мұғалімнің жобалау іс-әрекеті

1.1 Бастауыш мектептегі жаңартылған білім мазмұнының ерекшеліктері

Жоспар:

1. Бастауыш мектептің оқыту процесіне өзгеріс енгізудің қажеттілігі
2. Бастауышта білім беру мазмұнын анықтайтын нормативтік құжаттардың (стандарт, ҰМЖ, ОМЖ, ҚМЖ) ерекшеліктері
3. Бастауыш мектептегі критериалды бағалау (оқу үшін бағалау және оқуды бағалау)

Мақсаты: Бастауыш мектепте жаңартылған білім мазмұнын жүзеге асыру барысында білім алушыларға педагогикалық қолдау көрсету

Негізгі ұғымдар: стандарт, ұзақ мерзімді жоспар, орта мерзімді жоспар, қысқа мерзімді жоспар, критериалды бағалау, формативті, сумативті бағалау, дескриптор

1. Бастауыш мектептің оқыту үдерісіне өзгеріс енгізудің қажеттілігі

Білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің қазіргі заманғы үрдістерін және қазақстандық білім берудің үздік тәжірибесін кіріктіруге бағытталған. Білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде оқу бағдарламаларын әзірлеу кезінде қазақстандық педагог-практиктердің және ғалымдардың ұсыныстары ескеріліп жасалды.

Оқушылар барлық пәндерді оқу кезінде АКТ қолдану дағдыларын дамытады. Ақпаратты іздеу және өңдеу барысында ұжымда идеялармен алмасады, өз жұмыстарын бағалайды және жетілдіреді, түрлі жабдықтар пен қосымшалардың кең ауқымын пайдаланады. АКТ оқушы білімінің, оларды тиімді қолдану бойынша дағдыларының дамуына жәрдемдеседі.

Оқу бағдарламаларында оқу мақсаттарының жүйесі түрінде берілген күтілетін нәтижелер тұжырымдалған. Күнделікті білім беру процесі оқу мақсаттарына жетуге және оқушыларда алынған білім мен дағдыларды кез келген оқу және өмір жағдайында шығармашылықпен пайдалануға негізделген. Бұл бағдарламаның мақсаты – барлық жастағы, соның ішінде бастауыш сынып оқушыларының кез келген мазмұн түсінікке сыни тұрғыдан қарап, ең керекті пікір, ұйғарым таңдауға, шешім қабылдауға, өзін-өзі бағалауға, бірін-бірі бағалауға үйрету. Оқушылардың білім деңгейін көтеруге, шығармашылыққа баулуға, ойларын еркін айтуға жетелеу. Ең бастысы жекелей, топта, сыныпта оқушылардың білім деңгейін көтеруге ретімен сұрыптап қолданған стратегиялардың қай-қайсысы болсын сабақтың сапасын арттырса, жаңартылған білім бағдарламаларынан күтілетін нәтиже осы болары анық.

Сурет №15 Жаңартылған білім бағдарламаларындағы оқыту әдіс-тәсілдерінің жіктелуі:



Құндылықты-бағдарланған тәсіл – оқушының құндылықтар жүйесін қалыптастырушы оқу-тәрбиелік процестің сәйкесінше формалары арқылы тұлғаның өзін-өзі танытуы үшін алғышарттар құруды көздейді. Орта білім беру құндылықтары: қазақстандық отансүйгіштік және азаматтық жауапкершілік; құрмет; ынтымақтастық; еңбек және шығармашылық; ашықтық; өмір бойы білім алу.

Тұлғалық-бағдарланған тәсіл – педагогтің назарын оқушы тұлғасының тұтастығына, оның тек ақыл-ойы, азаматтық жауапкершілік сезімінің ғана емес, сондай-ақ эмоционалдық, эстетикалық, шығармашылық нышандары мен даму мүмкіндіктерімен қоса рухани дамуы туралы қамқорлыққа шоғырландыруды көздейді.

Жүйелік-әрекетті тәсіл – оқу-тәрбие процесінде оқушының өз бетінше білім алуына бағытталып, осы мақсатта мұғалімнің тиімді іс-әрекеттің түрлі формаларын қолдануын көздейді.

Коммуникативтік тәсіл – бірінші кезекте оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын дамытуға, қарастырып отырған мәтін, қатысып отырған әңгіме мазмұнын түсініп, туындаған жағдаятқа сәйкес тілді қолданып үйренуге бағытталған.

Интегративтік тәсіл – оқу процесін жобалау және өткізу кезінде әр түрлі оқу пәндерінің мазмұнын өзара кіріктіру есебінен оқушыда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға жәрдемдеседі. Бастауыш білім беру мазмұнына ортақ тақырыптарды енгізу әр түрлі пәндік салалардан білімдерді кіріктіруге және сол арқылы алынатын білімдердің функционалдығына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Зерттеу тәсілі – зерттеушілік әрекет дағдыларын дамытуға, ғылыми таным әдістерімен танысуға жәрдемдеседі, оқушыларда танымдық қызығушылық қалыптастырады.

Интербелсенді әдіс – үйретуші мен үйренушілердің өзара әрекеттесуін оқытудың негізі деп танытын және сондай қатынасқа жағдай жасайтын әдістер. Интерактивті сөзі – ағылшын тілінен аударғанда «inter» дегеніміз «өзара» мағнасында, ал «act» - «әрекет жасау» дегенді білдіреді. Интербелсенді әдісті қолдану барысында күтілетін нәтиже төмендегідей:

1. Барлық үйренушілерге таным процесіне белсенді араласуына мүмкіндік жасалады.

2. Бастауыш мектеп оқушылары білімді өздігінен құрастыратын орта құра алады.

3. Өзінің пікірін дәлелдемелер келтіре отырып, тұжырымдай біледі.

Ең бастысы, мұнда мәселені шешу процесі жауапқа қарағанда маңызды екендігін түсіну қажет. Бұл интерактивті әдістің мақсаты – тек ақпаратты беру ғана емес, оқушыларға жауаптарды өз бетінше табу дағдысын меңгерту екендігімен байланысты.

Интерактивті негізде оқу мақсаты:

1. білу емес, үйрене білу
2. өзіне деген сенімге тәрбиелейді
3. шешендік өнерін жетілдіреді
4. танымның мәнін түсінуге көмектеседі (яғни, кейде абсолютті шындық болмайтынын)
5. сыни ойлау дағдыларын дамытады
6. өз пікіріне деген құқығын түсінуді артады

Интербелсенді оқыту – әрекетпен және әрекет арқылы оқыту, бұл ұстаным үлкен нәтижелерге жеткізетін тиімді жүйе деп есептелінеді, себебі адам санасында бірінші кезекте өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасаған істер қалады. Кезінде көне қытай ғұламасы Конфуций (Күн-цзы) былай деген екен: «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң – үйренемін!» деген пікірі дәлел бола алады. Сондықтан интербелсенді оқыту оқушылардың оқу үдерісіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі құралдары ән тәсілдері ретінде танылады.

Интербелсенді әдісте оқушылар төмендегідей білім, білік, дағды, машықтарға үйренеді:

- терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;
- өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
- ақпаратты өздігімен түсініп, жан-жақты талдап, тандап алу;
- өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;
- пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу;
- шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу.

Сол себепті интербелсенді оқытуда оқушылар келесі әрекеттерді атқаруға дайын болу керек:

- бірлескен жұмыс;
- танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік тұрғыдан белсенділік.

Интербелсенді әдістемесінің жұмыс түрлері мен әрекеттері:

- бірлескен жұмыстар (жұптық, топтық, ұжымдық),
- рөлдік және іскерлік ойындар, пікірталастар,
- ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс жасау (кітап, лекция, интернет, құжаттар, мұражай т.б.)
- презентациялар,
- тренингтер,
- интервью,
- сауалнама т.б.

Интерактивті әдістерді қолдануда кейбір ережелерді есте сақтау қажет:

Бірінші ереже. Жұмысқа балалар толығымен қатысуы керек.

Екінші ереже. Балаларды психологиялық тұрғыдан дайындау, сабақ барысында сергіту сәті, балаларды белсенділігі үшін марапаттау, баланың өзін – өзі көрсетуіне жол беру.

Үшінші ереже. Дәрісхана талапқа сай болуы қажет.

Төртінші ереже. Жұмыс орнына назар аудару қажет. Оқу орны ыңғайлы және жайлы болуы қажет. Бала өз пікірін, көзқарасын білдіріп, дәлелдеп беруге мүмкіндік жасалуы қажет.

Бесінші ереже. Оқу барысында процедураға және регламентке назар аудару қажет. Мысалы, белгіленген уақыттан асып кетпеу, бөгде кісінің пікірін сыйлау, сөзді бөлмеу, оның ар-ожданын сыйлау.

Алтыншы ереже. Оқушыларды проблема шешу барысында топқа бөлуге мұқият қарау.

Интерактивтік әдістеме өзара қарым – қатынастың мол ауқымын қамтиды. Дегенмен, әдістемелік амал қандай болса да, оқушылардың өздерінің өмірлік тәжірибелерін білім берудің негізгі көзі саналады. Оқу процесінің барысында мынадай қарым-қатынасқа түседі:

Мұғаліммен (оқушылар мұғалімнің сұрағына жауап берген кезде);

Өзге балалармен (жұптасып жұмыс істеу барысында);

Шағын топтармен (3-5 баламен);

Балалардың үлкен тобымен (көбіне пікірталас, сынып болып әлдебір мәселені талқылау барысында);

Оқыту мен оқудың бұл тәсілі оқытудың сындарлы тәсілімен тығыз байланысты, себебі оқушылар бірлесіп жұмыс істей отырып, пәндердің аралығындағы мәселелерді талқылайды, зерттейді. Оған дәлел: Ми неғұрлым белсенді жұмыс істеген сайын, оқу үдерісі соғұрлым қарқынды жүзеге асады деген Хэтти (2014).

Оқушылар тек тыңдаумен айналыспай, білім алуда белсенді әрекет етуі керек екенін көрсетеді. Белсенді оқу аясында нәтижелі білім алады.

2. Бастауышта білім беру мазмұнын анықтайтын нормативтік құжаттардың (стандарт, ҰМЖ, ОМЖ, ҚМЖ) ерекшеліктері

Мемлекеттік білім стандарты

Қазақстан Республикасының “Білім заңына” сәйкес елімізде білім стандарттары қабылданған.

Стандарт түсінігі латын сөзі негізінде қабылданып, үлгі, өлшем деген мағынаны білдіреді. Білім стандарты мән-мағыналық тұрғыдан сауат, білімділіктің мемлекеттік өлшемі ретінде қабылданып, нақты тұлға мен білім жүйесінің мүмкіндіктерін ескерген талаптар жиынтығын қамтиды.

Білім саласындағы стандарттаудың негізгі нысандары – стандарт құрылымы, оқу жүктемелерінің мазмұны, көлемі және білім алушыны дайындау деңгейі. Стандарт бойынша белгіленген деңгей, дәрежелер мен талаптар білім сапасын бағалау мен білімдену процесінің негізгі қырларын сараптауда нақтыланған өлшем сипатында қабылданады.

Білімді стандарттаудың қажеттігі қоғамдық құбылыс ретінде танылған білім саласындағы түбегейлі өзгерістерге орай туындап отыр. Қазақстан Республикасының егеменді елдер қатарында демократияға, нарықтық қатынастарға, тұлғаның құқы мен еркіндігіне бетбұрысы білім аймағындағы саясатты қайта қарастырып, жаңаланған заман көзқарасымен түсінуді талап етіп отыр. Білім саласы енді ең алдымен жеке тұлғаның рухани қасиеттерін қамтамасыз етуге бет бұрды. Бұл өз кезегінде оқу процесін ұйымдастыру, оқу-оқыту формалары мен әдістерін таңдау және білім мазмұнын іріктеу істеріне көптеген өзгерістердің енуіне себепші болды.

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты

Ескерту. Қаулы қосымшамен толықтырылды – ҚР Үкіметінің 25.04.2015 № 327 (01.09.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – Стандарт) "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 56-бабына сәйкес әзірленді және білім алушылардың дайындық деңгейіне, бастауыш білім беру мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғарғы көлеміне қойылатын талаптарды айқындайды.

2. Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары (бұдан әрі – білім беру ұйымдары) меншік нысандары мен ведомстволық бағыныстылығына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан білім беру қызметін:

1) осы Стандартқа;

2) оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарларына;

3) Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы уәкілетті органы белгіленген тәртіппен бекіткен басқа да нормативтік құқықтық және құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады.

3. Стандартты қолдану:

1) оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде көрсетілген бастауыш білім берудің мақсаттары жүйесіне қол жеткізу есебінен оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыруға;

2) мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде білім беру процесін ұйымдастыру үшін қажетті жағдайлар жасау арқылы үштілді білім беру саясатын іске асыруға;

3) қолданбалы сипаттағы міндеттерді шешу үшін білім алушылардың теориялық білім негіздерін меңгеруі мен алған білімдерін қолдана білуін дамытуды көздейтін бастауыш білім берудің академиялық және практикалық бағыттылығының үйлесімділігіне;

4) білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу пәндері мазмұнының тереңдігі мен күрделілігін қамтамасыз ететін пәндік білім мен дағдыларды кезең-кезеңмен толықтырып отыруға;

5) күнделікті білім беру процесінің мазмұндық негізін айқындайтын білім берудің құндылықтары мен оқытудан күтілетін нәтижелер жүйесінің өзара байланыстылығы мен өзара шарттылығына негізделген оқыту мен тәрбиелеудің бірлігі қағидатын іске асыруға;

6) балалардың денсаулығын сақтауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ білім алушылардың ерекше білімге деген қажеттіліктері мен қосымша білім беру қызметтерін алу қажеттіліктерін қанағаттандыруға қолайлы жағдайлар жасауға;

7) орта білім беру ұйымдарының типтері мен түрлерінің әртүрлілігі жағдайында бастауыш білім берудің баламалылығын қамтамасыз етуге;

8) білім беру ұйымдарындағы инновациялық практиканы қолдау мен дамытуға;

9) білім сапасын қамтамасыз ету бойынша білім беру ұйымдарының қызметін объективті бағалауды ұйымдастыруға бағытталған.

4. Стандарт:

1) білім беру ұйымдарының әртүрлі типтері мен түрлері үшін бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарын;

2) бастауыш білім берудің пәндері бойынша оқу бағдарламаларын;

3) пәндер бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді;

4) пәндер бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау критерийлерін;

5) білім беру ұйымдарында оқыту мен тәрбиелеуден күтілетін нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз ететін басқару жүйесін;

6) білім беру ұйымдарының білім беру процесін мониторингтеу жүйесін;

7) білім беру ұйымдарының білім беру процесін материалдық-техникалық, ақпараттық қамтамасыз етуге қойылатын бірыңғай талаптарды;

8) білім сапасын қамтамасыз ету бойынша білім беру ұйымдарының қызметін бағалау параметрлерін әзірлеу үшін негіз болып табылады.

5. Білім беру ұйымдары тәрбиелеудің, оқыту мен дамытудың әртүрлі әдістерін, нысандарын және педагогикалық технологияларын қолдану

арқылы білім алушылардың Стандартта айқындалған оқытудан күтілетін нәтижелерге қол жеткізуі үшін денсаулық сақтайтын ортаны қамтамасыз етеді.

6. Стандартта Заңға сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады. Оларға қосымша мынадай терминдер мен олардың анықтамалары енгізілді:

1) бастауыш білім берудің базалық мазмұны – типіне, түріне және меншік нысанына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан білім беру ұйымдарында міндетті түрде оқытылуы тиіс бастауыш білім беру мазмұнының құрамы, құрылымы мен көлемі;

2) сабақтан тыс іс-әрекет – білім беру ұйымындағы біртұтас оқу-тәрбие процесінің құрамдас бөлігі, үлгілік оқу жоспарында айқындалған оқу жүктемесінен тыс іске асырылатын білім алушының бос уақытын ұйымдастыру нысандарының бірі;

3) білім беру саласы – мәндес оқу пәндерінің жиынтығын қамтитын бастауыш білім берудің базалық мазмұнының құрамдас бөлігі;

4) үлгілік оқу жоспары – оқу пәндерінің тізбесін регламенттейтін және тиісті білім беру деңгейінің оқу жүктемесінің инварианттық және вариативтік компоненттерінің көлемін айқындайтын құжат;

5) оқу жүктемесінің инварианттық компоненті – білім беру ұйымдарының типіне, түріне және меншік нысанына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан барлық білім алушылар оқып білуге міндетті оқу пәндерін айқындайтын үлгілік оқу жоспарының құрамдас компоненті;

6) оқу жүктемесінің вариативтік компоненті – білім алушылардың білімге деген қажеттіліктеріне сәйкес білім беру ұйымы айқындайтын үлгілік оқу жоспарының құрамдас компоненті;

7) элективті курс – білім алушылардың таңдауы бойынша курс, білім алушылардың білім дайындығын кеңейтуге бағытталған оқу жоспарының вариативтік компонентінің құрамдас бөлігі;

8) оқытудан күтілетін нәтижелер – білім алушының оқу процесі аяқталған кезде нені біліп, түсініп, көрсете алатынын айқындайтын құзыреттер жиынтығы;

9) инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуына тең қол жеткізуін қамтамасыз ететін процесс;

10) бағалау – әзірленген өлшемшарттар негізінде білім алушылардың нақты қол жеткізген оқу нәтижелерін оқудан күтілетін нәтижелермен салыстыру процесі;

11) бағалау өлшемшарттары – мұғалімдер мен білім алушыларға оқытудың мақсатына жеткен-жетпегенін анықтауға мүмкіндік беретін және білім алушылардың жетістіктерін бағалау бойынша шешім қабылдауға негіздеме болатын тұжырым;

12) формативті бағалау – сыныпта күнделікті жұмыс барысында жүргізілетін бағалау түрі, білім алушылар үлгерімінің ағымдағы көрсеткіші болып табылады, оқыту барысында білім алушылар мен мұғалім арасындағы жедел өзара байланысты, оқушы мен мұғалім арасындағы кері

байланысты қамтамасыз етеді және білім беру процесін жетілдіруге мүмкіндік береді;

13) жиынтық бағалау – белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, триместр, оқу жылы), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді оқып аяқтағаннан кейін өткізілетін бағалау түрі;

14) білім беру процесін мониторингілеу – білім беру ұйымдарындағы білім беру процесін жүзеге асырудың нәтижелері мен жай-күйіндегі өзгерістердің динамикасын жүйелі бақылау, диагностикалау, талдау, бағалау және жай-күйін болжау;

15) білім беру құндылықтары – білім беру мазмұнын айқындау үшін негіз болатын, білім алушының тұлғасын қалыптастыруда жетекші фактор болып табылатын оқу мақсаттарының жүйесін құрудағы бағдарлар;

16) білім беру қызметі – білім беру субъектілерінің мақсатты, педагогтік негізделген, дәйекті өзара іс-қимылы барысында жеке адамды оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттері шешілетін процесс.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 15.08.2017 № 484 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. "Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар" деген бөлімде бастауыш білім берудің белгілі бір білім беру саласына енетін пәндер бойынша ұзақ мерзімді сипаттағы мақсаттар жүйесі түріндегі оқытудан күтілетін нәтижелер көрсетілген.

8. "Бастауыш білім беру мазмұнына қойылатын талаптар" деген бөлімде типіне, түріне және меншік нысанына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан білім беру ұйымдарында оқып білуге міндетті бастауыш білім беру мазмұнының құрамы, құрылымы мен көлемі көрсетілген.

9. "Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар" деген бөлімде апталық оқу жүктемесі, оқу жылының ұзақтығы, бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру мерзімі, топтарға бөлу үшін сыныптардың толымдылығы көрсетілген.

10. Стандарт кезеңмен-кезеңмен:

1) 2016 жылғы 1 қыркүйектен бастап 1-сыныптарда;

2) 2017 жылғы 1 қыркүйектен бастап 2-сыныптарда;

3) 2018 жылғы 1 қыркүйектен бастап 3-сыныптарда;

4) 01.09.2019 бастап қолданысқа енгізіледі – ҚР Үкіметінің 04.2015 №327 қаулысымен.

2. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

Білім алушылардың дайындық деңгейі "Тіл және әдебиет", "Математика және информатика", "Жаратылыстану", "Адам және қоғам", "Технология және өнер", "Дене шынықтыру" сияқты бірнеше мәнделес оқу пәндерін біріктіретін әрбір білім саласының ерекшеліктері ескеріле отырып жобаланған оқытудан күтілетін нәтижелер арқылы айқындалады.

"Тіл және әдебиет" білім беру саласының мазмұны:

1) қазақ тілінде оқытатын сыныптарда "Сауат ашу", "Әдебиеттік оқу", "Қазақ тілі" пәндері, орыс тілінде оқытатын сыныптарда "Русский язык", оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда "Қазақ тілі", оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда "Орыс тілі", "Ағылшын тілі" оқу пәндерінде іске асырылады;

2) Қазақстан аумағында жинақы тұратын этностардың тілінде оқытатын білім беру ұйымдарында "Тіл және әдебиет" білім беру саласына осы этностың "Ана тілі мен әдебиеті" қосымша енеді. Ұйғыр, өзбек, тәжік тілдерінде оқытатын білім беру ұйымдарына арналған "Ана тілі" оқу пәні үлгілік оқу жоспарының инвариантты компонентіне енеді.

"Тіл және әдебиет" білім беру саласы бойынша бастауыш білім беру аяқталғанда күтілетін нәтижелер.

Бірінші тіл (оқыту тілі), әдебиет:

1) тыңдалым және айтылым:

білім алушы әңгімелесудің, оқылған немесе тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді және жеткізе алады; сөйлеушінің көзқарасын жеткізу жолдарын айқындайды, қорытындылар жасайды; пікірталастың тақырыбын түсінеді және сөйлеу нормасын сақтай отырып, оны талқылауға қатысады; сөйлеу барысында синонимдерді, антонимдерді, омонимдерді, тура және ауыспалы мағыналы сөздерді саналы түрде қолданады; мәнерліліктің эмоциялық-реңкті құралдарын қолдана отырып, әңгімелеу және сипаттау мәтіндерінің мазмұнын баяндаудың түрлі тәсілдерін пайдаланады; көркем шығармалардың мазмұнын баяндаудың түрлі тәсілдерін қолданады; тыңдағандарына және оқығандарына қатысты пайымдайды, өз ойымен және эмоциясымен бөліседі; логикалық дәйектілікті сақтай отырып, өз көзқарасын дәлелдейді; берілген тақырып пен коммуникативтік нұсқауға сәйкес өзара байланысқан, логикалық тұрғыдан дәйектелген дербес пікір білдіреді; тілдік қатынастың әртүрлі тәсілдерін қолдана отырып, диалогқа қатысады; оқылған, тыңдалған ақпараттың негізінде рухани-адамгершілік құндылықтар туралы түсінікті талдайды;

2) оқылым:

білім алушы халық ауыз әдебиеті мен балалар әдебиеті туындыларын оқиды, кейіпкерлердің мінез-құлықтарын талдайды және іс-әрекеттеріне баға береді; көркем мәтіндерді көркем емес мәтіндерден ажыратады; көркем шығармалардың негізгі идеялары мен композициясын айқындайды; көркем туындының жанрын айқындайды, өзінің жауабына/таңдауына негіздеме

береді; автордың бейнені сомдау үшін қолданған әдеби көркемдеуіш құралдарын айқындайды; жазушының өз кейіпкерлеріне қатынасы туралы қорытынды жасайды; мәтіндерді белгілі бір оқу түрлері мен стратегияларын қолдана отырып оқиды; шығармалардағы оқиғалар барысын болжайды; мәтін түрлерін (сипаттау, әңгімелеу, пайымдау) айқындайды; әңгімелерді/өлеңдерді мәнерлеп оқиды; өлеңді мәнерлеп жатқа оқиды; көркем әдебиет туындыларындағы адамзаттың ортақ құндылықтарын айқындайды;

3) жазылым:

білім алушы тиісті сөздерді негізді түрде іріктей отырып, әртүрлі типте, жанр мен стильде өз мәтіндерін құрастырып жазады; меңгерген грамматикалық, пунктуациялық және орфографиялық нормаларға сай жазады; жеткізудің түрлі тәсілдерін (суреттер, сызбалар, кескіндер, кестелер) қолдана отырып, мәтіндер жазады; жазудың гигиеналық және каллиграфиялық дағдыларын сақтайды; Қазақстан халқының мәдениетіне, салт-дәстүріне байланысты тақырыптарға өзінің жеке көзқарасын білдіре отырып, шағын мәтіндер құрастырады.

Екінші тіл (қазақ немесе орыс тілі):

1) тыңдалым:

білім алушылар қарым-қатынас жасаудың әлеуметтік-тұрмыстық және әлеуметтік-мәдени салалары үшін өзекті аудиовизуалды материалдардың мазмұнын түсінеді; мәтіннің тақырыбын, негізгі идеясын, мәтіндегі басты және қосалқы ақпараттың мағынасын барынша толыққанды, терең және дәл түсіне алады; қарым-қатынас жасау жағдаяттарына, қарым-қатынас орнына және қарым-қатынасқа (коммуникацияға) қатысушыларға қарай сөйлеу стильдерінің қалай өзгертінін түсінеді; түрлі пікірлерді ескере отырып, оқиғаның/әңгіменің мазмұнын болжайды;

2) айтылым:

білім алушы алдын ала дайындалған жазбалар мен жоспарды пайдалана отырып, әңгіменің, оқиғаның мазмұнын жеткізеді; оқығаны, естігені жөнінде сұрақтар құрастырады және көзқарасын білдіреді; ұсынылған тақырып пен белгіленген коммуникативтік тапсырма бойынша өзара байланысқан, логикалық жүйеге құрылған хабарламаны құрастырады; қарым-қатынастың әлеуметтік-тұрмыстық және әлеуметтік-мәдени саласында түрлі тілдік жағдаяттарға сай өзінің коммуникативтік ниетін білдіре отырып, диалогқа қатысады;

3) оқылым:

білім алушы оқу түрлері мен стратегияларын пайдалана отырып, мәтіндерді оқиды; таныс емес сөздері бар мәтіннен негізгі ақпаратты, автордың тұжырымы мен бағасын түсінеді; көркем және көркем емес мәтіндерді ажыратып таниды; алуан түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты табады; идеяны, оқиғаларды және кейіпкерлер іс-әрекеттерінің себептерін түсінетінін көрсетеді; сөздіктер мен анықтамалықтарды пайдаланып, таныс емес сөздер мен фразалардың мағынасын анықтайды;

қазақ және әлем әдебиетінің көркем туындыларындағы адамзаттың ортақ құндылықтарын айқындайды;

4) жазылым:

білім алушы тыңдалған мәтіннің, оқылған ақпараттың және көрген оқиғаның (тақырыптар, жекелеген деректер, пікірлер) қысқаша жазбаларын жасайды; орфографиялық, грамматикалық және пунктуациялық нормаларды ескере отырып, баяндау (баяндаусыз) сипатындағы мәтіндерді құрастыру үшін тиісті лексикалық бірліктерді пайдаланады.

Үшінші тіл:

1) тыңдалым:

білім алушы таныс тақырыптар бойынша қысқа әңгімелесулердің негізгі мазмұнын түсінеді, таныс сөздер мен фразалардың айтылуын ажырата алады; түстер мен сандар туралы қысқа сұрақтарды түсінеді; таныс тақырыптар бойынша қысқа әңгімелердің мазмұны мен мәнін болжау үшін мәнмәтіндік тірек сөздерді пайдаланады; баяу және айқын дыбысталып айтылған шағын әңгімелердің жалпы мәнін түсінеді;

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 15.08.2017 № 484 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Математика және информатика" білім беру саласы бойынша оқудың күтілетін нәтижелері.

Бастауыш білім беру аяқталғанда білім алушы:

1) "цифр", "сан", "координаталық сәуле", "санның бөлшегі", "жай бөлшек", "аралас сан", "санды өрнек", "әріпті өрнек", "теңдік", "теңсіздік", "бұрыштың градустық өлшемі", "ондық бөлшек", "пайыз", "жиын", "симметрия", "ақпарат", "объект", "файл", "папка", "затбелгі", "модель", "компьютер желісі", "Интернет" ұғымдарының мәнін; ондық санау жүйесіндегі разряд бірліктің мәндерін; жазық және кеңістік геометриялық фигуралардың түрлерін және олардың элементтерін; шаршы және тік төртбұрыш периметрі мен ауданын есептеу формулаларын, бірдей дәрежелі бөлшектерді қосу және азайту қағидаларын; операциялық жүйе объектілерінің қызметін; ақпаратты ұсыну түрлері мен өлшем бірліктерін; компьютердің негізгі құрылғыларын, кіру мен шығу құрылымдарын; қолданбалы, сервистік бағдарламалардың және операциялық жүйенің мақсатын, компьютерде жұмыс істеген кезде қауіпсіздік техникасы қағидаларын біледі;

2) натурал сандарға, шамаларға және олардың арасындағы байланысқа қатысты арифметикалық амалдардың мәні мен ретін; шамалар арасындағы қарапайым өзара тәуелділікті; жиындардың "қиылысуы" мен "бірігуіне" қатысты операциялардың мағынасын; пайызды бөлшек санмен өрнектеуді, бөлшек сандарды пайызбен өрнектеуді; тұрақты және айнымалы шамалар арасындағы айырмашылықтарды; компьютердің негізгі бөліктерінің қолданылуы, құрылымдарының, операциялық жүйе интерфейсі элементтерінің кіру және шығу құрылғысы; компьютерлік техниканың адам денсаулығына тигізетін әсері; ақпаратты және құрылымдарды зиян

келтіретін бағдарламалардан қорғаудың маңыздылығы; ақпараттың авторларға сілтеме жасалған ілеспе қажеттілігін түсінеді;

3) өрнектер жазу үшін, санды өрнектерді түрлендіру үшін, есептер шығару үшін математикалық символдарды, арифметикалық амалдар мен қасиеттерді; натурал сандар мен арифметикалық амалдарды ауызша және жазбаша есептеу амалдарын; шамалардың стандартты және стандартты емес өлшем бірліктерін (ұзындық, аудан, көлем, масса, уақыт); шамаларды өлшеу құралдарын; есеп шарттарын жазудың математикалық тілі мен графикалық модельдерін; теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу алгоритмдерін; периметр мен ауданды есептеу формулаларын (шаршының, тік төртбұрыштың, тікбұрышты үшбұрыштың); жиын элементтері арасындағы қатынастарды көрсету үшін Венн диаграммасын; санның бөлігін және оның бөлігі бойынша санды табу білігін; ақпаратты жинауға, сақтауға, өңдеуге және жеткізуге арналған ақпараттық-коммуникациялық құралдарды; ақпараттың алуан түрлерімен жұмыс істеуге, модельдер құруға арналған қолданбалы бағдарламаларды; алға қойылған міндеттерді шешу үшін интернет қызметін; компьютерде жұмыс істеу қағидаларын қолданады;

4) ауызша және жазбаша санаудың рационалды тәсілдерін; геометриялық фигуралардың ерекшеліктерін; сандық өрнектер мен айналымы бар өрнектердің мәндерін салыстыру нәтижесін; әртүрлі шамалар арасындағы тәуелділіктер (сан, баға, құн, жылдамдық, уақыт, арақашықтық, еңбек (жұмыс) өнімділігі, жұмыс ұзақтығы, жұмыс көлемі); заңдылықтарды және тізбектің жетіспейтін элементтерін табуды; күрделі емес комбинаторикалық және логикалық есептерді; есеп шартының сызба, кесте түрлеріндегі жазбасын; санаумен, өлшеумен байланысты деректер мен нәтижелерді; қолданбалы бағдарламалардың мүмкіндіктерін; желіде этикалық және құқықтық нормалардың бұзылу салдарын; мәлімделген талаптарға сәйкес іріктеп, түрлі дереккөздерден алынған ақпаратты талдайды;

5) заттарды олардың белгілері мен кеңістіктегі орналасуына қарай сыныптауышын; шамалар арасындағы тәуелділіктің математикалық моделін; шынайы әлемнің нақты нысандары мен үдерістерінің бейнелер мен сызбалар түріндегі ең қарапайым модельдерін; ұсынылған мәліметтер немесе математикалық модельдер бойынша есеп құрастырады және оған кері есеп құрайды; берілген заңдылықтар бойынша тізбек құрастырады; практикалық міндеттерді шешу үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданып, нысандар мен жағдаяттардың модельдерін; қолданбалы бағдарламалар мен желілік қызметтердің мүмкіндіктері туралы білімдерін түрлі міндеттерді шешу үшін жинақтайды;

6) өлшем нәтижелерін; сандар, шамалар, геометриялық фигуралар туралы қарапайым тұжырымдардың ақиқаттылығын немесе жалғандығын; графика, кесте, диаграмма түрінде берілген деректерді; модельдің берілген критерийлерге сәйкестігін; қолданбалы бағдарламалар мен желілік қызметтердің түрлі міндеттерді шешуде пайдалану мүмкіндіктерін бағалайды.

Ескерту. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 15.08.2017 № 484 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Бастауыш білім берудің оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың оқу жетістіктерін критерийлік бағалау тәртібін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

Даму мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың білім алуы, даму бұзушылықтарын түзету және әлеуметтік бейімделуі үшін жағдай жасалады.

Сурет №16 Қысқа мерзімді жоспар 2-сынып қазақ тілі

Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: 1-бөлім Өзім туралы

| | | |
|--|--|------------------|
| Мектеп: | Көкшетау қ. №16 ОМ | |
| Мұғалімнің аты-жөні : | Утельбекова Ш.С. | |
| Қатысқандар: | 19 | |
| Күні: | 2 | |
| Сынып: | 2 | |
| Сабақ тақырыбы | Мен дизайнермін. Дауыссыз дыбыс түрлері. | |
| Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу) | 2.1.1.1 тыңдаған материал бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу, мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру 2.4.1.2 дауыссыз дыбыс түрлерін (қатаң, ұяң, үнді) ажырату 2.3.8.1 бас әріп пен кіші әріптің биіктігі мен мөлшерін сақтап, оларды байланыстырып көлбеу және таза жазу | |
| Сабақ мақсаттары | Мазмұны бойынша сұраққа жауап бере алады; Дауыссыз дыбыс түрлерін ажыратады. Каллиграфиялық нормаларды сақтап, әріптерді жазады | |
| Бағалау критерийлері | Сөздерді орфографиялық нормаға сай жазады. Дауыссыз дыбыс түрлерін ажыратып айта алады. Каллиграфиялық нормаларды сақтап, әріптерді жаза алады. | |
| Сөздік қоры | көшенің қиылысы, жең, асығу, адасу, мекенжай, іздеу, қайырымды | |
| Құндылықтарды дарыту | Қамқорлық | |
| Пәнаралық байланыстар | Өзін өзі тану пәнімен байланыс | |
| Алдыңғы меңгерілген білім | Мәтін түрлері туралы білді. | |
| Сабақ барысы | | |
| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақта жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
| Сабақ басы 2 минут | Психологиялық дайындық <i>Қазақ тілім – өз тілім – ана тілім, Абай, Мұхтар сөйлеген дана тілім. Қастерлейді ұл-қызың мәңгі сені Болашағым, бақытым дара тілім</i> | Слайд |

| | | |
|-----------------|---|---|
| Сабақтың ортасы | <p>Сабақтың тақырыбы мен мақсатын таныстыру. Өткенді қайталау «Ішкі,сыртқы шеңбер» әдісі арқылы өткенді қайталау</p> | |
| 10 мин | <p>1.Қазақтың қандай ұлттық киімдерін білесің? 2.Қазақ әліпбиінде қанша дыбыс бар? 3.Дауысты дыбыстар нешеге бөлінеді? 4.Дауыссыз дыбыстар нешеге бөлінеді? 5.Дауыссыз дыбыстардың дауысты дыбыстардан айырмашылығы неде? «Кім жылдам?» ойыны Сыныптағы жасырын әріптерді оқушылар тауып алып, олар қандай дыбыстар екенін айтады.</p> | Слайдпен жұмыс |
| 13 минут | <p>Көру диктанты Бөрік, бала, тақия, киім, шапан, оқулық, мәсі. Мәтінді мұқият тыңдаңыз. Әдептілік Омар мен Арман мектепте бірге оқиды. Бір күні олар жолда кішкентай мысықтың баласын көрді. Марғау анасынан қалып қойыпты. Балалар кішкентай марғауды жолдан алып өтті. Омар мен Арман мысықты жолдағы дүкенге кіргізіп кетті. Дүкенші марғауға сүт берді Балалар өз істеріне риза болды.</p> | Дәптермен жұмыс |
| | <p>1. Кейіпкерлердің атын жаз.</p> <hr/> <p>2. Балалар марғауды қайдан көрді?</p> <hr/> <p>3. Балалар марғауға қалай көмектесті?</p> <hr/> | Үлестірмелі материал |
| 5 минут | <p>4. Оқиғаны ретімен көрсет</p> <p>Дүкенші марғауға сүт берді. <input type="text"/></p> <p>Олар бір мектепте оқиды. <input type="text"/></p> <p>Балалар риза болды. <input type="text"/></p> <p>Марғау анасынан қалып қойды. <input type="text"/></p> | Оқулық пен жұмыс дәптерлері, үлестірмелі қағаздар |
| 5 минут | <p>Оқулықпен жұмыс /16-17 бет/ Бірде ай өзіне көйлек тіктіріп алмақ болыпты. Тігінші айдың бой тұрқын өлшеп алады да көйлекті пішіп, тігуге кіріседі. Уәделескен шағында Ай көйлегін алуға келсе, көйлегі әрі тар, әрі қысқа болып шығыпты. - Иә, мен қателескен екем, - дейді тігінші. Сөйтіп, көйлекті қайта пішіп, қайта тіге бастайды. Уәделескен мерзім жақындап, Ай көйлегін алуға тігіншіге тағы келеді.Бұл жолы да көйлегі шақ келмей, қысқа болып қалыпты. - Иә, тағы да дұрыс өлшемеген екем ғой, - дейді. Айдың толыса беретініне түсінбеген тігінші. Сонымен қайта өлшеп, қайта пішіп, қайтадан тігуге кіріседі. Ай тағы да көйлегін алуға келе жатады. Тігінші киіз үйдің</p> | Үлестірмелі материал (суреттер) |

| | | |
|--|--|---|
| | түтігінен асқанда келе жатқан топ-толық өзі тіккен көйлектен екі есе үлкен Айды көреді. Не істерін білмей, сасқалақтап тігінші басы ауған жаққа қаша жөнеледі. Ай ары іздеп, бері іздеп тігіншіні таба алмай қалады. Сол себепті, Ай көйлексіз жалаңаш қалыпты. Дәптермен жұмыс 1 нұсқа дизайнер, 2 нұсқа тігінші сөзіне дыбыстық талдау жасау. (өзара бағалау) | Үлестірмелі материал (кесте) |
| Сабақтың соңы 5 мин | 1. Рефлексия 2. + Мен үйрендім. 3. - Маған қиын. | |
| Дифференциация – оқушыларға көбірек қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырмалар қоюды жоспарлап отырсыз? | Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін тексеру жоспарыңыз? | Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы |
| Қабылдау деңгейі жоғары оқушылар үшін тапсырманы күрделендіру: Қабілеті жоғары оқушылар сұрақтарды өз бетінше құрастыра алады. | | Сергіту сәттерінде, белсенді жұмыс түрлерін өткізуде қауіпсіздік техникасын сақтау |
| Сабақ бойынша рефлексия | | <i>Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.</i> |
| Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен? | | <i>Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған. Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді деп санаймын. Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды. Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болған жоқ, жоспарға сай өткізілді</i> |

Мен дизайнермін. Дауыссыз дыбыс түрлері.
Қалыптастырушы бағалау тапсырмасы

Оқушының аты – жөні: _____

1. Кейіпкерлердің атын жаз.

2. Балалар марғауды қайдан көрді?

3. Балалар марғауға қалай көмектесті?

4. Оқиғаны ретімен көрсет.

Дүкенші марғауға сүт берді.

Олар бір мектепте оқиды.

Балалар риза болды.

Марғау анасынан қалып қойды.

| |
|--|
| |
| |
| |
| |


3. Білім беру мазмұнына қойылатын талаптар

Бастауыш білім берудің мақсаты мынадай кең ауқымды дағдылар негіздерін меңгерген білім алушы тұлғасының үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады:

- 1) білімді функционалдықпен және шығармашылықпен қолдана білу;
 - 2) сын тұрғысынан ойлау;
 - 3) зерттеу жұмыстарын жүргізе білу;
 - 4) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана білу;
 - 5) коммуникацияның түрлі тәсілдерін, оның ішінде тілдік дағдыларды меңгеру;
- б) топпен және жеке жұмыс істеу дағдылары.

Бастауыш білім беру білім берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған.

Сурет №17 Бастауыш білім беру мазмұнында:



Бастауыш білім берудің базалық мазмұны мынадай бағдарларды ескере отырып айқындалады:

- 1) заманауи қоғамның динамикалық сұраныстарына сәйкес болуы;
- 2) сын тұрғысынан, шығармашыл және позитивті ойлауды дамыту қажеттілігі;
- 3) оқу пәндері мазмұнының ықпалдасуын күшейте түсудің орындылығы;
- 4) оқытудың, тәрбие мен дамытудың біртұтастығын қамтамасыз ету.



Бастауыш білім берудің базалық мазмұны үштілді білім беру саясаты шеңберінде іске асырылады. Үштілді білім берудің мақсаты көптілді тұлғаны – кемінде үш тілді меңгерген, қызметтің алуан түрлі саласында үш тілде диалог жүргізе алатын, өз елінің мәдениетін бағалайтын, басқа елдердің мәдениетін түсінетін және сыйлайтын Қазақстанның азаматын қалыптастыруға негізделеді.

Үштілді білім беру іс жүзінде мынадай жолдармен іске асырылады:
қазақ, орыс және ағылшын тілдерінің халықаралық стандарттарға сәйкес деңгейлік меңгерілуін қамтамасыз ету;
сабақтан тыс жұмысты қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ұйымдастыру.

Бастауыш білім берудің базалық мазмұны білім беру саласы бойынша бастауыш білім берудің басты миссиясына сәйкес айқындалады, оған сәйкес білім алушыны тек оқытып қана қоймай, сонымен бірге оның рухани дамуының және әлеуметтік маңызды дағдыларының іргетасын қалау керек.

"Тіл мен әдебиет" білім беру саласындағы пәндердің мазмұнында сөйлеу әрекетінің төрт түрі бойынша дағдыларды дамытуға бағытталған коммуникативтік тәсілді қолдану көзделеді. Тілдік пәндердің мазмұны ойын және танымдық іс-әрекеттер арқылы білім алушылардың бойында тілдерді үйренуге деген қызығушылығы мен оң қатынасын дамытуға, сондай-ақ ақпарат алмасу, тілдік материал ретінде мәтінмен жұмыс істей білу, фразалар мен сөз орамдарының мәнін түсіну және оларды нақты жағдайлар кезінде қолдану үшін бастапқы коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Қазақ тілі, орыс тілі мен әдебиеттерін бірінші тіл ретінде оқыту білім алушылардың тілдік дағдыларын дамыту, мәтіннің әртүрлі түрлерімен және типтерімен өз бетінше жұмыс істеуге машықтандыру үшін әдеби мәтіндерді пайдалануға негізделген.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 15.08.2017 № 484 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

35. Екінші тілді (оқыту тіліне байланысты орыс тілі/қазақ тілі) және үшінші тілді (ағылшын тілі) оқыту тілді деңгейлеп үйренуге бағдарланған.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 15.08.2017 № 484 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру мерзімі – төрт жыл.

Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар

Бастауыш мектептегі білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі 29 сағаттан аспайды.

Білім алушылардың инвариантты және вариативтік компоненттерден тұратын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі үлгілік оқу жоспарында белгіленеді.

Оқу жылының ұзақтығы мектепалды дайындық сыныптарында – 32 оқу аптасы, 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-4-сыныптарда – 34 оқу аптасы. Оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығы кемінде 30 күнді құрайды. Каникулдар оқу жылында 3 рет – күзде, қыста және көктемде беріледі.

Бірінші сыныптың білім алушылары үшін үшінші тоқсанда ұзақтығы бір апта болатын қосымша каникул уақыты беріледі.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 15.08.2017 № 484 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Сыныпты екі топқа бөлу қалалық жалпы білім беретін ұйымдарда сыныптарда білім алушылар 24-ке немесе одан артық, ауылдық жерлерде білім алушылар 20-ға немесе одан артық, шағын жинақты мектептерде кемінде 10-ға толған жағдайда, инклюзивті білім беруді іске асыру кезінде сыныпты бөлу әр ерекше білім беруге қажеттілігі бар баланы білім алушылардың жалпы санынан үшке кеміту есебінен:

1. оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда қазақ тілі бойынша;
2. оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда орыс тілі бойынша;
3. ағылшын тілі бойынша;
4. ақпараттық-коммуникациялық технологиялар бойынша;
5. өзін-өзі тану сабақтарын жүргізу кезінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 15.08.2017 № 484 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Бастауыш мектептегі критериалды бағалау (оқу үшін бағалау және оқуды бағалау).

Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылардың оқу жетістігін бағалауды қазіргі тәжірибеге енгізудің негізін критериалды бағалау жүйесі анықтайды. Бұл бағалау рәсімдерінің сапалылығын, олардың халықаралық стандарттарға сәйкестігін және әр білім алушының оқудағы қажеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Қазақстан үшін ұсынылып отырған жаңа критериалды бағалау жүйесі білім алушының дамуын, оның қызығушылығын және оқуға деген ынтасын арттыруға бағытталады. Егер әр білім алушыға және оның ата-анасына түсінікті болатындай нақты әрі өлшемді бағалау критерийлері белгіленетін болса, бұған жетуге әбден болады. Анық құрастырылған бағалау критерийлерінің көмегімен мұғалім де, білім алушы да: «Білім алушы оқытудың қай сатысында?» «Олар білім алуда неге талпынады?» «Бұған жетуге көмектесу үшін не істеу керек?» екенін түсінеді. Критериалды бағалау жүйесінің мақсаты – бағалау критерийлерінің негізінде білім алушылардың оқу жетістіктері туралы шынайы ақпарат алу және оқу үдерісін жетілдіре түсу үшін оны барлық қатысушыларға ұсыну.

Критериалды бағалау жүйесінің міндеттері:

1. Оқу үдерісінде бағалаудың қызметі мен мүмкіндіктері аясын кеңейту;
2. Жүйелі кері байланыс орнату арқылы білім алушылардың өзін-өзі үнемі жетілдіріп отыруына жағдай жасау;
3. Бірыңғай стандарттарды, сапалы бағалау құралдарын, механизмдерін қалыптастыруға көмектесу;
4. Қолжетімді, нақты, үздіксіз: – білім алушыларға олардың оқу сапасы туралы; – мұғалімдерге білім алушылардың ілгерілеуі туралы; – ата-аналарға

оқу нәтижелерінің деңгейлері туралы; – басқару органдарына ұсынылған білім беру қызметінің сапасы туралы ақпараттар ұсыну.

Критериалды бағалаудың қағидаттары

Критериалды бағалау төмендегідей қағидаттарға сәйкес жүзеге асырылады:

1. Оқыту мен бағалаудың өзара байланысы. Бағалау оқытудың ажырамас бір бөлігі болып табылады, ол оқу бағдарламасындағы мақсаттармен, күтілетін нәтижелермен тікелей байланысты.

2. Шынайылық, сенімділік және валидтілік. Бағалау дәл және сенімді ақпаратты ұсынады. Қолданылатын критерийлердің, құралдардың оқу мақсаттарына жетуге, күтілетін нәтижелерді бағалайтынына сенімділігі болады.

3. Ашықтық және қолжетімділік. Бағалау түсінікті, айқын ақпараттарды ұсынады, сондай-ақ, барлық оқу процесіне қатысушылардың қызығушылығын, жауапкершілігін арттырады.


4. Үздіксіздік. Бағалау білім алушылардың оқу жетістігінің ілгерілеуін дер кезінде және жүйелі қадағалап отыруға мүмкіндік беретін үздіксіз процес болып табылады.

5. Дамуға бағыттау. Бағалау нәтижелері білім алушылардың, мұғалімдердің, мектептің, білім беру саласының даму бағытын анықтайды және ынталандырады.

Жалпы бастауыш білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың оқу жетістігін критериалды бағалауды өткізу тәртібі.

Құжатта мемлекеттік жалпыға міндетті бастауыш білім беру стандартына сәйкес бастауыш білім берудің оқу бағдарламасына енгізілетін және апробацияланатын Қазақстан Республикасы бастауыш білім беру ұйымдарындағы білім алатын білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды ұйымдастыру, өткізу тәртібі анықталады және төмендегідей бағалау рәсімдерімен реттеледі:

Сурет №18



Қалыптастырушы бағалау оқу үдерісінің ажырамас бір бөлігі болып табылады, тоқсан барысында мұғалім тарапынан жүйелі өткізіліп отырады. Қалыптастырушы бағалауда баға, балл қойылмайды, мұғалім мен білім алушы арасында үздіксіз кері байланыс қамтамасыз етіледі. Қалыптастырушы бағалау кезінде білім алушылардың қателесуге, оны түзетуге құқығы бар. Бұл білім алушылардың мүмкіндігін анықтауға, қиыншылығын табуға, оң нәтижеге қол жеткізуіне көмектесуге, дер кезінде оқу процесін түзетуге мүмкіндік береді.

Жиынтық бағалау мұғалімдерге, білім алушылар мен ата-аналарға ұсыну үшін оқу бағдарламасындағы бөлім/ортақ тақырыптар бойынша балл, баға қою арқылы белгілі бір оқу кезеңі (тоқсан/триместр, оқу жылы, орта білім беру деңгейі) аяқталғанда өткізіледі. Бұл белгілі бір кезеңде оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру деңгейін анықтауға, тіркеуге мүмкіндік береді. Қалыптастырушы және жиынтық бағалау нәтижелерін мұғалімдер оқу процесін жоспарлау, рефлексия жасау, өзінің оқыту тәжірибесін жетілдіру үшін қолданады.

Оқыту тек білім берудің төңірегінде ғана болмайды, ол оқушының жеке тұлға ретінде жан-жақты дамуына да тікелей қатысты болады. Оқытудың қаншалықты табысты, ойдағыдай өтетіні, сондай-ақ, білім алушылардың қандай қиындықтарды басынан өткізетіндігі туралы ақпаратты мектептің тиімді бағалау жүйесі көрсетеді. Сондықтан жаңартылған білім беру мазмұнын енгізу кезінде критериалды бағалау жүйесі қолданылады.

Өзін өзі тексеруге арналған сұрақтар

1.Заманауи жағдайларда бастауыш мектептің жүйесіне өзгеріс енгізудің қажеттілігі қандай?

2.Сіздердің көзқарастарыңыз бойынша шетелдік педагогикалық тәжірибені қазақстандық мектептердің жүйесіне толықтай қолдану қажет пе?

Жеке зерттеу жүргізу тақырыптары:

1. Білім мазмұнын анықтайтын құжаттар және олардың ерекшеліктері

Есептік формасы: анықтамалық кесте

2. Критериалды бағалау және авторлық бағалау әдістері

Есептік формасы: педагогикалық жәрмеңке

1.2. Бастауыш мектепте жобалау-зерттеу іс-әрекетін ұйымдастыру

Жоспар:

1. Педагогикалық процесті жобалау мазмұны

2. Жобалау қызметі негізінде бастауыш мектепте білім алушылардың зерттеушілік мәдениетін дамыту жолдары

Мақсаты: Болашақ маманның педагогикалық іс-әрекетін жоспарлау құзыреттілігін жетілдіру жолдарын тұжырымдау

Негізгі ұғымдар: жобалау әдісі, гуманистік педагогика, зерттеу мәдениеті, функционалдық сауаттылық



1. Педагогикалық жобалаудың мәні

Жобалау әдісі білім беру ресурсы ол білім алушылардың танымдық, шығармашылық дағдыларын, өз білімдерін өз бетімен құрастыра білу икемділігін, ақпараттық кеңістікте жөн таба білу іскерлігін дамыту, сын тұрғыдан ойлауын дамыту. Жобалау әдісі біріншіден – қандай да бір мәселені шешуді, екіншіден – нәтижеге қол жеткізуді болжайды.

Төменде көрсетілетіндей Е.С Полат жобалау әдісі жаңа педагогикалық технологиялар дидактикасының дамуына осылайша әсер етеді деп көрсетеді.

Қазіргі таңда қолданылып жүрген стандартталған сабақтың сынып-сабақ жүйесіне жобалау әдісі оңай еніп жүйенің ешқандай мақсаттары мен құрылымына әсер етпейді.


Бұл технология интеграция кезінде мемлекеттік білім беру стандартында көрсетілген мақсатқа өте нәтижелі жетеді.

Жобалау әдісі тек оқу материалдарының өнімді игерілуін ғана қамтамасыз етпей, адамгершілік, өнегелік, өз бетімен жұмыс жасау, мұғалімге, оқушылардың бір-біріне кеңпейілді дұрыс көзқарас, тілдік қарым-қатынасқа бейімділік, бір-біріне көмекке келу сияқты қасиеттерін бекітеді. Мұнда бәсекелесу, күндеу, менмендік, дөрекілік, авторитарлық сияқты дәстүрлі педагогикамен жиі қалыптасатын қасиеттер жобалау технологиясымен қиылыспайды.

Қазіргі таңда жобалау технологиясы өте мұқият шет және өз еліміздің әдіскерлерімен зерттелуде: И.Л Бим, И.А Зимний, Т.Е Сахоровой, О.М Моисеевой, Е.С Полат, И. Чечель, L. Fried-Booth, T. Hutchinson, D. Phillips және т.б. Көптеген зерттеулерде жобалау әдісі нәтижелі білім беру жүйесінің

ең маңызды компоненті және әзірлеудің түрін активті іс-әрекет түрі арқылы (жоспарлау, алдын ала болжау, анализ, синтез) дәстүрлі стандартты емес білім беру процесін көрсетеді.

Сурет №19 Жобалау әдістемесі жаңа педагогикалық жеке тұлғаға бағытталған технология ретінде гуманистік бағыттың негізгі принциптерін айқындайды:



Педагогикалық жобалау – кез келген мұғалімнің кәсіби қызметі (оқушылармен өзара қарым-қатынас жасау мазмұнын, әдістері мен тәсілдерін іздестіру) болып табылады. Педагогикалық жобалау алдыңғы іс-әрекетке қолайлы жағдайлар туғызу және оның нәтижелерін алдына ала болжау негізінде жүзеге асырылады.

2. Жобалау қызметі негізінде оқушылардың зерттеушілік мәдениетін дамыту жолдары

Қазіргі кезде білімнің жаңа парадигмасына байланысты оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін «зерттеу мәдениетін» меңгерудің маңызы зор. Ғылыми әдебиетте «зерттеу мәдениетін» түсіндіретін әртүрлі анықтамалар бар. Зерттеу мәдениеті деп зерттеу қызметін жүргізуге қажет білім, ептілік, дағды және құзыретті және теориялық және практикалық мәні бар зерттеу әрекетінің стратегиясы мен тактикасын анықтайтын көзқарасты айтады. Зерттеу мәдениетінің жалпы құрылымында үш инварианттық: когнитивтік-бағалау, операциялық-әрекеттік және бағалық-мотивациялық компонент бар. Оқушылардың зерттеу мәдениеті негізінде жоғары сыныптарда қалыптасады. Осы анықтамаға сүйене отырып, оны жобалау іс-әрекеті мәдениетіне бейімдеу арқылы оқушылардың жобалау және зерттеу жұмысының мәдениеті мынадай негізгі критерийлермен сипатталатынын байқауға болады: зерттеу мотивациясы, ойлаудың ғылыми стилі, зерттеуге ақпараттық және технологиялық дайындық, шығармашылық белсенділік.



Аталған критерийлер оқушылардың жобалау іс-әрекетінің табыстылығын анықтауға бағытталған. Білім беру ұйымдарындағы оқушылардың жобалау және зерттеу жұмыстары психологиялық-педагогикалық, оқу-әдістемелік, ұйымдастырушылық және басқа да проблемаларды кешенді шешудің сауатты ғылыми тәсілінің болуын талап етеді. Мұғалімдерде жобалау және



зерттеу технологияларын меңгеру үшін тиісті деңгейде ғылыми-әдістемелік даярлықтарының болуы қажет.

Білім алушылардың зерттеу іс-әрекеті – шешімі алдын-ала белгісіз (табиғаттың заңдарын көрсету тәжірибесінен өзге) шығармашылық, зерттеу мәселелерін шешуге байланысты және ғылым саласындағы зерттеулерге тән негізгі кезеңдердің (мәселені қоя білу, осы проблематиканы шешуге байланысты теорияны зерделеу, зерттеу әдісін таңдай ала білу және оны өз мақсатында қолдана білу, өз материалдарын жинау, оны талдау және жинақтау, өзіндік қорытынды) болуын ескеретін оқушылардың әрекеті болып табылады.

Білім алушылардың жобалау іс-әрекеті – оқушылардың бір мақсаттағы, келісілген әдістемесі бар жалпы жетістікке қол жеткізуге бағытталған оқу-танымдылық, шығармашылық және ойын әрекеті. Жобалау әрекетінің негізгі шарты ретінде әрекеттің алдын ала келісілген нәтижесінің, жобалаудың кезеңдерінің (жобалаудың мақсаты мен мәселелерін анықтау, жоспар құру, 11 жобалауды іске асыруды ұйымдастыру), жобалауды іске асыру кезеңдерінің болуы айтылады.

Жобалау-зерттеу іс-әрекеті – жобалау бойынша мақсат пен мәселелерді анықтауға, әдістемелерді таңдау ұстанымдарын анықтауға, зерттеу барысын жоспарлауға, күтілетін нәтижені анықтауға, зерттеуді жүзеге асыруды бағалауға, керек ресурстарды анықтауға бағытталған іс-әрекет. Зерттеудің ұйымдастыру шеңбері болып табылады. Оқу зерттеуі және ғылыми зерттеу. Білім саласындағы зерттеудің негізгі түйіні ол оқулық зерттеу болып табылады. Оқу зерттеуінің негізгі мақсаты «үлкен» ғылымдағыдай объективтік жаңа нәтиже алу емес, тұлғаларды дамыту болып табылады. Егер ғылымдағы негізгі мақсат жаңа білім өндіру болса, білім саласындағы зерттеудің мақсаты – оқушылардың функционалдық дағдыларын жетілдіру, зерттеу түрінде ойлау қабілетін дамыту, субъективтік жаңа білімге (әр оқушыға маңызды да жаңа болып табылатын, өзіндік іс-әрекеттермен жинақталған білім) байланысты білім процесіндегі оқушылардың тұлғалық позициясын жандандыру. Сондықтан зерттеу іс-әрекетінің негізінде білім беру процесін ұйымдастыруда бірінші орынға зерттеуді жобалау мәселесі шығады. Оқушылардың зерттеу жұмысын жобалаудың негізіне соңғы жүздеген жылдарда қалыптасқан зерттеудің моделі мен әдіснамасы алынады. Бұл модельде кез келген зерттеуге тән бірнеше қалыптасқан кезеңдер бар. Алайда оқушылардың зерттеу жұмыстары оқулық зерттеу жұмыстарына ғана тән, ғылыми қоғам дайындаған дәстүрлер негізінде жүргізіледі және дамиды.

Оқу зерттеуі іс-әрекетіндегі субъект-субъект қатынасының дамуы. Қалыптасқан оқу процесінде стандарттық позициялық схема «мұғалім – білім алушы» жүзеге асырылады. Мұғалім білім береді, оқушы білім алады, ол процесс қалыптасқан дәстүрлі сынып-сабақ тәсімі түрінде өткізіледі. Зерттеу іс-әрекетін дамыту барысында аталған тәсілде қарама-қайшылықтар туады: сынып тақтасында көрсетіліп берілетін білімнің дайын эталоны жоқ, табиғатта көрінетін құбылыстар дайын тәсілдермен түсіндіруге жатпайды, нақты жағдайларға байланысты өзіндік талдауды қажет етеді. Бұл қоршаған ортадағы түсінудегі білім саласындағы объект-субъектілік парадигманың эволюциялық өзгеруіне, біртіндеп «әріптес-әріптес» бірлестігінің туындауына әкеліп тірейді. Мұғалім «жетекші-кіші жолдас» жұбы тәсілі бойынша тәжірибелік әрекеттегі дағдыларды білім алушыларда қалыптастырады. Мұндай ұстаз бен шәкірт аралығындағы қатынас жетекшінің жоғары беделі және шынайы іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылады.

Өзін өзі тексеруге арналған мәселелік сұрақ

Ғұлама ғалым Альберт Эйнштейн кезінде «Мен өз шәкірттерімді ешқашан да үйретпеймін; мен тек олардың үйренуіне тиімді жағдайлар жасауға тырысамын» деп айтса, суда жүзу бойынша он бір олимпиада чемпионын дайындаған атақты австралиялық жаттықтырушы Фред Корлайль «Мен чемпиондарды даярлап шығармаймын, мен тек жеңімпаздар қалыптасатын орта дайындаймын» деген екен. Келтірілген пікірлердің педагогикалық іс-әрекетті жобалауға негіз болатындығын дәлелдей аласыз ба?

Топшамен бірлесіп жасайтын зерттеу тақырыбы

1. Бастауыш мектеп бағдарламаларының мазмұнына негізделген ғылыми жобаларды зерттеп, қорғау

Есептік формасы: таныстырылым, макет, салыстырмалы кесте және сызба

1.3. Бастауыш мектептегі тәрбие жұмысының тиімділігі мен нәтижесін диагностикалау

Жоспар:

1. Диагностика туралы түсінік.
2. Сынып жетекшісі жұмысындағы диагностика
3. Сынып ұжымындағы тәрбие жұмысын жетілдіруді диагностикалауға қойылатын талаптармен таныстыру.
4. Диагностикада қолданылатын әдістерге тоқталу.

Мақсаты: Білім алушылардың дамуындағы проблемаларды анықтау жолдарын меңгерту. Сынып жетекшісінің тәрбие жұмысын дұрыс ұйымдастыруы үшін өз оқушыларын жақсы білуі қажеттігін түсіндіру,

олардың дамуын қадағалауы, тәрбиесіндегі проблемаларды көре білу жолдарын меңгерту.

Негізгі ұғымдар: диагностика, тәрбие жұмысы, сынып жетекшісі, тәрбие әдісі.

Мектептегі әр мұғалім балаларды оқытып қана қоймайды, сонымен қатар оларды тәрбиелейді. Яғни, мектептегі барлық педагогикалық қызметкерлер тәрбиелеу қызметін атқарады. Тәрбие кездейсоқ оқиға емес, ол қоғамның пайда болуына тән қасиет: *Тәрбие жеке тұлғаның санасына, мінез-құлқының дұрыс қалыптасуына әсер ететін құрал.* Тәрбие – халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, олардың айналамен қарым-қатынасын, өмірге көзқарасын және оған сай мінез-құлқын қалыптастыру құралы. Тәрбие – көптің ісі. Тәрбиеге табиғат және әлеуметтік ортаның, мектеп пен ата-аналардың жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуына *мақсаты түрде ықпалы, өзара әрекетінің нәтижесі* ретінде қараған жөн.

Сынып жетекшісі жұмысының негізгі *мақсаты* – мектеп оқушыларын қоғамның белсенді және саналы азаматы етіп тәрбиелеуге барынша ықпал жасай отырып, жан-жақты жарасымды дамуына жағдай жасау. Осы орайда сынып жетекшісі жұмысының қай саласын алсақ та, оның нәтижелі болуы өз оқушыларын жақсы білуіне байланысты. Яғни, оқушылардың жас және дербес ерекшеліктерін есепке ала отырып сынып оқушыларын, сынып ұжымын жүйелі түрде зерттеп білгені орынды. Сынып жетекшілері жаңа оқу жылының басында немесе тоқсан соңында оқушылар мен бірге атқарылған жұмыстарына талдау жасайды және ары қарай не істеу керектігін ойластырады. Олар күнделікті балалармен қарым-қатынас жасай отырып оқушыларымды жақсы білеміз деп есептейді. Дегенмен, бұл үнемі ойлағанмен жанаса бермейді.

Мұғалімге балалармен қатынасы жақсы, олар барлығын дұрыс орындайтын сияқты болып көрінеді, ал оқушылардың мұғалімдер мен қарым -қатынасқа көңілдері толмайды, олар өздерін тереңірек түсінуді, олармен санасуды, сабақтарды басқаша формада өткізуді, мұғалімдермен өзара қатынасқа өзгеріс енгізуді қажет етеді. Сабақтағы қателіктер және тәрбие жұмысындағы сәтсіздіктердің көпшілігі мұғалімнің өз оқушыларын жетік білмеуінен болатыны белгілі. Ендеше сынып жетекшісінің тәрбиелеу қызметін жүзеге асыруда *диагностиканың маңызы жоғары.* Сынып жетекшісі жұмысындағы *диагностика* (тұтас топты және жеке оқушыларды кешенді зерттеу) – бұл педагогикалық диагностиканың жаңа бағыты. Педагогикалық диагностика – оқыту мен тәрбие процесін және оның нәтижесін зерттеу.

Әр оқушының жеке басы және оқушылар ұжымын жетік зерттеу тәрбиелеу процесінің нақты жағдайларымен анықталатын, келесі талаптарды есепке алып жүргізуді қажет етеді.



Оқушыларды оқыту және тәрбиелеу процесінде зерттеп білген дұрыс. Мұғалім диагностикалық әдістемелердің көмегімен педагогикалық процесс жағдайы, оқыту және тәрбиелеу жұмысының сапасы, оқушылардың алған білімі мен тәрбиелік деңгейі туралы мәліметтер алады, осы мәліметтерді өңдейді, талдайды, оларды бағалайды, педагогикалық процесс пен оқушылар дамуын түзетеді және болжайды.

Қазіргі ғылым зерттеудің мынандай міндеттерін көрсетеді: бақылаушы, түзетуші, болжаушы, тәрбиелеуші. Мұның алғашқысы – мәліметтер алу және тәрбие процесіне түзету енгізуден тұрады, екіншісі – болашақтағы оқушылар дамуындағы өзгерістерді болжау, күні бұрын көре білу, үшіншісі-мұғалім диагностикалау процесінің нәтижесіне сүйеніп, оқушыларға тәрбиелік ықпал жасайды. Сынып жетекшісі диагностика нәтижелерін өз сыныбындағы оқушылармен бірігіп талдайды, соның талдау нәтижесімен алдағы уақыттағы тәрбиелеу жұмысы құрылады. Сынып жетекшісі әр оқушыны, оның отбасын, оны қоршағандарды, ол оқитын сыныпты зерттеу қажет. Диагностикалау жұмысының мазмұнына: оқушы және оның отбасы туралы жалпы мәліметер, баланың дене дамуы және денсаулық жағдайы туралы мәліметтер, танымдық процестерінің деңгейі, оқу мотивтері, жеке бастың бағыттылығы (қызығуы, қатынасы, бағалауы, мен-концепциясы), оқушының тәртібі жатады. Бұдан басқа сынып жетекшісі ұжымды зерттейді: сыныптың құрамы, сыныптағы бірлік, ұйымшылдық, қоғамдық пікір, жеке өзара қатынастар, педагогикалық ұжыммен байланыс.

Сонымен оқушылар ұжымын зерттеуге қойылатын негізгі талаптар:

1. Зерттеу әр оқушының дамуындағы ерекшеліктерін анықтауға бағытталуы керек.

2. Әр оқушының және оқушылар ұжымының диагностикасы осының алдындағы диагностика нәтижелерімен салыстыру арқылы жүргізіледі оның мақсаты осы уақыт аралығындағы дамудағы өзгерістерді анықтау.

3. Әр оқушыға және оқушылар ұжымына жүргізілетін диагностикалық жұмыстар, оның бүкіл мектептегі оқу жылдарында жүзеге асырылады, өйткені мектеп жылдарында бала психикасы мен мінезінде көптеген өзгерістер болады. Міне, осылардың барлығы сынып жетекші және әр мұғалім болуы керек. Егер бұл талап орындалмаса, мұғалімдегі оқушы туралы қалыптасқан алғашқы түсінік сол қалпында қалады.

4. Әр оқушының жеке басын және оқушылар ұжымын зерттеу нақты педагогикалық міндетті шешуге бағытталуы керек. Сондықтан диагностикалық әдістемелер осыны есепке алып таңдалынады.

5. Зерттеу кезінде оқушылардың жасын ескеру, яғни эксперименттік тапсырмалар оқушылардың жасына сай ұйымдастырылуы қажет.

Өзін өзі тексеруге арналған сұрақтар

1. Білім мен тәрбие процесін жүзеге асыруда кездесетін кедергілерді атаңыз.

2. Педагогикалық диагностика әдісінің мүмкіндіктері қандай?

1. Жеке зерттеу тақырыптары:

Рухани жаңғыру «тәрбие және білім» кіші бағдарламасының миссиясы

2. Есептік формасы: эссе

«Ұлттық тәрбие және бастауыш мектеп оқушысы»

Есептік формасы: мәселелік баяндама, бастауыш мектептің тәрбие жұмысының жылдық жоспарының үлгісі.

1.4. Бастауыш мектепте инклюзивті білім беруді енгізудің маңыздылығы

Жоспар:

1. Инклюзивті білім беру бағытының миссиясы

2. Ерекше қолдауды қажет ететін білім алушыларды жалпы білім беру үрдісіне қатыстырудың ұйымдастырушылық-құқықтық негіздері

3. Оқыту процесін жетілдіруде 7 модульді енгізудің қажеттілігі (рефлексиялық есеп)

Мақсаты: Ерекше қолдауды қажет ететін білім алушылармен жұмыс жүргізудің нормативтік, құқықтық, әдістемелік формаларын негіздеу

Негізгі ұғымдар: инклюзивті оқыту, педагогикалық қолдау, сындарлы оқыту

1. Инклюзивті білім беру бағытының миссиясы

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидағарына баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі; әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі жатады. Инклюзивті білім беру баршаның сапалы білімге қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған білім беру жүйесін тарату процестерінің бірі болып табылады.

Мақсаты: Ерекше қолдауды қажет ететін білім алушыларды қалыпты балалармен бірлесіп білім алуына қолайлы оқу ортасын құру. Яғни адамның жынысына, дініне, шығу тегіне қарамастан тең құқылы жеке тұлға ретінде білім беру жүйесі болып табылады. Инклюзив – сөзі латын тілінен аударғанда «өзімді қосқанда» ал, ағылшын тілінен аударғанда

«араластырамын» деген мағынаны білдіреді. Инклюзивті білім беру – мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып-үйретудің бір формасы. Өткен жүзжылдықтың аяғынан бастап инклюзивті білім беруді дамыту әлемнің көптеген: АҚШ, Ұлыбритания, Дания, Испания, Финляндия, Германия, Италия,



Австралия және т.б. елдерінде білім беру саясатының жетекші бағдарына айналды. Осы елдерде балалардың дамуы мен әлеуметтік бейімделуі үшін тиісті психологиялық-педагогикалық жағдай жасалған жалпы білім беру ұйымдарында психикалық және дене бұзылыстары бар, дамуында артта қалушылығы бар балалар қалыпты дамыған құрдастарымен бірге табысты білім алуда. Инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері адам құқығы саласындағы негіз болатын халықаралық құжаттарға сәйкес әзірленген және әлемдік үрдістерді, білім беру саласындағы әлемдік практиканың жетістіктерін және қазақстандық білім беру жүйесін дамытудың басым міндеттерін ескеріп әзірленген.

2.Ерекше қолдауды қажет ететін білім алушыларды жалпы білім беру процесіне қатыстырудың принциптері мен құқықтық негіздері

Инклюзивті білім беруді дамыту қағидаттары:

- инклюзивті білім берудің жүйелілігі мен үздіксіздігі;
 - ерекше оқытуды қажет ететін балаларды уақытылы (ерте жастан) анықтауды қамтамасыз ету және алдын алу, педагогикалық-түзету шараларын деркезінде қолдану;
 - білім беру модельдерінің бейімділігі және әр оқушының ерекшеліктеріне, қажеттіліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес оны жеке оқыту мен дамыту;
 - еріктілік және ерекше оқытуды қажет ететін тұлғалардың жеке бейімділіктері мен ерекшеліктерін ескере отырып білім беру ұйымдарын таңдау құқығы;
 - білім беру ортасының ерекше оқытуды қажет ететін барлық тұлғалар және олардың ата-аналары үшін қолжетімділігі, ашықтығы;
 - кешенді медициналық, әлеуметтік және білім беру қызметтерінің үйлесімділігі мен түрлі ведомстволар, әлеуметтік институттар, қоғамдық және ата-аналар ұйымдарының өзара іс-қимылы арқылы кешенді ықпал және әлеуметтік серіктестік, тәртіпаралық өзара әрекет;
 - мүгедектік немесе басқа да даму ерекшеліктері «тасымалдаушы проблема» болып қарастырылмайтын адамның шектеулі мүмкіндіктеріне әлеуметтік ықпал;
 - денсаулығы мен әлеуетті мүмкіндігіне сүйене отырып, тұлғалардың даму проблемаларынан арылуды қарастыратын инклюзивті;
- білім берудің түзете – дамытушылық және әлеуметтік-бейімдеушілік бағыттылығы.



Инклюзивті білім беруді жүзеге асырудағы Заңнамалық және нормативтік негіз

1. «Білім туралы» ҚР-ның 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы.
2. «Бала құқықтары туралы» Конвенция БҰҰ-ның Бас Ассамблеясымен 20.11.1989 ж. қабылданған. ҚР Жоғарғы Кеңесінің 1994 жылдың 8 маусымындағы №77 қаулысымен ратификацияланған.
3. «Мүгедектер құқықтары туралы» Конвенция – БҰҰ – 2007 жылдың 30 наурызы.
4. Мұқтаждықтары ерекше тұлғаларға білім берудегі Саламанка Декларациясы мен іс-әрекеттердің Шеңбері: Мұқтаждықтары ерекше тұлғаларға білім беру туралы дүниежүзілік конференция – Испания – 1994 ж.
5. «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» ҚР-ның 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы.
6. «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетудегі қолдау туралы» ҚР-ның 2002 жылғы 11 маусымдағы № 343 Заңы.
7. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» ҚР Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарғысы.
8. «Білім беру ұйымдарына қойылатын санитарлық-эпидемиялық талаптар» Санитарлық талаптар ҚР Ұлттық экономика министрлігінің 2014 жылғы 29 желтоқсанда № 179 бұйрығы (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 17 ақпанда № 10275 болып тіркелді).
9. «Мүгедектердің өмір сапасын жақсарту жөніндегі ұлттық жоспар» ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 16 қаңтардағы № 64 Қаулысы.
10. «Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты» ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 Қаулысы.

3. Оқыту процесін жетілдіруде 7 модульді енгізудің қажеттілігі (үлгі рефлексиялық есеп)

Төменде берілген үлгі рефлексиялық есеп мазмұнында оқу ортасын құрудың және жобалаудың инновациялық мүмкіндіктері көрсетілген. Білім алушыларға үздіксіз педагогикалық қолдау көрсетудің қажеттілігі нақтыланып, жеті модульде қарастырылған идеялар сабақта пайдаланылатын жекелеген стратегиялар мен тәсілдердің өзара байланысы тұжырымдалған.

Батанасова Бақытгүл Ерғалиқызы
педагогика ғылымдарының магистрі,
Көкшетау қаласы,
Ж.Мусин атындағы жоғары қазақ
педагогикалық колледжі

ОҚЫТУ ПРОЦЕСІН ЖЕТІЛДІРУДЕГІ 7 МОДУЛЬДІ ЕНГІЗУДІҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Аннотация

Осы рефлексиялық есепте Қазақстан Республикасы педагог кадрларының біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасы негізінде әзірленген педагог кадрларды даярлайтын гуманитарлық колледждердің бітіруші курс студенттеріне қосымша білім беру бағдарламасы аясында алынған білім мен оның тәжірибеде қолданылғаны туралы рефлексиялық есептер берілген. Оның мазмұны төмендегідей бөлімдерді қамтыған: бірлескен топтық жұмыс, диалогтік оқыту, сын тұрғысынан ойлау, қалыптастырушы бағалау, талантты және дарынды балаларды оқыту және қорытынды. Әр модульге негізделген рефлексиялық есеп екі бөлімнен тұрады: педагогикалық тәсілдерді оқыту әдістері және оқу аясында студенттердің бұл тәсілдерді меңгеру деңгейі және сабақтарда қолданылған тәсілдердің тиімділігі. Сонымен бірге, сындарлы оқыту теориясына негізделген процесте, студенттерге сапалы және табысты оқытудың инновациялық жолдарын меңгертуге бағытталған іс-әрекеттерге түсінік берілген. Қорытынды бөлімінде бүгінгі таңдағы «білім алушылардың» қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын және білімді қабылдауға «шынайы» түрткі болатын белсенді әдістерді үйлесімді қолдана білетін, жаңашылдықтан жатырқамайтын педагогтармен қамтамасыз етудің қажет екендігі де айтылған.

Бірлескен топтық жұмысты қолданудың мүмкіндіктері

Менің көзқарасым бойынша бүгінгі таңда білім беру процесінде ынтымақтастық педагогикасының маңызы зор болып отыр. Өйткені іс-әрекет барысында тек қана оқытушының белсенділігінің, немесе санаулы белсенді студенттердің ғана болуының сабақ процесін нәтижелі жүзеге асыруға

жеткіліксіздігі басты кедергілердің бірі болуда. Мен ең алдымен өзіме «бірлескен топтық жұмыстың қандай артықшылығы бар?» деген сұраққа жауап алуға тырыстым. Қысқа мерзімді сабақ жоспарын құру кезінде мен бұл сұрағыма тұжырымды жауап алуға мүмкіндік туды. Өйткені мен өзімнің және студенттерімнің іс-әрекеттерін белсенді әдістер арқылы нақты критерийлерге сай жоспарладым.

Бірлескен топтық жұмысты пайдаланудың артықшылығы сабақтың эмоционалды, әлеуметтік мақсаттардың танымдық мақсатқа тез жетуге түрткі болатындығында. Сондықтан, мен тәжірибе барысында оқу іс-әрекетімді белсенді топтық жұмыс, яғни ынтымақтастық бағытта құруға тырыстым. Өз іс-әрекетімді студенттің қажеттілігіне қарай бағыттау арқылы, студенттерімнің менің пәнімді менен «қорыққанынан» емес, немесе уақытша сандық баға алу үшін емес шынайы іс-әрекеттер жасау арқылы, өзінің метакогнитивтілік тұжырымын құруға дағдыланғандарын аңғара бастадым. Атап айтатын болсам, студенттерімнің сабақ барысында қарым-қатынас мәдениетін сақтаулары, өз-өздеріне деген сенімділіктерінің артуы, өзінің және өзгенің іс-әрекеттерін бақылаулары және басқара алу белсенділіктерінің жетілдірілгендігін аңғардым, яғни ынталандырушы оқу ортасын құрудың тиімділігін байқадым.

Мен бірлескен топтық жұмыстың нәтижелі болуын әр сабақтан кейін өзімнің іс-әрекетіме рефлексия жасау арқылы бақыладым. Менің ойымша егер оқытушы өз іс-әрекетіне рефлексия жасай алса, тәжірибе нәтижелі болады. Келесі сабақта бірлескен топшалардың міндеттері алдын-ала белгілі болып, зерттеу жұмысының мазмұны, мақсаты, барысы түсіндірілді, яғни озат тәжірибені «зерттеушілер», «жинақтаушылар», «насихаттаушылар» қызметін атқарды. Мен келесі сабақтан әр топшаның мүшелерінің сапалы зерттеу жұмысын жүргізетіндігіне сенімді болдым, алайда кездесуге келуге қажетті озат тәжірибелі ұстаз О сырқаттанып қалуына байланысты, топшалар өз зерттеу жұмыстарын алдын-ала берілген критерийлер бойынша жүргізе алмады. Бірақ, мені таң қалдырғаны студенттерім процессте кездескен кедергіге қарамастан, Қазақстандағы жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесін өз таңдаулары бойынша зерттеп келгендіктері. Бұдан шығатын тұжырым, егер мен бірлескен топшамен жұмысты шынайы іс-әрекет негізінде ұйымдастыра алсам, менің студенттерімнің бойында идеялармен алмасу, жауапкершілік, ортақ шешімге келу, қолдау көрсету, көшбасшылық сияқты маңызды кәсіби іскерліктері шындала түсетіндігіне сенімділігім артатыны анық.

Диалогтік оқытудың маңыздылығы

Мен аталған бағдарлама негізінде өз тәжірибемді мектеп бөлімінің 4-курс студенттеріне сабақ беру процесінде қолдандым. Диалогтік оқыту стратегиясын қолдануды жүзеге асыруға дайындаған сабағымның тақырыбы озат педагогикалық тәжірибе болатын. Бұл тақырыпты меңгертудегі басты мақсатым студенттеріме диалогтік оқытуды сабағымның әр кезеңінде кері байланыс жасатып отыру арқылы түсіндіру болды.

Мен сабақ барысында тақырыптың мазмұнын тұжырымдап айтып, көрсеттім, ал студенттерім диалогтік оқыту әдісін қалай қолдану керектігін тұжырымдай алуы үшін сабақтың ережесін құруға ұсыныс жасадым. Сонымен қатар мен *диалогтік оқытудың сабақ процесін жақсартуға әсері мол екендігі (Александр, 2004)* туралы кіріспе түсінік бердім. Бұдан кейін олар аталған әдісті тәжірибе барысында оқушыларға қалай үйретер еді деген сұраққа жауап беру үшін, сабақ процесін белсенді бақылап отырулары қажет екендіктеріне нұсқаулық түсінік бердім.

Сабақтың топшамен жұмыс жасау кезеңінде берілген тақырып бойынша сұрақтарға кері байланыс жасатып отырдым. Бастапқыда студенттер диалогтік оқыту тәсілін тек оларды сынау, мақтау үшін пайдалану қажет деп түсінгендерін айтты. Ал мен топшаман бірлескен жұмыс жасау барысында «үш қадамдық сұхбат» стратегиясын қолданғаннан кейін студенттер төмендегідей мазмұнда ойларын білдірді:

Студент А: Диалогтік оқытуды қолданған кезде мұғалім алдын-ала зерттеу сұрақтарын дұрыс құра білуі тиіс екен.

Студент Р: Егер мұғалім диалогтік оқытуды тек қана ақпарат алмасу үшін қолданбай, әр оқушының сабақты шынайы қабылдауына ықпал етсе ғана оны жақсы тәсіл деп қарастыру қажет екендігін айтты. Бұдан мен студенттерімнің сабақ процесіндегі диалогтік оқытудың қажеттілігін қабылдауға дайын екен деп ой түйдім.

Мен сабағымның практикалық кезеңінде, яғни 3 топша өз жұмыстары бойынша таныстырылым жасағаннан кейін талқылау жүргіздім. Нәтижесінде студенттерім әңгіме барысында егер сұрақ нақты қойылмаса, көбінесе олар қарым-қатынаста «Иә, бұл солай» немесе, «Жоқ, олай емес» деген бағытта ғана қысқа жауап бергендіктерін айтты. Осыдан мен диалогтік оқытуда тек қана оқытушы емес, студенттер өзара жұмыс жасау барысында сұрақтың мазмұнын дұрыс құрылымдай білуі тиіс екендігіне тағы да көз жеткіздім.

Мен жоғарыда тәжірибе жүргізген топ мектеп бөлімінің 4 курсында оқитындығын айтқан болатынмын. Олар болашақта бастауыш сыныптарға білім береді. Алдарына келген оқушылардың білім алуына мотивация болатын «қолдаушы диалогті» сабақ процесінде үнемі қолданса нәтижеге жете алатындарына сенімділік туғыздым деп есептеймін. Өйткені мен сабақ барысында олардың іс-әрекеттеріне «Сенің айтқан ойың мен үшін өте маңызды, мені және құрбыларыңды таң қалдырдың, студент Н, сенің қойған сұрағың тақырыпты қабылдауымызға түрткі болды, рахмет саған» деген ынталандыру, қолдау сабақтың әр кезеңінде жүргізіліп отырылды. Олар менің осы қолдауым, яғни кумулятивтік әңгіме жүргізуім сабақтың сәтті өтуіне және олардың өз-өздеріне деген сенімділіктерінің артуына көмектескендігі туралы кері байланыс жасау кезінде айтты. Шын мәнінде бүгінгі таңда білім алушылардың сабаққа деген қызығушылықтарына мотивация болатын іс-әрекетті, әдісті дұрыс таңдай білу қажеттілігі туындап отыр. Сол үшін диалогтік оқытуды сабағымда және сабақтан тыс кездерде де ұжымдық, өзара, жиынтық, қолдаушы, мақсатты принциптерді негізге алып жүзеге асырып отыруды жалғастырамын.

Осы мәселені тереңірек қарастыра отырып, мен жоғарыда айтқандай сабақ жақсы өту үшін алдымен мен өзім сабақтың ережесін ұсындым, ал студенттерім сол ережені негізге ала отырып өздері де ереже құрастырып ұсынды. Екі ереженің мазмұнында да сабақ процесінде барлығы өз көзқарастарын айтып, өзара ой бөлісіп, белсенділік танытулары керектігі көрсетілді. 3 топшаның жұмысын бақылау барысында байқағаным, студенттерімнің басым көпшілігі процеске белсене қатысып отырды. Алайда, студент Ш алғашқы берілген тапсырма бойынша жасанды белсенділік танытып отырғандығын іс-әрекетті бақылау арқылы аңғардым. Осы кезде мен диалогтік оқытудың «түрткі болу» тәсілін қолдандым. Ол үшін мен студент Ш мынадай сұрақ қойдым, «Сенің тақырыпты түсінгеніңді аңғардым, енді білгеніңді құрбыларыңмен бөлісуге қандай кедергі болып тұр?» (сұрақты тек студент Ш ғана еститіндей жағдай жасадым, яғни топшаның жұмысын бақылауға келіп, бағыт бере отырып, студент Ш сұрағымды қойдым). Студент Ш былай жауап берді: «Барлығы жақсы, бірақ мен басқа топшаға ауысқым келеді» деді. Мен студент Ш өзі қалаған топқа ауысуына болатындығын айттым. Ол ауысқан тобында өз жұмысын белсенді жалғастырды. Әрине бұл жағдаят менің сабақ процесінде ойландырды, өзіммен-өзім диалогы іштей жүргізілді, бірақ сабаққа кедергі болған жоқ. Өйткені мен бұл мәселені сабақ аяқталған соң студент Ш анықтауға қадам жасаймын деп шештім. Бұндай шешім қабылдауыма бірінші бетпе-бет кезеңінде Стахлдың (1985) «күту уақыты» деген ұғымымен танысқан болатынымын. Оның шарты – ойлануға уақыт бергеннен кейін кем дегенде үш секунд кідіру қажет, осы аралықта жауап болмаса, кейін айтуға мүмкіндік беру қажет екендігі айтылған болатын.

Сабақтың «ауқымды көрінісін» көре білу оқытушыға байланысты. Ал оны көре білу үшін студенттерге нұсқау жасап отыру қажет деп есептеймін. Маңыздысы, жауап алу – бұл бағытты белгілеп, мақсатты айқындау тәсілі, сондай-ақ студенттердің түсіну дәрежесін бақылау тәсілі болып табылады. Сабақ барысында студенттерім диалогтік оқытуда ауызша нысандағы кері байланыс жазбаша нысанға қарағанда едәуір тиімді деп пайымдағандарын байқадым. Себебі олар осыған дейін тәжірибеге барған кездерінде оқушылар негізінен мұғаліммен бірге басқарылатын диалогте ғана артықшылық бар екенін байқағандарын айтты. Осымен келісе отырып мен студенттеріме А 4 форматты кері байланыс парағына төмендегі сұраққа жауап берулерін өтіндім. «Мұғалімдердің диалогты құру барысындағы жиі кездесетін кейбір қателіктері қандай?» Жауаптар мазмұны төмендегідей болды:

- мұғалім бірден бірнеше сұрақ қояды;
- көбінесе сұрақ қойып, оған өздері жауап береді;
- сұрақты ең ақылды және өздері жақсы көретін оқушыларға қояды;
- қиын сұрақты тым ерте қояды;
- сұрақтарды қорқыту түрінде қояды;
- оқушыларға ойлануға уақыт бермейді т.б.

Осы кері байланыстан кейін мен мынадай тұжырымға келдім, болашақта төмен деңгейлі сұрақтардан, яғни білу, түсіну, қолдану деген

бағыттан неғұрлым жоғары деңгейлі сұрақтарға, яғни талдау, жинақтау, бағалау сияқты бағытқа өзгерту қажеттілігі анық болды. Осындай өзара әрекеттесудің нәтижесінде, диалогтік әңгімеде мұғалім сұрақтары мен оларға берілген жауаптар ғана емес, сонымен қатар, оқушылардың да сұрақтары маңызды. Мұғалім оқушылардың жауабын олардың білімдерінің деңгейін тексеру үшін ғана емес, сондай-ақ оларға өз ойларын анық білдіруге, дамытуға, кеңейтуге мүмкіндік беру үшін де қолдануы керек деген пікірдемін.

Мен сабақта диалогтік оқытуды нәтижелі пайдалануға батыл қадамдар жасадым деп есептеймін. Оған жоғарыда келтірілген дәлелдемелер негіз болды. Сабақтың қорытынды кезеңінде «тыңдап отырған үштік» стратегиясын қолдандым. 3 топшадан сөйлеуші, тілші, хатшы рөлдері бойынша үш студент әр топшаның жұмысына кері байланыс берді. Менің бұл сабағымның ерекшелігі, мен кері байланысты сабағымның әр кезеңінде қолдануым болды. Студенттерімнің басым көпшілігі кері байланысты сапалы жүргізу арқылы диалогтік оқытудың сабақ процесін жақсартуға түрткі болатындығын сабақтан кейінгі өзіме ішінара рефлексия жасау кезінде анықтадым.

Сын тұрғысынан ойлау стратегияларын қолданудың жолдары

Менің тәжірибемдегі дәстүрлі оқыту мен нәтижеге бағытталған білім берудің салыстырмалы ерекшеліктерін тұжырымдай алатыным маған курс барысында көмек болды. Олай дейтінім жаңа педагогикалық технология пәнінде мен білім берудегі жаңа бағыттар мазмұнында студенттеріме дәріс беремін. Сонымен қатар сын тұрғысынан ойлау технологиясы деген тақырып төңірегінде теориялық және практикалық сабақтар өткізіп отырдым. Бұл білімім әрине маған қосымша ресурс болғандығын нақты айта аламын. Алайда аталған бағдарламаның бірінші «бетпе-бет» кезеңінде менің осыған дейінгі түсінігімдегі сын тұрғысынан ойлау технологиясынан сын тұрғысынан ойлауға үйрету модулінің мазмұнының ауқымды екендігін анықтадым. «Ойлау арқылы ойлану» деген педагогикадығы жаңа ұғым ерекше түрткі болды. Сабақта мен студенттерімнен менің ережемді толықтырып өз ережелерін құруды өтіндім. Осы тұста мен сабақтың ережесін құру тапсырмасы арқылы оларды сын тұрғысынан ойлай білуге түрткі болатын алғашқы қадамды жасадым деп есептедім. Өйткені олар көбінесе тақырыпты механикалық стильде қабылдауға әзір болатын. Ал осы тәсілден кейін студенттерім де сабақтың олардың ыңғайына қарай ықпалдастыруға болатындығын және сабақ процесін басқаруға да үлестерін қоса алатындығын сезінгендерін байқадым. Күнделікті тәжірибеде сын тұрғысынан ойлау тек қана оқушы бойында алдын-ала белгілі дағдылар төңірегінде қарастырылған болатын. Бұған көптеген педагогтер мен теоретиктер сын тұрғысынан ойлауды үйрету міндетін, алдыңғы кезекте, ойлау дағдыларын дамыту ретінде қарастырғандары да айтылған болатын. Ал шын мәнінде, ойлау туралы әр жеке тұлғаның пайымдауы сөйлеу дағдыларымен байланысты екенін ресурстан алған ақпараттарға өзіндік кері байланыс жасауым арқылы аңғардым. Мен өткізген сабақтарымда сын

тұрғысынан ойлауға үйретудің бірінші «бетпе-бет» кезеңінде өзім жақсы қабылдаған стратегияларды қолданамын деп шештім. Атап көрсететін болсам топшаман жұмыс барысында «жаңғырық» стратегиясын қолдандым. Бұл стратегияның мақсаты студенттер сұрақты жан-жақты қарастырады, тереңдетеді, бірақ, ең алғашқы тезисті ғана толықтырады. Аталған стратегияны қолдану барысында студенттерім белсенділік танытқанымен, тақырып негізінде зерттеушілік сұрақтарын нақты қоя алмады. Осыны ескере келе мен студенттеріме болашақта тәжірибе өту кезінде оқушыларға зерттеу сұрақтарын алдын-ала құрастырып алу маңызды екенін кері байланыс жасау кезінде айтып өттім. Мен бірінші сабақта сергіту теренингін қолдандым. Осыған дейінгі түсінігім бойынша мен көбінесе сергіту кезеңін негізінен бастауыш сыныптың оқушыларына қолдану қажеттілігін нақты білген болатынымын. Ал бірінші «бетпе-бет» кезеңінде процес барысында тренер Б және әріптестерім Е., Г., Г. сергіту тренингтерін ұйымдастырды. Осы тәсіл Бағдарламаның мазмұнын қабылдауға жоғары деңгейде септігін тигізді деп ойлаймын. Өйткені біз қалыпты эмоционалдық орта құру арқылы теориялық білімді қабылдадық. Осы мәселеден кейін мен мынындай тұжырым жасадым, сергіту тренингі тек қана мектеп оқушыларын немесе колледж студенттерін ғана емес, сонымен қатар оқытушылардың да білімдерін жетілдіруіне танымдық, эмоционалдық бағытта түрткі бола алатындығына көзім жетті. Мен осы ойымды өз студенттеріммен бөлістім және де осы тәсілді келесі сабақтарда жүйелі қолданып отырамыз деп шештік. Келесі сабақта оқытуды табысты ету мақсатына жету үшін «Піл» метатану стратегиясын қолдандым, мақсаты студенттерді білімді қабылдап, қорғау барысында берілген тақырып төңірегінде өзінде, яғни өз дүниетанымындағы ресурстарды немқұрайлылықпен емес, белсенді және сыни бағытта қолдану болатын. Мен студенттеріме дәптерлеріне 5 минут ішінде пілдің суретін салуды өтіндім. Студенттер тарапынан бірден маған сұрақтар қойылды. Студент Ш: *«Мен пілді ғана салайын ба?»*. Студент Э: *«Егер суретті дұрыс сала алмасам не болады?»* деген мазмұнда болды. Мен былай дедім: пілдің суретін саламыз, бірақ мен сендерден шебер суретшінің суретін салуды сұрамаймын, әркім өздерінің мүмкіндіктеріне қарай бейнелейді дедім. Уақыт аяқталған соң мен сұрақ қойдым: Кімнің суретінде пілден басқа да суреттер бар, мысалы: су, ағаш т.б. Нәтижесінде, 24 студенттің 17-нің тек қана пілдің суреті тұрды және бір ғана түсті қолданған, ал қалған 7 студентте піл, күннің көзі, су, пальма ағашы, қоңырау сияқты қосымша суреттер бейнеленгендерін байқадым. Осы студенттерге біз шапалақтап, «салют» шаштық. Мен былай дедім: *«Студенттер, біз бірлесіп оқытудың табысты мақсатына жетуіміз үшін, сабақ процесінде өтілетін тақырып төңірегінде жан-жақты, белсенді іс-әрекет жасауымыз қажет және өздерің сыни ойлауға дағдылану арқылы болашақта тәжірибе барысында алдарыңдағы шәкірттеріңді ерекше ойлауға жетелей аласыңдар»*. Осы қолданған «Піл» метатану стратегиясы менің студенттерімнің сындарлылық теориясының маңыздылығын тұжырымдай алуға түрткі болды деп есептеймін. Оған дәлелдеме ретінде кері байланыс кезінде студент А: *«Сіз пілдің суретін салуға ұсыныс жасағаныңызда мен су*

шашып тұрған, мойнында қоңырауы бар көңілді піл салғым келді, бірақ сіз қалай салу керек екенін айтпағасын мен немқұрайлылық танытқан едім және менің портфелімде түрлі-түсті қарындаштар да болды, оны алуға да еріндім. Енді маған мынадай ой келді, егер мен тек қана білім алуда ғана емес, күнделікті өмірде болатын мәселе төңірегінде ойлаудың ерекше мүмкіндіктерін қолданатын болсам, мен өзімді жақсы көре аламын» деген пікірі маған әсер етті және менің 7 модульді батыл қадамдар жасап жүзеге асыруым керек екендігінің тағы бір дәлелі болды.

Мен келесі сабағымды жоспарлауда өзіме мынадай сұрақ қойдым, «студенттеріме сын тұрғысынан ойлаудың маңыздылығын одан әрі қабылдауларына қандай тәсілдер қолдануым керек?» деген ойда болдым. Өткен сабақтарыма ішінара рефлексия жасай отырып, қорытынды төртінші сабағымызға студенттерімді сыни, яғни ерекше ойлауға жетелейтін «мұғалім кеше», «мұғалім бүгін», «мұғалім ертең» деген тақырыпта жоба қорғап келуге бағыт-бағдар бердім. Бұл тапсырмадан күтілетін нәтиже, менің студенттерім «ұстаз» қызметінің өзгермелі уақыт кезеңіне қандай іс-әрекеттері арқылы өз тәжірибесін ықпалдастыра алады деген мәселелік сұраққа жауап алуға түрткі болу еді.

Үзіліс кезі, студенттерім дәрісханаға кіріп бірлескен топтық іс-әрекеттері арқылы өздіктерінен сабаққа дайындықтарын бастап кетті. Бұл менің алғашқы жетістігім болды, яғни олар сындарлы ойлауларын іс-жүзіндегі әрекеттері арқылы байқатты. Келесіде топшамен жұмысты қорғау процесінде студенттерім ерекше таным белсенділігін ойластырылған іс-әрекеттері арқылы көрсете білгендіктері анық көрініс тапты. Оған дәлелдеме, студенттерім үш кезеңдегі мұғалімнің қызметін «тікелей эфир» тәсілі арқылы қойылым көрсетіп, «қара жәшік» стратегиясы арқылы болашақ мұғалімінің макетін құрастырып, «үздік постер» әдісі арқылы кешегі, бүгінгі, болашақтағы құзырлы мұғалімге тән жүрек, бас, қол белгілері мұғалім сұлбасында ерекшеленіп көрсетілгендігі, менің келесі қадамдар жасауыма, яғни Бағдарлама аясындағы жетілдірген білімімді одан әрі шыңдауға жетеледі. Сабақтың қорытынды кезеңінде бірлесіп «өрмекші торы» әдісі арқылы кері байланыс жасадық.

Қалыптастырушы бағалау әдіс-тәсілдерін енгізудің маңыздылығы

Мен осы модульге байланысты рефлексиялық есеп жазуда бүгінгі таңда сабақ процесінде аз мөлшерде уақыт, зейін бөлінетін «бағалау» деген ұғымға «жаңаша» көзқараста түсінік беруге тырысамын. Оған келесі мәселе түрткі болды. Бағдарлама аясындағы студентке арналған нұсқаулықтан мен «білім алушылар қоғамдастығы» деген педагогикадағы жаңа ұғыммен таныстым. Аталған ұғымға мазмұнды түсінік берілген екен, яғни бүгінгі таңда оқушылар да, мұғалімдер де өздерін «білім алушылар» деп қабылдаулары қажет екен. Әрине мен бұған дейін мұғалімдер білімін үнемі жетілдіріп отыруы қажет екендігін білетінмін. Алайда дәстүрлі сабақ процесінде оқушыны тек объект ретінде қабылдау жалғаса беретін еді. Енді мен алдымдағы студентіме субъект-субъектілік бағытта карауыма «білім алушылар қоғамдастығы» деген ұғым негіз болмақ.

Осы модульді меңгергенге дейін мен күнделікті сабақтарымда жиынтық бағалауды ерекше форматта қолданумен шектелсем, ал қазіргі таңда студенттердің іс-әрекеттерін сабақтың әр кезеңінде қалыптастырушы бағалау қажеттілігін түсіндім. Тәжірибе барысында оқу үшін бағалауды жүйелі және нәтижелі қолдандым деп ойлаймын. Аталған бағалаудың сәтті болуы сабақ барысында қалыптастырушы бағалаудың жүйелі көрініс табуында. Оған дәлел, студенттердің іс-тәжірибе барысындағы өзін-өзі және кері байланыс арқылы өзара шынайы бағалаулары. Тәжірибені жетілдіруге бағытталған бағалаудың маңыздылығын студенттерге тәжірибе барысында теориялық түрде және өзіндік іс-әрекеттерін нақты бағалаулары арқылы тұжырымдай білдім деп есептеймін. Себебі студенттер сапалық және сандық бағалауды сәйкестік форматында қолданудың нәтижесінде өзін-өзі бағалаудың маңыздылығын тұжырымдай алатындығы байқалды.

Бірінші сабақта мен студенттеріме бағалау тек қана сабақтың соңында ғана емес, сабақтың өн бойында жүргізілетінін ескерттім. Осы жерде ескеретін тағы да маңызды мәселе, процесте бағалауды мен ғана жүргізбейтіндігім болған еді. Олар өзіндік, яғни әр студент іс-әрекеттерін сабақта үнемі қадағалап отырғандары дұрыс болады және процесті мен емес өздерің бағалағандарың өте маңызды деп айттым. Сонда студент Ұ. сұрақ қойды: «Мен келесі сабақтарда немесе басқа пәндерде өзімді бағалауға құқығым бар ма?»-деді. Қойылған сұрақ мені ойландырды және мен былай жауап бердім: Менің немесе құрбыңның бағалауынан өзінді бағалауың сен үшін өте маңызды, себебі жасаған іс-әрекетіңнің артықшылығын, мүмкіндіктерін өзің бағалай аласың және өзіндік бағалауды шынайы жасай алсаң, келесі іс-әрекеттерің сапалы әрі нәтижелі болмақ, дедім. Әрине менің бұл жауабым қысқа мерзім аралығында жүзеге асырыла қоймас. Өйткені бүгінгі таңда студенттер бағалау процесін тек қана оқытушы жүзеге асыратынына дағдыланып қалған. Дегенмен, мен тәжірибе барысында қалыптастырушы бағалау модулінің миссиясын одан әрі насихаттап, процесте жүйелі қолдана беретіндігімді анық білдім. Одан әрі мен осы аталған өзара бағалаудың және өзін-өзі бағалаудың жүзеге асырылуына, Бағдарлама аясында алған тәжірибемді сабақтың әр кезеңінде қолданамын. Сабақта мен «ақылды асық» әдісін қолдандым, яғни студенттер топшаға «көңілді түстер» әдісі арқылы бөлінді. Ары қарай таңдаған түстері бойынша сол түске сәйкес асықтар таратылып берілді. Мақсаты: өзара қалыптастырушы бағалауды жүзеге асыру болды, яғни бірлескен топтық іс-әрекет барысында белсенділік танытып отырған студентке әрбіреуі өз қалаулары бойынша асық беріп отырды. Кері байланыс жасау кезеңінде студенттер осы әдісті болашақта оқушыларға, яғни өз тәжірибелерінде қолданатындықтарын айтты. Осы әдіс арқылы мен студенттерімнің сабақта белсенділік танытуларына айтарлықтай деңгейде түрткі болды деп айта аламын. Өйткені қалыптастырушы бағалау процесін жүзеге асыруға көмектесті және де маған сабақтың жиынтық бағалауды, яғни қорытындысын жасауда сапалы құрал бола білді.

Келесі сабақта мен студенттеріме бүгінгі сабақта бағалау ерекше болады деп хабарлама жасадым. Одан әрі қарай қолданылатын «суретті бағалау» әдісінің табыс критерийлерімен таныстырдым, яғни қалыптастырушы бағалау бойынша егер студент «4» алса, тасбақаның суреті беріледі және оны былай тұжырымдадым, процестің барлық кезеңіне араласу керек болатын еді, бірақ белсенділігің баяу болды, алайда тасбақа баяу қимылдаса да ол ақылды және батыл қадамдар жасауға талпынады. «5» алса көбелектің суреті беріледі және оның сипаттамасы, сабақтың кезеңдері бойынша өз ойыңды білдіріп отырдың, еңбектендің, «+5» алса адамның сұлбасының суреті беріледі және оның сипаттамасы, сабақтың әр кезеңінде өз көзқарасыңды білдіріп, ерекше идеяларды айта білдің. Сондықтан керемет, ерекше белсенділік танытқаныңа алғысымды білдіремін, дедім. Осы әдісті қолданғаннан кейін кері байланыс жасау барысында студент Ш: аталған әдісті бастауыш сынып оқушыларына қолданған тиімді болады деп есептеймін, өйткені жас ерекшеліктеріне орай сурет арқылы бағаласақ олар жақсы қабылдайды деп ойлаймын,- деді. Осы тұста мен сандық бағалауға студенттерімді сыни ойлай білуге түрткі болдым деп есептеймін.

Аталған Бағдарлама аясында мен бағалаудың мәні, интерпретация, қалыптастырушы бағалау деген педагогикадағы «бағалау» теориясына байланысты жаңа ұғымдармен таныстым. Білімімді жетілдіру барысында бағалауды реформалау тобы (2002а) оқу үшін бағалауға мынадай анықтама бергендігін ресурстардан қарастырдым, яғни оқу үшін бағалау – бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар мен олардың мұғалімдері қолданатын мәліметтерді іздеу және түсіндіру процесі. Аталған тұжырым оқыту мен оқу тәжірибесі үшін өте маңызды және өзекті болмақ. Келесіде интерпретация ұғымы, осыған дейін бағалауды оқушының механикалық білім деңгейімен өлшем жасау басымырақ жүргізіледі. Ал интерпретацияның негізінде қалыптастырушы бағалауды жетілдіруде қадағалаудың маңыздылығы зор екендігі айтылған. Сондықтан мұғалімнің үш функциясы бақылаушы, бағыттаушы, қолдаушы рөлінде табысты жұмыс жүргізуі маңызды. Осыған байланысты интерпретацияны кейде логикалық қорытынды деп атайтыны, маған бағалау жан-жақты іс-әрекеттер арқылы жүргізілуі қажет екендігіне тұжырымды дәлел бола алды. Ары қарай мен тәжірибе барысында өзімнің және студенттерімнің сабақ барысындағы іс-әрекеттерімізді бағалауға ерекше көңіл, уақыт бөлемін деп есептеймін. Бағалауды жаңаша форматта жүзеге асыру арқылы студенттеріме жақындай түсемін, яғни «жақын отыру» ұғымының мазмұнын тренерлік қызметімде насихаттайтын боламын деген сенімдемін.

Дарынды және талантты балаларды қоса алғанда, түрлі жастағы балалардың қажеттіліктерін ескеру мақсатында оқуды саралау стратегияларын енгізудің тиімділігі

Мені Бағдарламаның бірінші бетпе-бет кезеңіндегі алған теориялық білімім және үлестірілген ресурстардың мазмұны, талантты және дарынды

балаларды оқыту, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу, оқытуды басқару және көшбасшылық модульдерінің сабақтастығының ерекшелігін тұжырымдай алуыма септігін тигізді. Мен «ерекше балаларға қандай деңгейлік бағыттар ұсына аламын?» деген сұраққа жауап беруге тырысамын. Әлемдік білім беру кеңістігінде және еліміздің білім беру жүйесінде дарынды және талантты балаларды анықтау, дамыту мәселесі төңірегінде түрлі мазмұнда зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі таңда елімізде білім саласында жоғары жетістіктерді анықтайтын және ынталандыратын аймақтық, ұлттық, халықаралық сайыстар мен бағдарламалар жұмыс істеуде. Алайда осындай сайыстық құрылымдар талант пен қабілетті дамытудың жалғыз тәсілі ғана еместігі жайында пікірлер айтылуда.

Бүгінгі таңда осы тәсілді жетілдіру мақсатында педагогикада инклюзивті тәсілінің мазмұны енгізіліп, тұжырымдалуда. Мен аталған модульдер аясында тәжірибені өз оқу орнымда «Инклюзивті білімнің мазмұны мен ерекшелігі» тақырыбында мәселелік семинардың ұйымдастырылуымен байланыстырар едім. Бұл жоба әрине менің кафедраның жылдық жоспарында көрсетілген болатын. Осы аталған кездейсоқтық, менің және студенттерімнің аталған модульді теориялық және тәжірибелік тұрғысынан қабылдауларымызға мүмкіндік туғызды. Өйткені, инклюзивті оқыту, «түрлі оқушылардың, студенттердің қажеттіліктерін қалай қанағаттандыруға болады?» деген сұраққа жауап береді. Тәжірибе барысында талантты және дарынды балаларды оқыту, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу, оқытуды басқару және көшбасшылық модульдерінің мазмұнына кіріспе жасалды деп айта аламын. Мәселелік семинардың бірінші бөлімі барысында ерекше білімді қажет ететін оқушылармен жұмыс жүргізудің теориясы берілді. Ал екінші бөлімінде, шеберлік сынып көрсетілді. Осы ұйымдастырылған семинардың тағы бір артықшылығы, мен осы Бағдарлама аясында тәжірибе жүргізген 4 курс студенттерінің А деңгейіндегі білім алушылары шақырылған болатын. Осыдан келіп, мен рефлексиялық есеп жазу барысында менде мынадай сұрақ туындады, «шақырылған студенттердің А деңгейінде екендігін мен қалай анықтадым?». Жауабы қазіргі таңда төмендегідей мазмұнда: егер студент белсенді болса..., егер студент пәндік олимпиадаларға қатысса..., егер студент қоғамдық іс-шараларға қатысып жүрсе... ол, талантты немесе дарынды студент қатарына жатады. Аталған мәселелік семинардан соң мен өзіндік рефлексия жасадым, яғни осы семинардан алған тәжірибемді аталған модульдермен алғашқы сабақтарымда қалай сәйкестендіре аламын және дарын, талант иелері бойындағы қабілетті тек қана оқу орындарында ғана емес, болашақта өз өмірлерін орналастыруда қолдана алуға дайын бола ала ма, деген сұрақтарға жауап іздедім. Ол үшін мен семинарға қатысқан 4 студентпен әңгімелестім, яғни мини сауалнама жүргіздім. Сұрақтары төмендегідей:

- 1.Қабілетің бар екенін қай кезде байқадың?
- 2.Үнемі белсенділік танытуыңның сыры неде?
- 3.Өзіңді талантты студентпін деп есептейсің бе?

Сауалнама нәтижесінде мен студенттерімнің, яғни ерекше студенттерімнің өзіне өзі баға берулері қарапайымдылық пен бұйығылыққа негізделген болып шықты. Өйткені 4 студент те 3-ші сұраққа жауап беруде «мен сайысқа қатыстым...», «менде мақтау қағазы бар...», деген мазмұнда болды. Осыдан шығатын қорытынды, дарынды студенттердің өзіне өзі баға беру дағдысының қалыптаспағандығы болды. Келесіде мен осы сауалнама төңірегінде туындаған мәселе төңірегінде зерттеушілік іс-әрекетімді жалғастырамын.

Ары қарай кері байланыс сұхбат жүргізу арқылы мен дарынды және талантты балаларға құрдастарының тапсырмаларынан өзгеше, анағұрлым күрделі, ынталандыратын тапсырмалар беру қажет деген ой келді. Эйр (2001) Выготский мен Катцтың еңбектерінен дәйексөз келтіре отырып, теория мен зерттеулерді табиғатты зерттейтін міндеттер ретінде қарастырғанын білдім. Міндет қоя отырып жұмыс істеу оқушыларды жайлылық аймағынан аздап шығатын деңгейде жұмыс істеуге міндеттейді. Выготскийдің тұжырымы бойынша, тым күрделі жұмыс балаларға орындалмайтын, ынтасын жоятын жұмыс болып көрінетіндігін дәлелдейтін «Жақын арадағы даму аймағы» теориясы негізінде балалардың өзекті қабілеттерінің деңгейлерін бағалаудың тиімді екендігін баса айтады екен. Эйр теорияның осы бөлігін пайдалана отырып, дарынды балаларға арналған оқу жоспарына өзгеріс енгізу жөніндегі ұсынысында ол жоспарда жоғары деңгейлі ойлау, біліктілігін дамыту және проблемаларды шешу дағдылары қамтылуы керектігін айтқан екен.

Мен аталған студенттерді семинарға қатыстыру арқылы олардың зияткерлік қабілеттерінің дамуына мүмкіндік туғыздым деп есептеймін. Егер де бірінші курс студенттерін таңдаулы оқу орындарына, жергілікті ғылыми орталықтарға саяхатқа апарып, сонымен бірге ғылыми жарыстарға, ғылыми үйірмелерге қатыстырып және нағыз ғалымдармен кездесу ұйымдастырсақ оқушылардың күрделендірілген тапсырмаларды орындауға ынталы болатындығы сауалнама мен сұхбат түрінде өткізген жауап алу нәтижелері арқылы көрініс табар еді.

Келесіде мен Бағдарлама аясындағы ресурстардан танымдық үдерісті зерттеу негізінде жадының маңызды қызмет атқаратындығы көрсетілген. Оның ішінде қысқа мерзімді жұмыс жадысының оқушылардың даму жолдарын анықтайтын танымдық міндеттерді орындау қабілеті үшін маңызы зор екендігі айтылған (Аткинсон, Шифрин 1974). Осы тұжырымды пысықтай келе ұзақ мерзімді жадының үш компоненті анықталған, олар: рәсімдік, эпизодтық және семантикалық. Ұзақ мерзімді жадының осы үш түрі қайта жаңғыртудың тәсілдеріне байланысты және де әртүрлі білімді есте сақтайды. Осы жадының түрлері оқушының жас ерекшелігіне сәйкес үйлесімділікте қалыптасса, метакогнитивті ойлау белсенділігі жоғарылайды екен.

Аталған модуль мазмұнын одан әрі тұжырымдау мақсатында мен Ренцулли мен Райстың (1985) дарынды және талантты оқушылардың білімін жетілдіру бойынша қызметтің өзара байланысты үш кезеңдерінің негізінде жасаған моделіне сүйендім:

Бірінші кезең – жалпы зерттеу жаттығулары.

Екінші кезең – үдеріс, яғни топтық оқу жаттығулары.

Үшінші кезең – нақты проблемаларды жеке және шағын топтарда зерттеу.

Бірінші кезеңде студенттерге әртүрлі тақырыптағы тапсырмалар мен жаттығулар түрлерін ұсындым. Осы кезеңде сабақ кездесу-сұхбат формасында ұйымдастырылды. Кездесу-сұхбат сабағының нәтижесінде «зерттеушілік» қызметіндегі студенттерді стандартты оқу бағдарламаларынан тыс, студенттер үшін тартымды, нәтижелі болды. Олар кездесуге келген озат тәжірибелі ұстаздың іс-тәжірибесін зерттеді. Екінші кезеңінде эмоциялық әрі зияткерлік процесті жүзеге асыру үшін «насихаттаушылар» тобындағы студенттер озат тәжірибелі ұстаздың үйіне барып, сұхбат алып, көрме ұйымдастырды. Олар шығармашылық ойлаудың, проблемаларды шешу қабілетінің, сын тұрғысынан ойлаудың болуын, зерттеушілік дағдының, қарым-қатынас жасау дағдысының болуын көздейді. Үшінші кезеңде «қолданушылар» тобы озат тәжірибелі ұстаздың тәжірибесін негізге ала отырып, сабақтан үзінді көрсетеді. Олар анағұрлым тиімді жұмыс жасағандарының барысын, яғни әдістемесін көрсетеді. Сабақта сергіту жаттығын ұйымдастыру мақсатында «мен жұлдызбын» әдісі қолданылды, яғни талантты студент Н гитарамен ән шырқады.

Үш топшаның құрамында да әртүрлі деңгейдегі студенттер болды. Жұмысты қорғауға дайындық барысында студенттерге деңгейлік тапсырмалар өз таңдаулары бойынша берілді.

1 деңгей: Озат тәжірибелі ұстаз О туралы мәлімет әкелу «өкіл» стратегиясы бойынша.

2 деңгей: Озат тәжірибелі ұстаз О кездесіп, алдын-ала сұрақтар әзірлеп, сұхбат жүргізді, яғни «үш қадамдық сұхбат» стратегиясы бойынша.

3 деңгей: Озат тәжірибелі ұстаз О авторлық әдістемесі бойынша сабақтан үзінді көрсетті «стоп кадр» стратегиясы бойынша жүргізілді.

Аталған модульді өзіме және студенттеріме меңгертуде мен мәселелік семинар және бір сабақ төңірегінде жүзеге асырдым. Әрине мен одан әрі қарай осы тақырып төңірегінде процесті жалғастырамын. Ол үшін мен сабақтарымда және сабақтан тыс уақыттарда дарындылық, талант, көшбасшылық деген ұғымдарды зерттеу процесін жүзеге асырамын. Ол үшін қазіргі таңда мен студенттердің курстық, дипломдық, жоба жұмыстарын зерттеуді белсенді түрде ұйымдастыруды жоспарлап отырмын. Нәтижесінде мен және менің көпшілік студенттерімнің бойында көшбасшылық бағытындағы іс-әрекетімізде сапалы белсенділік жетілдіріледі деген ойдамын.

Қорытындылай келе, мен бағдарлама мазмұнындағы ерекше қабылдаған идея бұл, Шульманның құзырлы мұғалімге тән белгілері, яғни «үш көмекші», бас ол – кәсіби түсінік, қол – оқытудың тәжірибелік дағдылары және жүрек – кәсіби-өнегелік тұтастық болған жағдайда ғана оқыту табысты болып саналады деген тұжырымы. Осыған байланысты мен сындарлы оқыту теориясына негізделген ресурстардан сабақтың эмоциялық,

танымдық, әлеуметтік мақсатына сай құрылымдалуы қажет екендігін анықтадым.

Жеке зерттеу тақырыптары:

1. Оқыту мәселесіндегі инклюзивті білім берудің тұжырымдамалық негіздері мен тарихы

Есептік формасы: баяндама

2.«Инклюзивті білім берудегі педагогикалық төзімділік және шеберлік»

Есептік формасы:эссе

Топшамен бірлесіп жасайтын жұмыс тақырыбы:

«Жүрегім толы мейірім» қолдау акциясын ұйымдастыру

Есептік формасы:акция

Студенттерге ұсынылатын әдістемелік нұсқаулар

(Тапсырмаларды орындау мерзімдері мен есептік формасын оқытушымен бірлесіп келісу)

Дәріс сабақтарындағы студенттердің танымдық іс-әрекеттерін ұйымдастыруға байланысты нұсқаулар

1) Алдыңғы дәріс конспектісін оқу, терминологиялық сөздікте жазылған негізгі ұғымдарды қайталау.

2) Дәріс мақсатын ұғу, бірлескен мақсатты құруға қатысу.

3) Жаңа материал мен өткен тақырыптар арасында байланыс орнату.

4) Түсіндіретін материалдың негізгі бөліктерін анықтау.

5) Төмендегі сызба бойынша жазбалар жүргізу:

Күні _____

Дәріс тақырыбы _____

Дәріс мақсаты _____

| № | Негізгі ережелер, қорытындылар, фактілер | Дәріс барысында туындаған ойлар, сұрақтар | Оқытушыға қоятын сұрақтар |
|---|--|---|---------------------------|
| 1 | | | |
| 2 | | | |
| 3 | | | |

6) Шартты «белгілер» мен таңбаларды қолдана отырып, жазбаларды қысқаша түрде жазу, мысалы, «педагогикалық қызмет» деген түсінікті «ПҚ» деп басқы әріптері арқылы жазуға болады.

7) Айшықты түстерді пайдалану, мысалы, түсініктер мен анықтамаларды қызыл түспен, мысалдарды – жасыл, қалған мәтінді көк түспен ерекшелуге болады. Дәрісті бұлайша конспектілеу студентке негізгі ақпаратқа бірден көңіл аударуға, оның негізгі бөліктерінің байланысын анық көруге мүмкіндік береді.

8) Дәрісті тыңдау барысында ойлау, бейнелеу ақыл-ой жұмысын атқарып отыру керек (табиғат суреттері, оқылатын нысандар, оның үлгілері, әдеби қаһармандар бейнесі, эмоциялар мен сезімдер).

9) Дәріс барысында оқытушы ұйымдастырған әңгімеге, пікірталасқа қатысу.

10) Сұрақтар қою, түсініксіз жерлерді сұрау, анықтап алу.

11) Лектордың айтқандарын мұқият тыңдау, сонымен қоса «өзінді де тыңдау» (дәріс бойынша өз ойларын да жүйелей отыру).

12) Дәріс тыңдау барысында демалу (мысалдар келтіру кезінде т.с.с.).

13) Дәріс сабағын қорытындысын шығаруға қатысу, талдау жасау және дәрістің қызықты жерлерін бағалау.

Семинар сабақтарындағы студенттердің танымдық іс-әрекеттерін ұйымдастыруға байланысты нұсқаулар.

Талқылауға ұсынылатын семинар тақырыбы мен сұрақтарын ұғу, әдістемелік нұсқаулықтармен танысу.

Тақырыбы бойынша дәріс конспектісін оқу, қажетті әдебиет пен материал іздестіру, ақпараттың ең маңыздысын ғана тандап алу және бастысын жанамаларынан айыра білу, мәтінді лексикалық, синтаксистік тұрғыдан өңдеу, оқыған материалды құрылымдау, жүйелеу, оқыған материал бойынша қорытындылар шығару, түсінуге қиындық пен қарама-қайшылық туғызған сұрақтарды арнайы жекелеп көрсету.

Семинардың типіне байланысты әртүрлі тапсырмалар орындалады: конспект жазу (тезистік, дәйексөздік, сызбалық, сұрақ-жауаптық, тақырыптық, шолу-тақырыптық және т.б.), жоспар құру (қарапайым немесе күрделі), реферат, эссе жазу, педагогикалық есептерді шешу және т.б.

Мынандай ортақ талаптарға сүйене отырып логикалық бірізді әрі айқын сөз даярлау: сөз сөйлеу, бір бөліктен екінші бөлікке байланыса ауысу, аргументтер келтіру, қорытындылар жасау.

Сөйлеген сөз мағына жағынан айқын, грамматикалық дұрыс болуы керек.

Сөйлеген сөз эмоционалды тұрғысынан жақсы болуы керек (қолды сермеп сөйлеу мен мимиканы көп қолданудың қажеті жоқ).

Сөз мәнерлі, дикция айқын болуы керек.

Сөз сөйлегенде тыңдаушылармен тығыз байланыс орнатып, олардың көңілдерін назардан шығармау керек.

Көрнекілік материал қолдану.

Сөз сөйлегенде уақыт регламентін сақтау.

Семинардың маңызды бір кезеңі әңгіме және пікірталас жүргізудің ережелерін сақтау:

1) талдауға ұсынылатын сұрақты ұғу, талқылаудың пәнін және әңгіме қатысушылардың көзқарастарына ықпал етуді;

2) нақты дәлелді аргументтерді келтіре отырып өз пікірінің дұрыс екенін дәлелдеу;

3) пікірталасқа қатысушыларды мұқият тыңдау;

4) әңгімеге дер кезінде араласа білу.

1. *Ақпараттық хабарлама әзірлеу* – семинар, практикалық сабақтарда баяндау үшін әзірленген, көлемі жағынан шағын болып келетін өзіндік жұмыстың түрі.

Хабарлама мақсаты – оқу материалын белгілі бір тақырып бойынша жинақтау. Хабарлама қысқа болғанымен, фактілік, статистикалық ақпараттармен толықтырылады. Жазбаша рәсімделіп, көрнекілік элементтерін қамтуы мүмкін. Хабарламаға сапалы дайындалу үшін мына ұсыныстарды орындау керек:

- мәселе бойынша әдебиеттерді оқу;

- хабарлама жоспарын құру (оқу материалының күрделілігіне қарай жай (қарапайым) немесе күрделі жоспар құруға болады);

- негізгі түсініктерін тандап, анықтама беру;

-қарастырылып отырған құбылыстың (үдерістің, нысанның т.б.) себеп-салдарлық байланысын көрсету;

- оқу нысанын жан-жақты сипаттайтын қосымша мәліметтерді қолдану;

-төмендегі берілген үлгі бойынша хабарлама мәтінін дайындау:

Тақырып (мәселе) атауы: «Педагогиканың зерттеу әдістері»

Түсініктің мәні:

Құзыреттілік -

Құзыреттілік түрлері -

Құзыреттілік түрлерінің классификациясы

Теориялық

Тәжірибелік

Құзыреттілік түрлерінің сипаттамасы

Арнайы -

Дара құзыреттілік -

Зерттеу әдістерін таңдау жолдары

1. Зерттеу мақсаты
2. Зерттеу міндеттері
3. Гипотеза

Хабарлама бойынша қорытындылар

Осылайша,

Ақпараттық хабарламаны бағалау критерилері:

- мазмұнның тақырыпқа сай келуі;
- материалды өңдеудің негізі мен тереңдігі;
- оқуға міндетті ресурстарды пайдалану;
- көрнекілікті қолдану;
- хабарлама жасауға бөлінген уақыт регламентін сақтау.

2. *Глоссарий құрастыру* – тақырып бойынша кездескен терминдерді жинақтау мен жүйелеуден тұратын өзіндік жұмыс түрі.

Глоссарийді құру мақсаты – басты терминдер мен олардың анықтамаларын көрсету. Терминдер мен олардың анықтамалары жазбаша рәсімделіп, әліпби тәртібімен беріледі.

Студент келесі нұсқауларды ұстануына болады:

- тақырып бойынша материалды оқу;
- басты терминдерді таңдау;
- негізгі анықтамаларды жазу;
- анықтамаларды талдау, ең нақты және қысқа анықтаманы шығару;
- төмендегі үлгіні пайдалана отырып, глоссарий құрастыру:

| № | Терминдер | Анықтамасы | Алынған жері |
|----|-----------------|---|-------------------------------------|
| 1. | Анализ (талдау) | Құбылыстардың жекелеген жақтарын, белгілері мен қасиеттерін анықтап қарастыру | Философиялық-энциклопедиялық сөздік |

Глоссарийді бағалау критерилері:

- терминдердің тақырыпқа сәйкестігі;
- терминдердің көп аспектілігі және оларды оқылып отырған пәннің ерекшелігіне сай ықшамдаудың нақтылығы;
- талапқа сай рәсімдеудің сәйкестігі;
- жұмыстың көрсетілген мерзімінде тапсырылуы.

3. *Алғашқы дереккөздерден конспект жазу* (мақалалар, оқулықтар, монографиялар және т.б.) – ақпаратты қысқаша үлгіде конспектілеуге бағытталған өзіндік жұмыстың бір түрі.

Жұмыстың бұл түрінің мақсаты деректемелердің негізгі ережелерін анықтау, автор теорияға қандай жаңалық енгізгеніне талдау жасау. Жұмыс жазбаша рәсімделеді.

Тапсырманы орындауға арналған нұсқаулар:

- деректеменің оқу материалын оқып шығуы, бастысын, жаднамасын анықтау;
- жоспар құру;
- тақырып бөлімдерінің арасында байланыс орнату;
- басты түсініктер, сөздерді, ұғымдарды айқындау;
- күрделі сөйлемдерді жай, қарапайым, қысқа сөйлемдерге ауыстыру;
- шартты қысқартулар жүйесін әзірлеу және қолдану;
- төмендегі үлгіні пайдалана отырып, конспект жазу:

1. Дереккөздер конспектісі (оқулық, монография тарауы, қосымша ресурс)

2. Автордың толық аты-жөні, жұмыстың толық атауы, басылып шыққан уақыты

3. Жоспары

1. _____

1. _____

1. _____

2. _____

2.1 _____

2.2 _____

1. Жоспардың әр сұрағын толығымен ашып көрсету

Дереккөздерді конспектілеуді бағалау критерилері:

- мазмұн жоспарға сай келуі;
- автор жұмысының нәтижелерін, негізгі ережелерін дәлелді беруі;
- негізгі жайттарды бірізділік пен нақтылық арқылы беруі;
- ерекше мәнге ие ақпаратты белгілеп көрсету үшін графикалық және басқа да шартты таңбаларды қолдану;
- баяндаудың сауаттылығы;
- талаптарына сай рәсімделуі;
- конспектіні мерзімінде тапсыруы.

4. *Эссе жазу* – тақырыбы субъективті түрде ғана ашылған өзекті тақырыпқа еркін түрде шағын көлемді шығарма жазудағы өзіндік жұмыстың бір түрі.

Эссе мақсаты – мәселенің мәнін ашу, логикалық ойлаудың нәтижесінде өз пікірін жазбаша түрінде беру және әртүрлі көзқарасты ұстану.

Тапсырманы орындауға келесі нұсқаулар беріледі:

- эссе тақырыбын мұқият оқып, ондағы мәселені анықтап алу;
- эссе тақырыбы бойынша әдебиеттермен танысып, іріктеп алу;
- эссе жоспарын құру;
- мәселенің мазмұнын және оны шешу жолдарын қысқа, тұжырымды етіп көрсету;
- төмендегі үлгіні пайдалана отырып, эссені рәсімдеу:

Эссе тақырыбы мен мақсаты

Эссе мазмұны:

- тақырыптың теория мен практика үшін өзектілігі;
- мәселені шешу үшін дәл келетін жолдарды талдау («артықшылықтары», «ұсыныстар»);
- мәселені шешудің өзіндік жолын ұсыну;

- ұсынысты шынайылыққа айналдыру (жоспары, ресурстары және т.б.);
 - ұсынылған жолдың, тәсілдің «күшті» және «әлсіз» жақтарын көрсету.
- Эссені бағалау критерилері:

- мазмұн эссе тақырыбына сәйкес келуі;
- мәселенің қазіргі жағдайын нақтылы бағалау;
- ұсынылған идеяның тиімділігі мен мәні;
- мәселені шешудегі ерекше жолдың, амалдың бар болуы;
- баяндаудың айшықтығы, бейнелілігі;
- баяндау сауаттылығы.

5. *Тақырып бойынша жинақталған кесте құру* – үлкен ақпарат көлемін жүйелеу мен жинақтау арқылы кестеде көрсететін өзіндік жұмыстың бір түрі.

Кестені құру мақсаты – ақпараттың мол көлемін құрылымдау, оны дұрыс түсіну және есте сақтау үшін кестеге енгізу.

Тапсырманы орындауға байланысты нұсқаулар:

- тақырып бойынша ақпаратпен танысу;
- жұмыстың мақсатын айқындау;
- ақпаратты құрылымдау, оны қысқаша түрде көрсетіп, осы мәліметтермен кестенің негізгі графаларын толтыру;
- үлгі бойынша кесте толтыру:

Жинақталған кестені бағалау критерилері:

- мазмұны тақырып пен мақсатқа сай келуі;
- кесте құрылымының қисындылығы;
- ақпараттың құрылымдылығы, жүйелілігі;
- кестені талаптарға сай рәсімдеу;
- кестені уақытында өткізу.

6. *Фактілік сызбаларды құру* – ешбір өлшемсіз, шартты белгілердің көмегімен ақпаратты беруді құрайтын өзіндік жұмыс түрі.

Фактілік сызбалардың мақсаты – ойлардың, түсініктердің көлемдік және көрнекілік тұрғыда берілуін, олардың өзара байланыстылығы және өзара тәуелділігін көрсету.

Тапсырманы орындауға берілетін ұсыныстар:

- тақырып бойынша ақпаратпен танысу;
- басты элементтерді анықтап, олардың арасындағы өзара байланысты және өзара шарттасу белгілерін анықтау;
- ақпаратты жүйелеу;
- фактілік сызбалар құру.

Сызбаны бағалау критерийлері:

- мазмұнның тақырыпқа сай келуі;
- ақпараттың жүйелілігі;
- ақпараттың басты элементтерінің арасындағы қисындық байланыс;
- тапсырманы орындауға шығармашылық тұрғыдан қарау;
- жұмысты орындаудағы мұқияттылық;
- жұмысты уақытында өткізу.

7. *Тақырып бойынша сөзжұмбақтар құрастыру* – ақпараттың графикалық түрде бейнелейтін өзіндік жұмыс түрі.

Сөзжұмбақтарды құрастыру мақсаты – ақпаратты жүйелеу, білім алушылардың ойлау қабілеттерін дамыту. Сонымен қатар сөзжұмбақты құрастыру өзін-өзі бақылау және өзара бақылау әдісі ретінде қолдануға болады.

Тапсырманы орындауға арналған нұсқаулар:

- тақырып бойынша оқу материалымен танысу;
- оларға сұрақтар мен жауаптар құрастыру;
- графикалық сызба сызу.

Сөзжұмбақты бағалау критерилері:

- мазмұнның тақырыпқа сәйкестігі;
- сұрақтарды дұрыс құрастыра білу;
- сөзжұмбақтың көлемі (10 сөзден кем емес);
- жұмысты уақытында тапсыру.

8. *Реферат жазу* – белгілі бір тақырыптағы жұмыстың немесе мақаланың, кітаптың мазмұнын қысқа да нұсқа үлгіде алу мақсатында ақпаратты жинақтау, жүйелеуге бағытталған өзіндік жұмыс түрі.

Реферат жазу мақсаты – оқылатын тақырыпқа жаңашылдық элементтерін енгізе отырып, толықтыру.

Тапсырманы орындауға байланысты нұсқаулар:

- автор шешімін табуы тиіс мәселелер мен негізгі сұрақтарды айқындау;

- автор дәлелдейтін негізгі ережелерді ерекшелеп көрсету, ол қандай тәсілдермен дәлелденетіндігін (теориялық немесе эксперименттік жол) көрсету, негізгі қорытындыларды, жаңалықтарды айқындап, көзқарастарды салыстыру және авторлар пікірінің тоғысатын, алшақтайтын жерлерін көрсету;

- тақырыпқа жеке көзқарасты қысқаша түрде көрсетіп, оның теориялық және практикалық мәнін бағалау;

- рефераттың жоспарын құру.

Реферат құрылымы кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды және әдебиет тізімінен тұруы керек.

Реферат кіріспесінде тақырып таңдалуы, өзектілігі және қаралатын мәселенің тереңдігі баяндалады. Ал рефераттың негізгі бөлімінде қаралатын мәселе және оның кейбір кемшіліктерін ашуда қолданылатын концепциялар, әртүрлі авторлар теориясы көрсетілуі керек. Сонымен қатар автор өз зерттеулерінің нәтижелерін де қолдана алады.

Рефератты рәсімдеу талаптарын қарастырайық.

Мұқабә беттi рәсiмдеу үлгiсi

Қазақстан Республикасының бiлiм және ғылым министрлiгi
Ж.Мусин атындағы жоғары қазақ педагогикалық колледжi

Кафедра

Реферат

Тақырып: Инклюзивтi бiлiм берудегi педагогикалық шеберлiк және төзiмдiлiк

Орындаған:

3-курс студентi

БМ-31тобы

Аты-жөнi:

2. Реферат жоспары (екiншi бетте орналасады):

Жоспар

Кiрiспе

1.

1.1

1.2

2.

2.1

Қорытынды

Әдебиет

3. Пайдаланылған әдебиетке сiлтеме жасалуы керек. Сiлтеме сөйлемнiң соңында тiк жақшаларға алынып орналасады, мысалы [3, 6.15].

4. Әдебиет тiзiмiн рәсiмдеу талаптары: тiзiм мәтiнде кездескен рет бойынша жалпы қабылданған талаптарға сәйкес құрылады. Мысалы,

1. Бабаев С.Б. Тұлғалық педагогика: оқу құралы. – Алматы.: 2014

5. Техникалық талаптар:

бет параметрлерi: төменгi және жоғарғы жағынан- 2 см., сол жағы – 3 см., оң жағы – 1,5 см; интервал – 1,5 см. Реферат көлемi – 20-25 бет;

Реферат А4 форматында орындалады.

Рефератты бағалау критерилерi:

- тақырыптың өзектілігі;
- мазмұны тақырыпқа сай келуі;
- материалдың жан-жақты терең өңделуі;
- келтірілген дереккөздердің орындылығы;
- рефераттың рәсімдеу талаптарына сәйкестігі.

Қалыптастырушы бағалау үлгілері

Бағалау парағы №1

Пән:

Тобы:

Білім алушы: _____

| Аты-жөні | Бақылау уақыты | Өзіндік пікірлер келтіруі | Сұрақтар қоюы | Сұрақтарға жауап беруі |
|----------|----------------|---------------------------|---------------|------------------------|
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

Бақылау парағы №2

Пән:

Тобы:

Білім алушы: _____

| Әрекеттері | Әрқашан | Әдетте | Кейде | Ешқашан |
|--|---------|--------|-------|---------|
| Берілген тапсырма мен сұрақтарды түсініп алуға тырысып, басқалармен бөліседі | | | | |
| Оқулыққа сүйенбей, идеялар мен ойлар келтіреді | | | | |
| Тыңдай біліп, сөйлеушіні қолдап отырады | | | | |
| Басқаларды тыңдайды, бөтен пікірмен санасады | | | | |
| Өз ойларын басқа пікірлермен салыстырып, қорытынды шығарады | | | | |
| Жаңа түсініктердің пайда болуына ынталы | | | | |

Студенттен интервью алу парағы

Студенттің аты-жөні _____

Талқыланатын сабақ тақырыбы немесе проблема _____

| Сұрақтар | Студенттің жауаптары |
|--|-----------------------------|
| <ul style="list-style-type: none">- Сабақ Сізге ұнады ма? Өз пікіріңізді дәлелдеңіз.- Сабақтың ең ұтымды жерлері қандай болды?- Сабақ тақырыбының (проблеманың) Сіз үшін қандай маңызы бар деп ойлайсыз?- Бүгінгі үйренгеніңіз Сіз үшін болашақта қажет болады деп ойлайсыз ба? Неліктен?- Осы тақырып (мәселе) бойынша тағы да не білгіңіз келеді?- Осы тақырып (мәселе) бойынша қандай ақпарат көздерін қарастырасыз?- Бұл проблеманы шешуде Сіздің үлесіңіз қандай болды деп есептейсіз?- Сабақта қандай әрекеттер атқардыңыз?- Топ жұмысы қандай деңгейде өтті деп ойлайсыз? Неліктен?- Өз жұмысыңызға қанағаттанасыз ба? | |

Рахмет!

Оқытушыдан интервью алу парағы

Оқытушының аты-жөні _____

Талқыланатын сабақ тақырыбы немесе проблема _____

| Сұрақтар | Оқытушының жауаптары |
|---|----------------------|
| <ul style="list-style-type: none">- Сабақ қалайша өтті деп ойлайсыз?- Жоспарлаған мақсаттарыңызға жеттіңіз бе? Оған қандай дәлелдер келтіресіз?- Сабақтың ең ұтымды жерлері қандай болды деп ойлайсыз? Неліктен?- Бұл сабаққа қандай өзгертулер енгізер едіңіз? Неліктен?- Сабақ тақырыбының (проблемасының) оқушылар үшін қандай маңызы бар деп ойлайсыз?- Оқушылардың бүгінгі үйренгені болашақта қалайша қажет болады деп ойлайсыз?- Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру үшін қандай әрекеттерді қолдандыңыз?- Оқушылардың белсенділігі қандай дәрежеде болды деп ойлайсыз? Неліктен?- Бүгінгі сабақтан түйген ең маңызды ойыңыз қандай болды? | |

Рахмет!

Қорытынды

Қазақстанда қазіргі кезеңдегі қоғамдық, әлеуметтік, өзгерістерге сәйкес педагогиканың теориясы мен әдістемесінің мақсаты, мазмұны мәнді өзгерістерге ұшырауда. Осыған байланысты оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар білім беру талаптарына байланысты жаңартылып отырады. Білім саясатындағы қажеттіліктен туындаған жаңа бағыттардың бірі – мұғалімнің іс-әрекетін заманауи талаптарға сәйкестендіріп жобалау. Оның негізгі миссиясы – білім алушыларға жайлы оқу ортасын құру арқылы тең мүмкіндіктер жасауды көздейді. Аталған жүйені жүзеге асыру педагог қауымынан сауатты жауапкершілікті талап етеді. Сондықтан болашақ жас маман иесі жаңартылған білім бағдарламаларын жүйелі меңгеріп, педагогтың кәсіби біліктілігіне қойылатын талаптарды негізге алып, тәжірибеде қолдана алуы қажет.

Осы мақсатта «Педагогикалық іс-әрекетті жобалау» атты оқу құралы 0100000 «Білім» бейінінің 0105000 «Бастауыш білім беру» мамандығының 010508 3 «Ағылшынша білімі бар бастауыш білім беру мұғалімі» біліктілігі бойынша модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізінде «Білім беру процесін әдістемелік қамтамасыздандыру» 08 кәсіптік модулінің 1) Педагогикалық іс-әрекеттерін жобалау, жоспарлау жолдарын меңгеру. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың әдістерін, формаларын қолдану» оқыту нәтижесінің төмендегі бағалау критерийлеріне сәйкес әзірленді:

1. Педагогиканың негізгі ұғымдарын біледі, педагогикалық-психологиялық қағидаларды негізге алады;

2. Жас ерекшеліктеріне сәйкес оқу-тәрбие процесін ұйымдастырады.

Оқу құралының бірінші модулінде бастауыш мектептегі үздіксіз білім беру контексінің мазмұны тұжырымдалып, бүгінгі педагог және білім алушы тұлғасына қойылатын талаптардың жүйесі анықталған. Сонымен қатар бастауыш мектеп мұғалімінің кәсіби стандарты нақтыланып, біліктілік паспортының үлгісі көрсетілген.

Бүгінгі таңда «жаңа тұлғаны – жаңашыл мұғалім ғана тәрбиелейді» деген түсінік әр педагогтың қызметіне жаңаша көзқараспен қарауға негіз болуы қажет. Оқу құралының екінші модулінде жаңартылған білім бағдарламаларын жүзеге асырудағы мұғалімнің жобалау іс-әрекетінің бағыттары көрсетілген. Модуль мазмұнында бастауыш сынып мұғалімі қысқа мерзімде өздігінен білім жетілдіру процесін негізге алып, жаңартылған білім бағдарламаларын зерттеу қажеттілігі айтылған. Аталған жүйе бүгінгі білім алушының қажеттілігін ескере отырып құрылғандығына әр педагог көз жеткізуі тиіс және белсенді педагогикалық іс-әрекеттің маңыздылығы тұжырымдалған.

Қазіргі таңда педагогикаға «білім алушылар қоғамдастығы» деген жаңа ұғымның енгізілуі уақыт талабы, яғни оқушылар да, мұғалімдер де өздерін «білім алушылар» деп есептеуі маңызды болып отырғандығы. Нәтижесінде педагог қауымы шәкірттерді табысты оқыту іс-әрекетіне жетелеуге түрткі болатыны анық.

Глоссарий

1. **Акмеология (acmeology)** (грек. Акме – жоғары деңгей) – адамның кемелденуін, әсіресе даму барысында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізу заңдылықтары мен механизмін зерттейтін ғылым.

2. **Авторитарлық қарым-қатынас (authoritarian interaction)** – мұғалімнің оқушылар пікірімен санаспай, қызығушылықтарын ескермей шешім қабылдауы, тек өзінің айтқанын орындауға бағытталуы.

3. **Аксиалды қарым-қатынас (axial interaction)** – ақпаратты бір адамнан екінші бір адамға жеткізу процесі (мұғалім және жеке бір оқушы арасындағы қатынас).

4. **Аксиология (axiology)** (грек тілінің «*axia*» - құндылық және «*logos*» - ілім) – құндылықтардың табиғаты жайлы және дүниедегі құндылықтар жүйесі туралы философиялық ілім.

5. **Әдіс (approach)** (гр. «методос» - метод) – ақиқатқа, шындыққа жетудің жолдары.

6. **Әдіснама (metodology)** (методология) – табиғат пен қоғам құбылыстарын зерттеуге негіз болған, әрі сол құбылыстардың теориялық түсіндірмесіне шешімді ықпал етуші философиялық бастау идеялар жиынтығы.

7. **Әдістеме (method)** (методика) – жеке пәндерді оқытудың әдіс-тәсілдерін зерттейтін педагогиканың саласы.

8. **Әлеуметтік орта (social community)** – жеке адамның мінез-құлқының дамуына ықпал жасайтын қоғамдағы әлеуметтік қатынас, адамдар, олардың көп қырлы іс-әрекеттері.

9. **Әлеуметтену (socialization)** – адамның әлеуметтік қарым-қатынастар жүйесіне енуі.

10. **Базалық құзыреттігі (basic competence)** – өзін және өз қызметін басқару қабілеті, өзін-өзі уәждемелеуге және өзін-өзі ұйымдастыруға бейімдігі.

11. **Басқару (management)** – мектеп ішіндегі психологиялық, ұйымдастырушылық және әдістемелік процестер мен қатынастарды саналы түрде реттеу.

12. **Басқару стилі (style of management)** – бұл жеке адамдарға және ұжымға әсер ететін әдістер мен тәсілдердің жиынтығы.

13. **Басқарудың авторитарлық стилі (authoritarian style of management)** – бұл әкімдікке құмар, шексіз билеуге, құрғақ беделге ие болу, басшының ролін көтеру, ұжымының мүмкіншіліктерін бағаламау. Мұндай басшы қарамағындағы қызметкерлерімен құрғақ ресми сөйлеседі, сынды көтермейді, өз пікірін зорлап міндеттейді.

14. **Басқарудың демократиялық стилі (democratic style of management)** – бұл стильмен өз жұмысын басқаратын мектеп директоры басқару міндеттерін өзара орынбасарларымен бөліседі, ұжым мүшелерінің кәсіби өсуіне жағдай жасайды, оқу-тәрбие процесін жетілдірудің негізгі жолдарын іздестіруді, жұмысты нақты жоспар бойынша істеп, ұжым

мүшелерінің қатысуымен мәселелерді шешу үшін дәлелді шешімдер қабылдайды.

15. **Басқарудың либералдық стилі (liberal style of management)** – мектеп басшысының өз қызметіне жауапкершілігінің төмендігі, кемшіліктерді көрсе де, көрмеген болуы.

16. **Белсенділік (activity)** – адамның күнделікті іс-әрекетте кездесетін міндеттерді шығармашылықпен орындай білу қабілеті.

17. **Білім (knowledge)** – табиғат пен қоғам туралы әрбір ғылым саласында жинақталған фактілер, ұғымдар, заңдылықтар жүйесі.

18. **Білім беру (education)** – қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық, мәдени және дене дамуы мен кәсіби біліктілігінің жоғары деңгейіне қол жеткізуді мақсат ететін үздіксіз тәрбиелеу мен оқыту процесі.

19. **Білім беру мазмұны (content of education)** – оқушыларды жан-жақты дамыту, ақыл-ойын, танымдық қызығушылығын қалыптастыру, еңбекке дайындау үшін белгілі типтегі мектепте оқытылатын білім мен біліктер жүйесі.

20. **Білім берудің материалдық теориясы (materialistic theory of education)** – оқытудың мақсаты ғылымның әр түрлі салаларынан оқушыларға кең көлемде білім беру.

21. **Білім берудің формальдық теориясы (formalistic theory of education)** – оқытудың мақсаты оқушылардың танымдық қабілетінің дамуы, ес, ойлау қабілеттеріне көңіл бөлу.

22. **Білім беру жүйесі (education system)** – білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын мекемелердің жиынтығы.

23. **Вербалды қарым-қатынас (verbal interaction)** – бір адамнан екінші адамға не болмаса бір топ адамдар арасындағы сөз арқылы ақпараттармен алмасу процесі.

24. **Вербалсыз қарым-қатынас (non verbal interaction)** – мимика,ым-ишара,пантомимика (дене қозғалысы, қол қимылдары) арқылы жасалатын сөзсіз қарым қатынас.

25. **Гуманизм (humanism)** – адамға деген махаббат, сүйіспеншілік, адамдар арасындағы қарым-қатынастағы мейірімділік, тұлғаны сыйлау.

26. **Дарындылық (talent)** – адамның белгілі бір іске деген айрықша қабілеттілігі, өмірдің қандай да бір саласында өзін ерекше қырынан көрсетуі.

27. **Жеке тұлға (individual)** – әлеуметтік қатынастар мен саналы іс-әрекеттің субъектісі.

28. **Инклюзив (inclusive)** – сөзі латын тілінен аударғанда «өзімді қосқанда», ал ағылшын тілінен аударғанда «араластырамын» деген мағынаны білдіреді.

29. **Инклюзивті оқыту (inclusive teaching)** – білім алу барлығына да қолжетімді деген қағидатқа негізделетін оқыту. Оқытуды оқушылардың түрлі қажеттіліктеріне, соның ішінде ерекше қажеттіліктеріне бейімдеу.

30. **Инновация (innovation)** – ағылшын сөзі, жаңалық деген мағынаны білдіреді. Оқыту мен тәрбиенің тәсілдері, түрлері, мақсаты мен мазмұнына

мұғалім мен оқушылардың бірлескен оқу қызметін ұйымдастыруға жаңалық енгізу.

31. **Интербелсенді қарым-қатынас (interactive communication)** – адамдардың өзара тығыз әрекетте болуларын, тығыз байланыста, көпшілік ішінде жұмыс істей алуға бейімделуіне бағытталған қарым-қатынас.

32. **Кәсіби құзыреттігі (professional competence)** – маманның білім, біліктілік және дағдылар, сонымен қатар, кәсіби қызметті тиімді орындауға мүмкіндік беретін жеке қасиеттерінің негізінде кәсіби міндеттерінің жиынтығын шешу қабілеті.

33. **Креативтілік (creativity)** (лат. creatio – жасау) – адамның шығармашылық даму деңгейі, шығармашылық қабілеті.

34. **Критерийлік бағалау (criterion score)** – білім беруу процесінің барлық қатысушыларына білім берудің мақсаттары мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу-танымдық құзыретінің қалыптасуына ықпал ететін критерийлері бар, ұжымдық түрде орындалған, анық айқындалған оқушылардың оқу жетістіктерінің салыстырмалы талдауына негізделген процесс.

35. **Күнделікті жоспарлау (daily planning)** – мұғалімнің бір сабаққа тиянақты дайындығы.

36. **Қабілет (ability)** – адамның белгілі бір іс-әрекет түріне икемділігі.

37. **Қарама-қайшылық (contradiction)** – педагогикалық процестің қозғаушы күші.

38. **Қарым-қатынас (intercation)** – біріккен іс-әрекет қажеттілігін туғызатын, адамдар арасындағы байланыстың дамуын орнататын күрделі, көп жоспарлы процесс.

39. **Құзыр (competence)** (лат. competentia - компетенция) – қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау.

40. **Құндылық (value)** – кез келген индивид, топ, ұжым, этнос, т.б. үшін өмірлік маңызы жоғары материалдық немесе рухани нысаналар.

41. **Мақсат (aim)** – алда орындалатын әрекет нәтижесінің айқын бейнесі. Адамның алдына қойған мақсаты әрдайым дәлелді себептерден, яғни, түрткілерден тұрады. Әрекет барысында түрткілер мен мақсат-міндеттер өзара байланысты, бір-бірімен алмасып, өзгеріске түсіп отырады.

42. **Мониторинг (monitoring)** – ағылшын тілінен аударғанда «үздіксіз қадағалау» дегенді білдіреді.

43. **Мотив (motive)** – Адамды әрекетке бағыттайтын, қажетін өтеуге талаптандыратын түрткі (себеп).

44. **Оқыту диагностикасы (teaching diagnostics)** – қандай да бір жүйенің күйін сипаттайтын белгілерді нақтылау және үйрету кезіндегі мүмкін ауытқуларды айту, олардың жұмыс режимінің бұзылуының алдын алу жолдарын айқындау.

45. **Оқытудағы зерттеу әдісі (study methods in teaching)** – оқушыларды айналадағы құбылыстарды бақылап, ондағы заңдылықтарды тануға, өздігінен қорытынды жасай білуге үйретуде зерттеу элементін

қолдану. Оқушының белсенділігін, қызушылығын қалыптастырып, оның ойын дамытуға, өздігінен ізденуге бағытталады.

46. **Педагогика (Pedagogy)** – гректің «*paída*» - бала, «*qoqik* – жетектеу» деген сөздерінен шыққан. **Педагогика** – жалпы адам тәрбиесі жайлы ғылым.

47. **Педагогикалық импровизация (pedagogical improvisation)** (лат. *improvisos*-күтпеген, кенеттен) – педагогикалық қарым-қатынас барысында мұғалімнің, тәрбиешінің алдын-ала ойластырылмай жүзеге асырылатын әрекеті. Педагогикалық импровизацияның мақсаты – оқыту мен тәрбиелеудің нақты жағдайларда жаңа шешімін табу. Кенеттен туындаған педагогикалық міндетке тез және икемді жауап беру – педагогикалық импровизацияның мәнін құрайды.

48. **Педагогикалық шығармашылық (pedagogical creativity)** – оқу-тәрбие процесінің үнемі өзгеріп тұратын жағдайларында балалармен қарым-қатынаста оқытушының оңтайлы және ұтымды педагогикалық шешімдер тауып, жүзеге асыруы.

49. **Педагогикалық процесс (pedagogical process)** – ұстаздардың белсенді араласуымен және басшылығымен жүретін, оқушылардың мәдени байлықтарды меңгеруге және оларды еңбекке, қоғамдық өмірге дайындаудағы бірлескен іс-әрекеттер. «Педагогикалық процесс» терминін енгізген П.Ф.Каптерев (XIX ғ. екінші жартысы).

50. **Педагогикалық менеджмент (pedagogical management)** – оқу-тәрбие және оқу-танымдық процестің тиімділігін арттыруға бағытталған, оны басқарудың принциптері, әдістері, формалары мен технологиялық құралдарының кешені.

51. **Педагогикалық такт (teaching tact)** – педагогтың балалармен қарым-қатынас кезінде сақтауы тиіс шаралар принципі.

52. **«Принцип» (approach)** – латын сөзі, қазақша мағынасы ереже, талап дегенді білдіреді.

53. **Процесс (process)** (лат. «*processus*») – алға қозғалу дегенді білдіреді.

54. **Профессиограмма (professiogram)** – маманның кәсіби даярлығына қойылатын талаптар жүйесі; мұғалімнің, оқытушының, сынып жетекшісінің, педагогтың идеалды үлгісі, эталоны, моделі.

55. **Педагогикалық парадигма (pedagogical paradigm)** – нақты педагогикалық міндеттерді шешудегі үлгі, стандарт, модель ретінде ұстанатын, негізгі қалыптасып қалған ғылыми жетістіктер, әдістер, теориялар, көзқарастар жүйесі.

56. **Реферат (report)** – белгілі бір тақырып бойынша бір немесе бірнеше әдебиеттердің мазмұнын жазбаша түрде жеткізу.

57. **Рефлексия (reflection)** – адамның өзін-өзі зерттеуі, түсінуі, өзін басқалардың қалай қабылдайтыны жайлы өзін бағалауы.

58. **Суммативті бағалау (summative assesment) (бұдан әрі – СБ)** – нәтижелерді жіктеу мен тіркеу, сертификаттау және қайта сертификаттау үшін оқыту қорытындыларын жүргізу мақсаты болып табылатын бағалау.

59. **Тану (cognize)** – бұл білімді тауып және игеруді қамтамасыз ететін психикалық процесс.

60. **Тәрбие (training)** – тар мағынада – мұғалімнің, тәрбиешінің ата-аналармен бірігіп, мақсатты түрде жүргізетін тәрбие жұмыстары. Кең мағынада, тәрбие деп табиғат және әлеуметтік ортаның, мектеп пен ата-аналардың, бүкіл бұқараның тұлғаның дамуы мен қалыптасуына ететін ықпалын айтады.

61. **Технология (technology)** - «техно» - өнер, шеберлік, «логос» - ғылым деген сөздерден құралған.

62. **Теория (theory)** – таным процесінің нәтижесі.

63. **Теориялық білім (theoretical knowledge)** – белгілі бір педагогикалық құбылысты талқылауға, қолдануға және түсіндіруге бағытталған ғылыми көзқарастар, түсініктер, идеялар жинағы.

64. **Тұлға (personality)** – дербес әрекет ететін субъект ретіндегі нақты жеке адам болмысының қайталанбас ерекше әдісі, адамның қоғамдық өмірінің дара нысаны.

65. **Ұжым (collective)** – (лат. «коллективус» - топ, жиын) көзделген мақсатқа жету жолында ұйымшылдық пен мақсаттылық іс-әрекетімен сипатталатын адамдардың тұрақты тобы.

66. **Ұжымдық-шығармашылық іс (collective-creative deal)** – оқушылар алдына қойған мақсатты орындауда бірігіп ізденеді, жоспарлайды, ұйымдастырады.

67. **Ұғым (category) (категория)** – объективтік құбылыстарды, қасиеттерді және қатынастарды бейнелейтін ойлау формасы.

68. **Ұлттық тәрбие (patriotic training)** – жеке тұлғаның сана-сезімі мен мінез-құлқының ана тілі, ұлтының тарихы мен мәдениетін, ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде қалыптасуы мен дамуы.

69. **Үздіксіз бақылау (constant control)** – оқу-тәрбие процесінде үзіліссіз жүргізіледі.

70. **Үлгі-өнеге (referent)** – еліктеуге негізделген тәрбие әдісі.

71. **Фактор (factor)** – әсер ететін күштер. Тұлғаның дамуына әсер ететін факторлар ішкі (тұлғаның өз белсенділігі, іс-әрекеті) және сыртқы (орта, тәрбие) болып бөлінеді.

72. **Шығармашылық (creation)** – жаңа сапалы материалдық және рухани құндылықтарды жасаудағы адамның іс-әрекеті.

73. **Іс-әрекет (action)** – адамның айнала қоршаған ортаға қарым-қатынасын белсенді түрде білдіретін форма. Іс-әрекеттің үш түрі бар: ойын, оқу, еңбек.

74. **Іскерлік (skill)** – алған білім негізінде оқушылардың практикалық әрекетті орындай алу бейімділігі.

75. **Формативті бағалау (formative assessment) (бұдан әрі – ФБ)** – оқытуды жетілдіру үшін тыңдаушылар мен процестің басқа қатысушыларын қажетті ақпаратпен қамтамасыз ететін ағымдағы бағалау

76. **Эвристика (heuristics)** (грек. *Heurisco* – іздеймін, ашамын) – жаңалық ашу процесінде қолданылатын арнайы әдістер.

77. **Эксперимент (experiment)** (лат. *Experimentum* – тәжірибе, сынау) – ғылыми мәнде жасалған тәжірибе; тәжірибе жүзінде бақылауды іске асыру.

78. **Эксперименттік педагогика (experimental pedagogics)** – психология мен педагогикадағы баланы жан-жақты зерттеу және педагогикалық теорияны эксперименттік жолмен негіздеу мақсатын көздейтін бағыт. XIX ғасырдың аяғында балаларды білу үшін зерттеушілік экспериментті қолдануға болатыны дәлелденген кезде пайда болды. «Э.п.» терминін XX ғасырдың басында Э.Мейман ұсынған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әбенбаев С., Әбиев Ж. Педагогика. Оқу құралы. - Астана: Фолиант, 2009. -336 б.
2. Бабаев С.Б., Оналбек Ж.К. Жалпы педагогика: оқулық. - Алматы: «Nurpress», 2011. - 228 б.
3. Берикханова А.Е. Педагогикалық мамандыққа кіріспе. Кәсіби құзыретті педагогтарды даярлау негіздері. Оқу құралы. - Алматы, 2009 ж. 240 бет.
4. Введение в педагогическую профессию: Учебное пособие для студентов пед. специальностей./ Хан Н.Н., Каляева С.И., Жексенбаева У.К., Колумбаева Ш.Ж., Каляева Г.И., Берикханова А.Е./ - Алматы, 2010 243 б.
5. Подласый И.П. Педагогика в 2 т.: учебник для академического бакалавриата. / И.П. Подласый. - М.: Издательство Юрайт, 2015.
6. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. - Астана: Ақорда, 2007. - №319-111 КРЗ. www.edu.gov.kz.
7. Навий Л. Тұлға теориясы. Оқу құралы. - Көкшетау, 2017. -126 б.
8. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. 04.07.2018 ж. №171-VI .
9. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008.
10. Климов Е.А.. Психология профессионального самоопределения. – М: Академия, 2004.
- 11.«Мұғалімге арналған нұсқаулық» «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015.
12. Батанасова Б.Е.«Педагогика пәнін оқытуды ұйымдастырудың жолдары» көмекші оқу құралы, 2014.
13. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық тұлға дамуының сапалық критерийі // Білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі: Халықаралық ғыл. -практ. конф. материалдары. — Алматы: ББЖ КБАРИ, 2008.
14. Педагогтің кәсіби стандарты. 08.06.2017.
15. «Модульдік-құзыреттілік тәсілдеме негізінде әзірленген техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыру» нұсқаулығы Астана, 2017.
16. Бөрібеков Қ.Қ., Далабаев Ж.Қ.«Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу/ әдістемелік құрал. – Астана: «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ, 2015.
17. Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық: Оқу-әдіст. құрал /«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ /О.И.Можаева, А.С.Шилибекова, Д.Б.Зиеденованың редакциясымен. - Астана, 2016.
- 18.Жобалау және зерттеу қызметі негізінде 12 жылдық білім беру жағдайында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013.

- 19.Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану. Оқу құралы. – Алматы, 2015.
20. Тәрбие теориясы мен әдістемесі. С.Ш.Әбенбаев –Алматы, 2004.
21. Сынып жетекшісі. С.Ш.Әбенбаев Алматы, 2003.
- 22.Тұлғалық педагогика. С.Б.Бабаев Алматы, 2013.
- 23.Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері. – Астана: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015.
24. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы». А., 2010 ж.
25. Инклюзивное образование в России. ria.ru сайты.
- 26.Студентке арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015.
- 27.Үлестірме материалдар. Бірінші «Бетпе-бет» кезеңі.
28. Сауат ашу. 1-бөлім. Жалпы білім беретін мектептің 1-сыныбына арналған оқулық / Ә.Е. Жұмабаева, Г.И. Уайсова, Г.Т. Сәдуақас, М.Н. Оспанбекова – Алматы:Атамұра, 2016.
29. Сауат ашу. Оқыту әдістемесі. 1-бөлім. Ә.Е. Жұмабаева, М.Н. Оспанбекова. – Алматы: Атамұра, 2016.

БАТАНАСОВА Б.Е., НАВИЙ. Л
САБИТОВА Т.Б., УТЕЛЬБЕКОВА Ш.С.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТІ ЖОБАЛАУ

Басуға 10.12.2018 ж. қол қойылды
Пішімі 60*84 1/8
Цифрлық баспа
Шартты басп.т. 14,7. Таралымы 32 экз.

«Профи Полиграф» компаниясында басылған